осы**дан** ….. бұрын – ezelőtt; осы**дан** бір апта бұрын – egy héttel ezelőtt

Осы**дан** кейін Қайнарды ешкім көрмеді. *Kajnart ezután senki sem látta.*

Стадион осы**дан** 5 жыл бұрын ашылды. *A stadion 5 évvel ezelőtt nyílt meg.*

Қазақтың отбасы туралы мақал-мәтелдері – *Kazak szólások és közmondások a családról*

Қазақта «Әке – асқар тау, ана – мөлдір бұлақ, бала – жасыл құрақ» деген сөз бар.

A hagyományos családi szerepekkel kapcsolatos mondás:» *Az apa magas hegy (erős támasz), az anya tiszta forrás, a gyermek zöld nádszál».*

Жеті атасын білмеген – жетесіз. *Aki nem ismeri hét ősét, az tudatlan /nem nemes származású* (Aki nem ismeri ősei nevét hetedízig, az tudatlan vagy törvénytelen származású)

Ата – бәйтерек, бала – жапырақ. *A nagyapa nyárfa, a fiú, falevél.*

Атадан – өсиет, анадан – қасиет. – *A (nagy)apától az erkölcsi oktatás, az anyától a méltóság.*

Жақсы қатын – ырыс, жаман қатын – ұрыс.

A jó feleség boldogság, a rossz feleség veszekedés.

Жақсы қатын жаман еркекті адам етеді. *A jó feleség a rossz férfiból embert csinál.*

Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар.

Az a ház, ahol gyerek van, bazár, az a ház, amelyikben nincs gyerek, temető.

Ағасы бардың жағасы бар. *Akinek van bátyja, annak van gallérja (védelmezője)*

Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сіңлі өсер. *Bátyját nézve nő fel az öcs, nővérét nézve nő fel a húg (az öcs a bátyjáról vesz példát, a húg pedig a nővéréről).*

Інісі бардың тынысы бар; ағасы бардың ырысы бар.

Akinek öcse van, annak van egy kis pihenése, akinek bátyja van, annak van boldogsága (mert van támasza)

Ағайынның азары болса да, безері болмас.

Ha a rokonnak van is sérelme, nincs benne utálat (Még ha van is viszály a rokonok között, nem fordulnak el egymástól)

Абысын тату болса, ас көп; ағайын тату болса, ат көп. *Ha a sógornőd békés, sok az étel, ha a rokonod békés, sok a ló (Ha a fiútestvérek feleségei békések /egyetértőek, akkor sok az étel, ha a rokonok békések, akkor sok a ló).*

бәйтерек – nyárfa, (átvitt értelemben) támasz, védelmező
тыныс – lélegzés, lélegzetvétel, pihenő, egy kis pihenés
өсиет – végrendelet, végakarat
қасиет – jó tulajdonság, önérzet, méltóság, érték
қатын – férjes asszony, feleség, idősebb nő
өсиет – végakarat, végrendelet, erkölcsi tanítás
қасиет – sajátosság, tulajdonság, jó tulajdonság, önérzet, méltóság
ырыс – gazdagság, bőség, boldogság
азар – szorongatás, sértés, megbántás
безер – mintázat, makacs, utálat
абысын – sógornő, az idősebb testvér vagy annak közeli rokonának a felesége
тату – megkóstol, békés, baráti, egyetértő, összehangolt
ырыс − gazdagság, bőség, boldogság
ұрыс – veszekedés, civakodás
жанжал – botrány
мазар – temető, sír, síremlék
жаға – gallér
өсу – nő, felnő
тыныс – lélegzés, szünet, rövid pihenő
ағайын – rokon, rokonság, barátok
азар − szorongatás, sértés, megbántás
безер − mintázat, makacs, utálat
тату − megkóstol, békés, baráti, egyetértő, összehangolt
ас – étel, élelem
өтініш – kérvény
хабарлама – SMS

ОНЫНШЫ САБАҚ - TIZEDIK LECKE

Шаңырақ − Otthon

Лексика: Үй, пәтер, бөлме жиһазы. Кім үйде не істейді? Мамандық түрі. Үйге қатысты мақал-мәтел, жұмбақтар.

Грамматика: Нақ осы шақтың күрделі түрі. Төрт қалып етістік. Зат есімнен зат есімнің жасалуы (мамандық атаулары). Бұл қайда? – Күрделі предикаттылық (есім-етістік) арқылы болымсыз мағынаның берілуі. Етістіктің болымды-болымсыз категориясы.

Lexika: Ház, lakás, szobabútor. Ki mit csinál otthon? Foglalkozásfajták. Házzal kapcsolatos kazak szólások és közmondások. Találós kérdések

Nyelvtan: Hol lévő? (Қайдағы?) Az összetett jelen idő. A 4 alapige. Főnévből főnév képzése (a foglalkozásnevek képzői). Az összetett (igei-névszói) állítmány tagadása: емес tagadószó használata.

Қайда тұрасыз? – Ön hol lakik?

− Қайда тұрасыз?
− Қаланың ортасында. Ал сіз ше?
− Мен жер үйде тұрамын.
− Ал сіз қандай үйде тұрасыз?
− Көп қабатты үйде тұрамын.
− Көп қабатты панель үйде ме, әлде кірпіш үйде ме?
− Сіздің пәтеріңіз нешінші қабатта?
− Үшінші қабатта.
− Үйде жеделсаты барма?
− Өкінішке қарай, (жеделсаты) жоқ.
− Пәтеріңіз неше бөлмелі?
− Төрт бөлмелі.
− Сол пәтерде қанша адам тұрады?
− Күйеуім, ұлым, қызым және мен, яғни пәтерде төртеуіміз тұрамыз.
− Сіздің пәтеріңіз жайлы ма?
− Иә, біздің пәтеріміз ыңғайлы және жарық, үлкен балконымыз да бар. Үйіңізде бақша бар ма?
− Біз бақшасы бар жер үйде тұрамыз.
− Керемет! Үйіңіз неше бөлмелі?
− Бес бөлмелі.
− Үйіңізде қандай бөлмелер бар?
− Біздің бөлме, балалар, қонақ және жұмыс бөлмелері бар.
− Үйіңіз неше шаршы метр?
− Жүз отыз шаршы метр.
− Қандай әдемі, әрі үлкен үй!
− Өзімізге де ұнайды

A házzal és lakással kapcsolatos szavak és kifejezések

шаңырақ	A kazakoknál a jurta tetőkarikája, füstnyílása, ami átvitt értelemben otthont, néha családot is jelent

пәтер	lakás
терезе	ablak
есік	ajtó
Қайда тұрасыз?/Қайда тұрасың тұрасың?	Hol lakik? / Hol laksz?
қаланың ортасында	a városközpontban
жер үйде	a kertvárosban
қаланың шетінде	a város szélén
Қай үйде тұрасыз?	Milyen házban lakik?
көп қабатты панель үй отбасылық үй жер үй	többemeletes panelház családi ház kertes ház
қазыналық үй	állami tulajdonú ház
қабат	szint, emelet
бір қабатты үй екі қабатты үй	egyszintes ház kétszintes ház
Сіздің пәтеріңіз қандай?	Melyik szinten van a lakása?
Үшінші қабатта	A 3. szinten (magyarul a 2. emeleten!)
жеделсаты/лифт	lift
жайлы ыңғайлы	kényelmes kényelmes
екі қабатты отбасылық үй	kétszintes családi ház
бақша/бақ	kert
Сіздің үйіңізде бақша бар ма?	Az önöké kertes ház?
Иә, шағын бақ бар.	Igen, van egy kis kert.
шағын	kicsi, nem nagy
Үйіңіз/пәтеріңіз неше бөлмелі?	Hány szobás a háza / lakása?
екі бөлмелі	kétszobás
ұнайды	tetszik
біреуге ұнайды	tetszik valakinek
аумақ	nagyság, mérték, lépték, terület
Аумағы қанша?	Mekkora a területe? (Hány négyzetméteres?)
шаршы метр	négyzetméter
Мұнда кімдер тұрады?	Itt kik laknak?
Бұл пәтерде төртеуіміз тұрамыз	Négyen lakunk ebben a lakásban.
үлкен бөлме	nagy szoba
жатын бөлмесі	hálószoba
қонақ бөлмесі	nappali, vendégszoba

босаға	a küszöb közelében lévő hely,
балалар бөлмесі	gyerekszoba
жұмыс бөлмесі	dolgozószoba
ас ішетін бөлме	étkező
ас үй	konyha
ауыз үй	előszoba
жуынатын бөлме	fürdőszoba
қойма	kamra
дәретхана	WC / mosdó
дәліз /коридор	folyosó
Дәретхана бос па?	Szabad a vécé?
жарық	világos
қараңғы	sötét
жиһаз	bútor
асүй жиһазы	konyhabútor
бөлме жиһазы	szobabútor
плита /ошақ	tűzhely, kályha
газ плитасы/электр плитасы	gáztűzhely / villanytűzhely
жылыту	melegít
су жылыту	vizet melegít
Орталықтандырылған жылу	központi fűtés
еден	padló
еденнен келетін жылу	padlófűtés
Электр арқылы жылыту	elektromos fűtés
Біз үйді газ конвектормен/ радиа-тормен жылытамыз.	Mi a házat gázkonvektorral / radiátorral fűtjük.
кондиционер/ауа баптағыш	légkondicionáló
киім ілгіш	ruhaakasztó, vállfa
айна	tükör
ванна	kád
ваннаға отыру	beülni a kádba
диван	dívány, pamlag
төсек /кереует	ágy
үстел	asztal
орындық(тар)	szék(ek)
кресло	fotel
шкаф(тар)	szekrény(ek)

киімге арнадған шкаф	gardróbszekrény
теледидар	televízió
шам	lámpa
кілем(дер)	szőnyeg(ek)
сурет	kép
тоңазытқыш	hűtőszekrény
мұздатқыш	fagyasztó
ыдыс жуатын (машина)	mosogatógép
микропеш	mikrohullámú sütő
кір жуғыш	mosógép
ас үйдегі қоқыс жәшігі	konyhai szemetes kuka
қоқыс	szemét
лақтыру	dob

Бұл оған ұнамады − ez nem tetszett neki
Бұл маған ұнайды − ez tetszik nekem
Маған сіздің үйіңіз ұнайды. – Nekem tetszik az Ön háza.

10.1.Gyakorlat

Tegyen fel kérdéseket a táblázat szavaival és adjon rájuk állító és tagadó választ is, majd fordítsa le magyarra a mondatokat!

Маған	балалар бөлмесінің жиһазы	ұнайды ма? (tetszik?) қолайлы ма? (megfelel?) жайлы ма? (kényelmes?)
Саған	жаңа ас үй жиһазым	
Сізге	менің парсы (perzsa) кілемім	
Оған	ас үйдегі электроплита	
Бізге	әкемнің жайлы орындығы	
Сендерге	ағамның отбасылық үйі	
Сіздерге	қонақ бөлмесіндегі төсек	
Оларға	оныншы қабаттағы пәтер	

Маған бөлме ұнайды.	Маған бөлме ұнамайды.

Қайдағы? – Hol lévő?

-да-ғы/ -де-гі / -та-ғы/ -те-гі – valahol lévő	үстелде-гі кітап бөлмеде-гі мысық	az asztalon lévő könyv a szobában lévő macska
	сөздіктегі сөздер табақтағы тоқаш шкафтағы көйлек	a szótárban lévő szavak a tányérban lévő pogácsa a szekrényben lévő ruha
	үстелдің астындағы тінтуір	az asztal alatt lévő egér

	үстелдің үстіндегі ойындар үйдің артындағы бақша қарама қарсыдағы адам сөмкедегі дәптер	az asztalon lévő játékok a ház mögötti kert a szemben lévő ember a táskában lévő füzet

-да / -де a helyhatározó eset ragja + ғы/-гі időrag

10.2. Gyakorlat

Egészítse ki a szavakat a -дағы/-дегі,-тағы/-тегі megfelelő alakjával és fordítsa le magyarra az így kapott szókapcsolatokat!

фильм……. диалог
ағаштың артын…….. бала
өзен……. балық (өзен – folyó)
қала үстін…….. бұлт (felhő)
кереует үстін…….. сөре (polc)
сорпа…… ет
мектеп алдын…….. лагерьлер (táborok)
баланың қолын…….. ойыншық

көздерің …….. нұр (fény)
аузың …….. қант
бірінші қабат …… көрме (kiállítás)
сөмкем…… ақша
Қазақстан…….. шетелдіктер (külföldi)
үйдің артын…… тұрақ (parkoló)
аттың арқасын…….. жүк

10.3. Gyakorlat

Válaszoljon a következő kérdésekre!

– Сенің үйің қандай? Жер үй, әлде көпқабатты үй ме?
– Ол қанша шаршы метр?
– Үйіңде (пәтеріңде) қандай бөлмелер бар?
– Өз бөлмеңіз бар ма?
– Ал сіздер қандай үйде тұрасыздар?
– Үйіңіз неше бөлмелі?

10.4. Gyakorlat

Írja be a szavakat a megfelelő oszlopokba! Melyik tárgy melyik helyiségbe való?

теледидар, газ плитасы, төсек, микропеш, жуынатын бөлме, бөлме жиһазы, ыдыс жуатын машина, кілем, үстел, орындық, киім ілгіш, кір жуатын машина, гардероб, тоң азытқыш, айна, кресло

Ас үй	Жуынатын бөлме	Жатын бөлмесі	Дәліз

Үйде кім не істейді? - Ki mit csinál otthon (általában)?

Ас үйде анаң не істейді? Mit csinál az anya a konyhában általában?

таңғы ас жасайды	reggelit készít
шай /кофе дайындайды	teát / kávét főz
түскі ас дайындайды	ebédet főz
кешкі ас дайындайды	vacsorát főz
тамақты жылытады	ételt melegít
ыдыстарды жуады	mosogat

Бөлмеде әкей не істейді? Mit csinál az apa a szobában általában?

Компьютерде жұмыс жасайды	számítógépen dolgozik
Интернетте отырады	internetezik
Теледидардан футбол жарысын тамашалайды.	futballmeccset néz a tévében
Ұялы телефонмен сөйлеседі	mobiltelefonon beszélget
Кітап оқиды	könyvet olvas
Жатып демалады	fekszik és pihen

Балалар өз бөлмесінде не істейді? Mit csinálnak a gyerekek a szobájukban általában?

Олар интернетте ойнайды.	játszanak az interneten
Ұялы телефонмен достарымен сөйлеседі	a mobiltelefonjukon beszélgetnek a barátaikkal
Сабақ оқиды.	tanulnak
Үй тапсырмасын орындайды.	házi feladatot írnak
Алысып ойнайды/айқайлайды.	veszekednek / kiabálnak

Жуынатын бөлмеде отбасы мүшелері не істейді?
Mit csinálnak a családtagok a fürdőszobában általában?

Душқа түседі	zuhanyzik
Шашын жуады	hajat mos
Тістерін тазалайды	fogat mos
Таранады	fésülködik

Az összetett jelen idő

Az összetett jelen időt az adott pillanatban játszódó cselekvés kifejezésére használjuk, amikor a *тұр, жүр, отыр, жатыр* igék által kifejezett cselekvéseken kívül bármely más cselekvést akarunk leírni, pl. olvasni, beszélgetni, stb. Ebben az esetben a **тұру, жүру, отыру, жату (жатыр)** alapigék (қалып етістік) segédigévé válnak. Az összetett jelen idő általános sémája:

1. Мен Біз	igető +	-ып / -іп / -п + тұр, жүр, отыр, жатыр +	-мын/-мін
			-быз / -біз
2. Сен Сендер Сіз Сіздер			-сың /-сің
			-сыздар / -сіздер -сыңдар / -сіңдер
3. Ол Олар			–

A jelentést hordozó ige főnévi igenévi alakjából levágjuk az ‘y’ végződést és az -ып/-іп/-п toldalékok egyikét illesztjük az igetőhöz, ezt követi a segédige 1-es típusú személyraggal. Kemény szóhoz -ып (жаз-ып) lágy szóhoz -іп (кес-іп) , magánhangzóra végződő szóhoz pedig -п (тыңда-п) toldalék járul.

Ugyanahhoz az igéhez a helyzettől függően különböző segédigék járulhatnak.

Мен	Én beszélek	Біз	Mi hallgatunk	Ол	Ő olvas
	сөйлеп тұрмын		тыңдап тұрмыз		оқып тұр
	сөйлеп жүрмін		тыңдап жүрміз		оқып жүр
	сөйлеп отырмын		тыңдап отырмыз		оқып отыр
	сөйлеп жатырмын		тыңдап жатырмыз		оқып жатыр

Ha gondot okoz a megfelelő segédige kiválasztása, az esetek nagy részében a жатыр segédige használható.

A jelentést hordozó ige szemantikai tartalmától függően a segédige kifejezheti:

− az alany helyzetét;

− a cselekvés tartósságát és jellegét.

1. A segédige jelzi az alany testhelyzetét a cselekvés végrehajtása során.

Тұр	állva	Олар балмұздақ жеп тұр. *Ők fagylaltot esznek.*
жүр	mozgásban	Орманда серуендеп жүрмін. *Az erdőben sétálok (mozgásban vagyok)* Жігіттер қазір футбол ойнап жүр. *A srácok most fociznak.*
отыр	ülve	Біз американдық фильм көріп отырмыз. *Egy amerikai filmet nézünk.*
жат(ыр)	fekve	Бала жақсы ұйықтап жатыр. *A gyerek jól alszik. A fenti 4 segédige nem minden esetben az alany testhelyzetét fejezi ki.*

✓ A 4 segédige kifejezi a jelentést hordozó ige által jelölt cselekvés időtartamát, folyamatosságát vagy megszakításokkal történő végrehajtását.

Төрт қалып етістік – A négy alapige

A kazak nyelvben 4 különleges ige van, amelyeket **қалып етістік**-nek, azaz alapigének

neveznek (a қалып етістік szó szerint “klisé igét jelent): *отыр* – ül, *тұр* – áll, *жүр* – jár, *жат(ыр)* – megy (folyamatban).

Az összetett igében amikor az állapotot kifejező 4 alapige segédige szerepét tölti be, akkor *folyamatban lévő, tartós* cselekvésre utal:

жат(ыр) – Tartósságot, állandóságot fejez ki. Akkor használjuk, amikor azt akarjuk közölni, hogy a cselekvés folyamatban van, hogy az alany általában ezzel foglalkozik, de lehet, hogy ebben a pillanatban épp nem azt csinálja. Pl.: Балаларың қайда?

Қызым өз бөлмесінде музыка тыңдап жатыр. Ал кішкентай ұлым басқа бөлмеде легомен ойнап жатыр. *A lányom a szobájában zenét hallgat. A kisfiam pedig a másik szobában legózik (legóval játszik).*

Időjárási jelenség esetében is használható: Қар жауып жатыр. *Hull a hó.*

жүр – tartós, megszakításokkal zajló, jelen idejű cselekvés leírására szolgál.

Жазушы бір үлкен роман жазып жүр. – *Az író egy nagy regényt ír.*

Ол *жұмысқа күнде барып жүр* – Ő minden nap munkába megy.

отыр – az adott pillanatban zajló cselekvés kifejezésére használjuk, ezért hosszan tartó cselekvés esetén nem jöhet szóba. *Csak élőlény* lehet e cselekvés végrehajtója!

Мен кітап оқып *отырмын*. – *Könyvet olvasok.* (most)

Болатхан тамақ ішіп отыр. – *Bolathan eszik.* (most).

Мысық жуынып отыр. – *A macska mosdik.*

тұр – Kifejezhet adott pillanatban zajló vagy hosszabb ideig tartó cselekvést is. A cselekvés ismétlődését is magában foglalja. *Nemcsak emberek* esetében használható.

жаңбыр жауып тұр – esik az eső (az adott pillanatban)

көптен бері жаңбыр жауып тұр – régóta esik az eső (tartós cselekvés)

жел соғып тұр – fúj a szél

Ezekben a mondatokban nem használható az отыр, mert az csak emberre vonatkozhat.

Ол маған қарап тұр. Engem néz.(éppen most)

Сен маған келіп тұр. Gyere el hozzám (rendszeresen).

Vö.: алып жүр − időnként kap
алып тұр − mindig, egyfolytában kap

Tagadás. A tagadó alakot kétféleképpen képezhetjük.

1. A -ба/-бе, -па/-пе, -ма/-ме tagadó szócskákkal, amelyek a jelentést hordozó igéhez kapcsolódnak, majd egy й hang következik. A segédige állító alakban marad..

nem ír	жаз-ба	
nem nyit	аш-па	
		+ й
nem ugrik	секір-ме	
nem vág	кес-пе	

Сен жазбай отырсың . – Nem írsz.

Ол ішпей отыр. – Ő nem iszik.

Бала ұйықтамай жатыр. – A gyerek nem alszik.

Ол жауап бермей тұр. – Ő nem válaszol.

Мен естімей тұрмын. – Nem hallok.

2. A segédigék -ған/-ген, -қан/-кен ragot kapnak: тұрған, жүрген, отырған, жатқан, az 1-es típusú személyragok pedig a жоқ tagadószóhoz járulnak.

Pl.: Сен жазып отырған жоқсың. – Nem írsz.
Ол ішіп отырған жоқ. – Ő nem iszik.
Олар менімен сөйлесіп жатқан жоқ. – Ők nem beszélgetnek velem.

Kérdő mondatokban: Az összetett jelen idő kérdő mondatokban
a. Kérdő névmásokkal:
Сіз не іздеп жүрсіз? – Mit keres (ön)?
Неге кешігіп жатырсың? – Miért késel (ennyit)?
Не пісіріп жатырсың? – Mit főzöl (éppen most)?

b. Kérdőszócskával:
Сен мені сағынып жүрсің бе? – Vágysz utánam? / Hiányzom neked?
Сен мені естіп тұрсың ба? – Hallasz engem?
Стадион жаққа дұрыс бара жатырмын ба? – Jó irányban megyek a stadionba?

Táblázatok példákkal

	írok	lát	játszik	felvesz
	жазу	көру	ойнау	қою
Мен	жазып отырмын	көріп тұрмын	ойнап жүрмін	қойып жатырмын
Біз	жазып отырмыз	көріп тұрмыз	ойнап жүрміз	қойып жатырмыз
Сен	жазып отырсың	көріп тұрсың	ойнап жүрсің	қойып жатырсың
Сендер	жазып отырсыңдар	көріп тұрсыңдар	ойнап жүрсіңдер	қойып жатырсыңдар
Сіз	жазып отырсыз	көріп тұрсыз	ойнап жүрсіз	қойып жатырсыз
Сіздер	жазып отырсыздар	көріп тұрсыздар	ойнап жүрсіздер	қойып жатырсыздар
Ол, Олар	жазып отыр	көріп тұр	ойнап жүр	қойып жатыр

Tagadás kétféleképpen

	nem ír	nem ír
	жазу (1)	жазу (2)
Мен	жазбай отырмын	жазып отырған жоқпын
Біз	жазбай отырмыз	жазып отырған жоқпыз
Сен	жазбай отырсың	жазып отырған жоқсың
Сендер	жазбай отырсыңдар	жазып отырған жоқсыңдар
Сіз	жазбай отырсыз	жазып отырған жоқсыз
Сіздер	жазбай отырсыздар	жазып отырған жоқсыздар
Ол /Олар	жазбай отыр	жазып отырған жоқ

nem lát	
көру (1)	көру (2)
көрмей тұрмын	көріп тұрған жоқпын
көрмей тұрмыз	көріп тұрған жоқпыз
көрмей тұрсың	көріп тұрған жоқсың
көрмей тұрсыңдар	көріп тұрған жоқсыңдар
көрмей тұрсыз	көріп тұрған жоқсыз
көрмей тұрсыздар	көріп тұрған жоқсыздар
көрмей тұр	көріп тұрған жоқ

nem játszik		
	ойнау 1)	ойнау (2)
Мен	ойнамай жүрмін	ойнап жүрген жоқпын
Біз	ойнамай жүрміз	ойнап жүрген жоқпыз
Сен	ойнамай жүрсің	ойнап жүрген жоқсың
Сендер	ойнамай жүрсіңдер	ойнап жүрген жоқсың дар
Сіз	ойнамай жүрсіз	ойнап жүрген жоқсыз
Сіздер	ойнамай жүрсіздер	ойнап жүрген жоқсыздар
Ол, Олар	ойнамай жүр	ойнап жүрген жоқ

nem veszi fel	
қою (1)	қою (2)
қоймай жатырмын	қойып жатқан жоқпын
қоймай жатырмыз	қойып жатқан жоқпыз
қоймай жатырсың	қойып жатқан жоқсың
қоймай жатырсың дар	қойып жатқан жоқсың дар
қоймай жатырсыз	қойып жатқан жоқсыз
қоймай жатырсыздар	қойып жатқан жоқсыздар
қоймай жатыр	қойып жатқан жоқ

10.5. Gyakorlat

Írja be a táblázatba az igék folyamatos jelen idejű ragozását a megfelelő számban és személyben!

Жіктеу есімдіктері	жазып отыр - ír	естіп тұр - hallgat	көріп жатыр - néz	қарап жүр- figyel, lát
Мен Сен Сіз Ол Біз Сендер Сіздер Олар	жазып отырмын			

10.6. Gyakorlat

Adja meg az igék átmenő és folyamatos jelen idejű állító alakjait a megfelelő számban és személyben. Alakítsa az így kapott mondatokat tagadóvá a megadott minta szerint!

Pl.: Мен мақала жазып отырмын. Мен мақала жазып отырған жоқпын.

Жаз (отыр):

Мен мақала ....

Сен жаттығу ....

Біз өтініш ....

Сіздер хат ....

Сөйле (тұр):
Ол жиналыста ....
Біз дәрісханада ....
Сен бастықты ....

Әкел (жүр):
Мен оқулық ....
Ол құжаттарды ....
Олар қағаздарды ....

Бар (жатыр):
Мен жұмысқа ....
Сендер театрға ....
Олар кітапханаға ....

10.7. Gyakorlat

Adja meg az igék átmenő és folyamatos jelen idejű alakjait a megfelelő számban és személyben!

Оқушы сабақ оқиды.
Оқушы сабақ оқып жатыр.
Сен қазақша жақсы сөйле.....
Сен қазақша жақсы сөйле..... ....

Сіз шахмат ойна.....
Сіз шахмат ойна..... ....

Оқушылар мектепке кір.....
Оқушылар мектепке кір..... ....

Үйге қонақ кел.....
Үйге қонақ кел..... ....

Біз шай іш.....
Біз шай іш..... ....

Қар жау.....
Қар жау..... ....

Мен жақсы фильм көр.....
Мен жақсы фильм көр..... ....

Әже дүкенге бар.....
Әже дүкенге бар..... ....

Сендер жұмыс істе.....
Сендер жұмыс істе..... ....

10.8.Gyakorlat

Egészítse ki az összetett jelen idejű igék tagadó alakját a megfelelő személyraggal a kipontozott helyeken!

Үлгі: Мен барған жоқпын

Мен	барған	жоқ.....
Сен	келген	жоқ.....
Сіз	жүрген	жоқ.....
Ол	айтқан	жоқ.....
Біз	күлген	жоқ.....
Сендер	жазған	жоқ.....
Сіздер	түскен	жоқ.....
Олар	көрген	жоқ.....

10.9. Gyakorlat

Adjon tagadó választ a kérdésekre és adjon valami más állítást!

- Сен тамақ пісіріп жатырсың ба?
- Жоқ, мен тамақ пісіріп жатқан жоқпын, қазір демалып отырмын.

Ол ұялы телефонмен сөйлесіп жатыр ма?
.....
Әкең қазір газет оқып жатыр ма?
.....
Інің француз тілін үйреніп жүр ме?
.....
Сендер шай ішіп отырсыңдар ма?
.....
Балалар футбол ойнап жүр ме?
.....
Досың сендердің үйлеріңде тұрып жатыр ма?
.....
Досың мақала жазып жүр ме?
.....
Сіздер фотоальбомды көріп отырсыздар ма?
.....

Мамандық түрлері – Foglalkozásfajták

актер-színész
ақын-költő
көлік жөндеуші – autószerelő
бағбан – kertész
бақалшы – fűszeres,boltos
биші – táncos
егінші-földművelő
елші-nagykövet
етікші-cipész
кәсіпкер – iparos, kézműves, vállalkozó
күзетші – biztonsági őr
қасапшы – hentes
медбике – ápoló
малшы – pásztor
мұғалім- tanár
музыкант – zenész
садақшы - íjász
саясаткер – politikus

жүргізуші-sofőr
зергер – ékszerész
көз дәрігері – szemorvos
кинорежиссер - filmrendező

спортшы – sportoló
тазалаушы – takaritó
тігінші –varrónő, szabó
шаштараз – fodrász

Szóképzés. Főnévből főnév képzése

A kazak nyelvben a következő képzőkkel lehet foglalkozásnevet képezni: **-шы, -ші, -кер, -гер, -паз.**

-шы, -ші képző

ән	ének,dal	ән+ші	énekes
сурет	kép	сурет+ші	művész, festőművész
балық	hal	балық+шы	halász
құрылыс	építkezés	құрылыс+шы	építész
тәрбие	nevelés	тәрбие+ші	nevelő
аң	vadállat	аң+шы	vadász
жұмыс	munka	жұмыс+шы	munkás
тіл	nyelv	тіл+ші	levelező, tudósító
жүргізу	vezetés	жүргізу+ші	vezető, sofőr
даярлау	főz(ni)	даяшы	pincér
оқу	olvas(ni)	оқу+шы	tanuló
хат	levél, irat	хат+шы	titkár
орман	erdő	орман+шы	erdész
тыңдау	hallgat(ni)	тыңдау+шы	hallgató
жазу	ír(ni)	жазу+шы	író
сату	elad(ni)	сату+шы	eladó
сатып алу	vásárol(ni)	сатып алу+шы	vásárló
көмек	segítség	көмек+ші	segítő
оқыту	tanít(ani)	оқыту+шы	tanító
бағдарлама	program	бағдарлама+шы	programmozó
кеңес	tanács	кеңес+ші	tanácsos
кітапхана	könyvtár	кітапхана+шы	könyvtáros
күзет	őrség, védelem	күзет+ші	biztonsági őr
сәулет	belső szépség, ábrázolás	сәулет+ші	építész
мал	jószág	мал+шы	pásztor
тігу	varr(ni)	тігін+ші	szabó, szabónő

-гер/-кер képző

дәрі	gyógyszer	дәрі+гер	orvos
қаржы	pénzügyek	қаржы+гер	pénzügyi szakértő
заң	törvény	заң+гер	jogász
қызмет	szolgálat	қызмет+кер	alkalmazott, tisztviselő
сауда	kereskedelem	сауда+гер	kereskedő
ғарыш	világegyetem, kozmosz	ғарыш+кер	űrhajós

Amikor a szó zöngétlen hangra végződik, akkor-**кер** képző járul hozzá, pl. қызмет+-кер, ha szonoráns hangra vagy magánhangzóra végződik, akkor-**гер** kapcsolódik hozzá, pl.: дәрі+**гер**, заң+**гер**.

-паз képző	өнер	művészet	өнер+паз	alkotóművész
	ас	étel	ас+паз	szakács

10.10.Gyakorlat

Kinek mi a foglalkozása? Alkosson mondatokat úgy, hogy a nevekhez kapcsolja a nemzetiséget és a megfelelő foglalkozásnevet!

Minta: Эде Теллер - мажар атомфизигі.

Teller Ede (magyar)	аспаз
Gordon Ramsay (skót)	актер
Cristiano Ronaldo (portugál)	әнші
Steven Spielberg (amerikai)	атомфизик
Abaj Kunanbajuly (kazak)	кинорежиссер (amerikai)
Luciano Pavarotti (olasz)	футбол ойыншысы
Mukagali Makatayev (kazak)	садақшы
Brad Pitt (amerikai)	жазушы және ақын
Kassai Lajos	ақын

актер – színész	жазушы – író
ақын – költő	кинорежиссер – filmrendező
аспаз –szakács	садақшы – íjász
атом физик – atomfizikus	футбол ойыншысы – futballista
әнші – énekes	

Az összetett (igei-névszói) állítmány tagadása

EMEC tagadószó + **igei személyragok**

A **емес** tagadószó a tagadott főnév vagy melléknév után áll.

Az állító és tagadó névszói mondat

…vagyok / nem vagyok…

Állító alak	Tagadó alak
Мен мұғаліммін (Tanár vagyok)	Мен мұғалім **емес**пін (Nem vagyok tanár)
Сіз мажарсыз (Ön magyar)	Сіз мажар **емес**сіз (Ön nem magyar)
Ол бақытты (Ő boldog)	Ол бақытты **емес** (Ő nem boldog)
шай ыстық (A tea forró)	шай ыстық емес (A tea nem forró)

10.11.Gyakorlat

Alkosson mondatokat az alábbi táblázat szavaival a példa szerint!

Példa: Мен шаштараз **емес**пін, кітапханашы**мын**.

Én nem vagyok fodrász, könyvtáros vagyok.

Мен Сен Ол	хатшы (titkárnő)	**емес**пін **емес**сің **емес**	дәрігер (orvos)	-мын/-мін -бын/-бін -пын/-пін -сың/-сің
	экскурсовод (idegenvezető)		сәулетші (építész)	
	аудармашы (tolmács)		орманшы (erdész)	
	көлік жөндеуші (autószerelő)		жүргізуші (sofőr)	
	шаштараз (fodrász)		даяшы (pincér)	
	мұғалім (tanár)		аспаз (szakács)	
	сатушы (eladó)		инженер (mérnök)	
	кітапханашы (könyvtáros)			

Példа: Біз дәрігер емес**піз**, біз музыкант**пыз** (Nem vagyunk orvosok, zenészek vagyunk)

Біз Сіз Олар	сәулетші (építész)	-дар/ -дер -тар/ -тер -лар/ -лер	**емес**піз **емес**сіңдер **емес**сіздер	шаштараз (fodrász)	-мыз/ -міз -быз/ -біз -пыз/ -піз -сыңдар/ -сіңдер -сыздар/ -сіздер
	сатушы (eladó)			студент (diák)	
	аудармашы (tolmács)			кәсіпкер (idegenvezető)	
	көлік жөндеуші (autószerelő)			музыкант (zenész)	
	саудагер (kereskedő)			өнерпаз (művész)	
	музыкант (zenész)			зейнеткер (nyugdíjas)	
	аспаз (szakács)			хатшы (titkárnő)	
	мұғалім (tanár)			даяшы (pincér)	

10.12.Gyakorlat

Fordítása le az alábbi mondatokat kazak nyelvre!

- Ön üzbég?
- Igen, üzbég vagyok.
- Nem vagyok üzbég, azeri vagyok.
- Önök németek?

- Igen, németek vagyunk.
- Nem vagyunk németek, magyarok vagyunk
- Ő kazak?
- Igen, kazak.
- Nem, ő kirgiz.

10.13.Gyakorlat

Alkossanak rövid párbeszédeket a megadott szavak felhasználásával a minta szerint!

diák, egyetemista, tanár, professzor, idegenvezető, turista, tolmács, újságíró, orvos, rokon, barát

Minta:

- Сіз дәрігерсіз бе? (Ön orvos?)
- Иә, мен дәрігермін (Igen, orvos vagyok)

- Сіз экскурсоводсыз ба? (Ön idegenvezető?
- Мен экскурсовод **емес**пін, мен турист**пін** (Nem vagyok idegenvezető, turista vagyok)
- Мен де турист**пін** (Én is turista vagyok)

10.14.Gyakorlat

Fordítsa le magyarra a foglalkozásneveket és adja meg, hogy melyik milyen főnévből lett képezve!

хатшы –	әнші –	оқытушы –
күзетші –	күйші –	кітапханашы –
жүргізуші –	дәрігер –	малшы –
биші –	құрылысшы –	

10.15.Gyakorlat

Képezzen foglalkozásneveket az alábbi szavakból!

Pl.: *Жазу – жазу*-**шы** (ír – író)

оқу –
ән айту – .....
спортпен айналысу – ....
күзету – .....
билеу – .....
етік – .....
балық – .....
егін – .....

10.16.Gyakorlat

Kapcsoljon a következő foglalkozásnevekhez 2. személyű személyragokat tegező és magázó alakban és alkosson azokból kérdő mondatokat!

Minta: Сен дәрігерсің бе? Сендер дәрігерсіңдер ме?
Сіз дәрігерсіз бе? Сіздер дәрігерсіздер ме?

tegező alak egyes és többes számban		magázó alak egyes és többes számban	
сен	сендер	сіз	сіздер
мұнайшы-сың ба?	мұнайшы-сыңдар ма?	мұнайшы-сыз ба?	мұнайшы-сыздар ма?
сатушы-			
музыкант-			
суретші-			
зергер-			
биші-			
кәсіпкер-			
экскурсовод-			
әнші-			
құрылысшы-			
өнерпаз-			

10.17.Gyakorlat

Írja be a táblázatba a megfelelő személyragokat!

Személyes névmások	Foglalkozásnevek					
	мұғалім	турист	аспазшы	кітапханашы	шаштараз	кәсіпкер
Мен						
Сен						
Сіз						
Ол						
Біз						
Сендер						
Сіздер						
Олар						

Қазақтың үй туралы мақал-мәтелдері – Házzal kapcsolatos kazak szólások és közmondások

Қалы кілем түрге керек,
Алмас қылыш ерге керек.
A vastag (drága) szőnyeg dísznek kell,
a gyémántkard a férfinak kell.
Ұлы бар үй сымбатты, қызы бар үй суатты.
A fiús ház jól néz ki, a lányos ház az élet forrása (szó szerint: vízforrásos).
Өз үйіңде отыңды бақ,
Кісі үйінде аузыңды бақ.
Saját házadban a tűzre vigyázz,

más házában a szádra (nyelvedre) vigyázz.

Әйел – үйдің тіпегі. A nő a ház oszlopa.

Ойдағы үй – селдікі, Өрдегі үй – желдікі, Жазықтағы үй – елдікі.

A lapályon lévő ház a sebes sodrású patake, az emelkedőn lévő ház – a szélé, a síkságon lévő ház a népé.

Бос үйге құлып қажет емес. *Üres házhoz nem kell kulcs.*

кілем – szőnyeg
түр – külső megjelenés, forma, arculat, jellem, díszítés, díszítmény
алмас – gyémánt, алмас қылыш – gyémánt kard
сымбатты – arányos testalkatú, daliás, délceg
суат – itatóhely, (vízforrás), itatás, lék, éle valaminek
ауыз – száj
тірек − oszlop
ойдағы – mély völgyben lévő, a lapályon lévő
сел – vízfolyás, sebes sodrású patak
жазық – síkság, lapos

Жұмбақтар − Találós kérdések:

Бірі үй күзетіп қалса да, екіншісі жүрер қалтада.
Az egyik a házat őrizve (otthon) marad, a másik zsebben sétál.
(Құлып пен кілт – a zár és a kulcs)

Ашылып, жабылады, әр үйден табылады.
Nyílik, csukódik, minden házban megtalálható.
(Есік – ajtó)

Тақия, мұрын, бір құлағы бар,
Самаурын қасында тұрағы бар.
Van tübitejkája, orra, és egy füle,
a szamovár közelében áll. (Шәйнек − vízforraló)

ОН БІРІНШІ САБАҚ - TIZENEGYEDIK LECKE

Күн тәртібі. Отбасының бір күні - Napirend. A család egy napja

Лексика: Сержанның отбасының бір күні. Мезгіл. Аптаның күндері. Уақыт қанша болды? Уақыт ұзақтығын беру. Сағат нешеде? Балқаш көлі.

Грамматика: Өздік етіс. Мезгіл үстеулері.

Lexika: Szerzsán családjának egy napja. Az évszakok. A hét napjai. Hány óra van? Időpont kifejezése. Időtartam kifejezése. Hánykor? Időzóna, helyi idő. A Balkas-tó.

Nyelvtan: A visszaható igék. Időhatározói névutók.

Сержанның отбасының бір күні – Szerzsán családjának egy napja

Сержанның отбасының мүшелері:
Сержан мырза – балалардың әкесі;
Раушан ханым – балалардың анасы;
Мансұр – Сержан мырза мен Раушан ханымның студент ұлы;
Айғаным − Сержан мырза мен Раушан ханымның мектепте оқитын қызы;
Қамила әже − балалардың әжесі.

Айғанымның күн тәртібі (Ajganim napirendje)
7.00 – оянып, жуынамын.
8.00 – мектепке барамын.
9.00 – сабақ оқи бастаймын.
10.00 – дене шынықтыру сабағына барамын.
13.00 – 14.00 – түскі ас ішемін.
16.00 – сабақтан шығамын.
17.00 – паркте серуендеймін.
19.30 – кешкі ас ішемін.
20.00 – үй тапсырмасын жасаймын.
22.00 – кітап оқимын.
23.30 – ұйықтауға жатамын.

мүше – testrész, szerv, pl. a birka meghatározott része kínálásnál
отбасы мүшелері – családtagok
ояну – felébred
жуыну – megmosakszik
оянып жуынамын – felbéredve megmosakszom
(-ып a határozói igenév végződése, itt egymást követő cselekvéseket jelöl)
сабақ оқу – tanul
бастау – elkezd
дене шынықтыру сабағы – testnevelés óra
дене – test
шынықтыру – edz
денешынықтыру – testnevelés
түскі ас ішу – ebédel
серуендеу – sétál
үй тапсырмасы – házi feladat
жасау – (el)készít, csinál

жату – fekszik, lefekszik aludni
ұйықтау – alszik, elalszik
ұйықтауға жату – lefekszik aludni

Сержанның отбасы мүшелері қашан, қайда, не істейді?
Szerzsán családtagjai mikor, hol, mit csinálnak?

Кім (Ki?)	***қашан? / сағат нешеде (mikor? hánykor)***	***қайда? (hol? hová?) қайда? (hol, hova?) қайдан? (honnan?)***	***не істеп жатыр? не істейді? (mit csinál)***
Раушан ханым	таңғы алтыда (reggel 6-kor)	жататын бөлмеде	тұрады (felkel), төсек жинайды (beágyaz) жаттығулар жасайды (reggeli tornát végez)
		ас үйде	таңертенгі ас дайындайды (reggelit készít)
Сержан мырза	алты жарымда (6.30-kor)	жуынатын бөлмеде	жуынады (megmosakszik), қырынады (borotválkozik)
Мансұр	таңертең (reggel)	кітапханада кейде балконда	гимнастика жасайды (tornázik)
Айғаным	түске дейін (délelőtt)	жуынатын бөлмеде fürdőszobában	душқа түседі lezuhanyzik тістерін тазалайды (fogat mos)
Отбасы мүшелері (családtagok)	онан кейін (azután)	бірге (együtt)	кофе/ шай ішеді (kavéznak, teáznak), таңғы ас ішеді (reggeliznek)
Отбасы мүшелері (családtagok)	таңғы астан кейін (reggeli után)	жұмысқа, университетке, мектепке	кетеді
Олар	түсте (délben)	жұмыс орнында/ университетте / мектепте az egyetemen / iskolában	түскі ас ішеді (ebédel)
Қамила әжей	түске дейін	үйде	таранады (megfésülködik) макияж жасайды (sminkel)
	түсте	ас үйде	түскі ас дайындайды (ebédet főz)
	түстен кейін (délután)	қонақ бөлмесіндегі диванға жайғасып (a kanapén kényelmesen elhelyezkedve)	ұялы телефондағы хабарламаларға қарайды (megnézi mobiltelefon az üzeneteit) демалады (pihen)
Айғаным	түстен кейін (délután)	мектептен	үйге қайтады (hazamegy)
Сержан мен Раушан	күні бойы (egész nap)	жұмыс орнында (munkahelyen)	жұмыс істейді (dolgozik)
Мансұр	таңнан кешке дейін (reggeltől estig)	университетте онан кейін ағылшын тілі курсында	үйренеді (tanul)

Олар	кешкі сағат сегізге қарай (este nyolc óra felé)	үйіне	қайтады
Қамила әжей мен Айғаным	кешке қарай estefelé	ас үйде	кешкі ас дайындайды (vacsorát készít)
Отбасы мүшелері (családtagok)	кешкі сағат сегізден кейін	дастарқанға жиналып (az étkezőasztalhoz gyűlve)	кешкі ас ішеді (uzsonnázik)
Үлкендер (felnőttek)	кешкі сағат тоғыздан кейін (este 9 óra után)	қонақбөлмеде (a hallban)	теледидар көреді (tévét néznek) кейде музыка тыңдайды (zenét hallgatnak) әңгімелеседі (beszélgetnek)
Айғаным	кешке	өз бөлмесінде (a saját szobájában)	сабақ оқиды (tanul), үй тапсырмаларын орындайды (a házi feladatait csinálja)
Мансұр	кешкі астан кейін түн ортасына дейін	кітап бөлмесінде	интернетте отырады, компьютер ойнайды, кітаптар оқиды internetezik, számítógépes játékot játszik könyveket olvas
Отбасы мүшелері	түнгі он бір жарымда (éjjel 11.30-kor)	өз бөлмелеріне кетіп	ұйқыға кетеді (aludni megy, lefekszik).

отбасы мүшелері бірге – a családtagok együtt
бірге – együtt
үлкендер – felnőttek
жастар − fiatalok
таңертең – reggel
душқа түсу – lezuhanyozik
киіну – felöltözik
тарану − megfésülködik
қырыну – megborotválkozik
тістерін тазалау – fogat mos
макияж жасау – sminkel (szó szerint sminket készít)
шай ішу – teát iszik, teázik
кофе ішу – kávét iszik, kávézik
таңертең − reggel
таңғы ас / таңертенгі ас – reggeli,
таңғы ас ішу – reggelizik (szó szerint reggeli ételt iszik)
таңертенгі ас дайындау – reggelit készít
дайындау – készít, түскі ас дайындау – ebédet készít
түскі ас ішу – ebédel
түстен кейін – délután
кешкі ас ішу – vacsorázik
қонақбөлме – nappali, vendégszoba
диванға жайғасып – a kanapén kényelmesen elhelyezkedve
дастарқанға жиналып – az étkezőasztalhoz gyűlve
жиналу − összegyűlik
тұру – áll, feláll, felkel
төсек жинау – beágyaz
жаттығулар жасау − tornázik
өз бөлмесі – saját szobája
жұмыс – munka,dolog
жұмыс орны – munkahely
жұмысқа кету – munkába megy
(ahová megy, az a szó részes esetbe kerül; főnév+-ға/-ге,-қа/-ке, – a/-e)
жұмыс істеу – dolgozik
сабақ оқу − tanul
интернетте отыру – internetezik
ұялы телефондағы хабарламаларға қарау − megnézi a mobiltelefonüzeneteit
хабарлама – értesítés, üzenet

қарау – néz (amire néz részes esetbe kerül): -ға/-ге,-қа/-ке,-на/-не, – а/-е қарау
музыка / саз/ әуен/ ән-күй – zene
музыка тыңдау – zenét hallgat
теледидар көру – tévét néz
әңгімелесу – beszélget(nek)
кітап оқу – könyvet olvas
үй тапсырмаларын орындау – házi feladatot csinál
демалу – pihen
жұмыс істеу – dolgozik
теледидар көру – tévét néz
жұмыс орны – munkahely
үйге қайту – hazamegy
демалу – pihen
жату – lefekszik
ұйқыға кету – aludni megy
қашан? – mikor?
күнде таңертең – minden reggel
содан кейін – azután, aztán
таңнан кешке дейін – reggeltől estig
кешкі сағат сегізден кейін – este nyolc óra után
түнгі он бір жарымда – este 11.30-kor
түн ортасына дейін – éjfélig
жүру – sétál, gyalogol

A visszaható igék – өздік етіс

A cselekvést az alany saját magán hajtja végre. Pl.: жуыну – mosakszik, қырыну – borotválkozik, киіну – felöltözik

A visszaható igék képzése:

Visszaható igét tárgyas igéből lehet képezni, az igetőhöz kapcsolt н toldalékkal.

igető + н – ha az igető magánhangzóra végződik	Тара		н	fésülködik
igető + ы/і + н – ha az igető mássalhangzóra végződик	жу	ы	н	mosakszik
	қыр	ы	н	borotválkozik
	сүрт	і	н	megtörölközik

Ha az igető mássalhangzóra végződik, akkor az н elé ы/і magánhangzók toldódnak be, kemény igető esetében ын, (қырыну), lágy igető után ін (шешіну) lesz.

Ha az igető magánhangzóra végződik, akkor csak egy н toldalékot kap (тарану)

igető +: -ын, -ін (mássalhangzó után)	шеш – levet vmit	шешіну – levetkőzés, levetkőzik
	қыр – borotvál	қырыну – borotválkozik
	жу – mos	жуыну – (meg) mosakodik
	сүрт – megtöröl	сүртіну – megtörölközik
igető +: -н (magánhangzó után)	шаш тара – hajat fésül	тарану – fésülködik
	ки – felvesz (ruhát, cipőt)	киіну – felöltözik
	сақта – őriz, véd	сақтану – óvakodik valamitől

Таңертең жуын, қырын, таран, тез киін, тамақтан.

Reggel mosakodj meg, borotválkozz meg, fésülködj meg, öltözz fel gyorsan és regelizz!

Індеттен сақтан. Óvakodj a járványtól!

11.1.Gyakorlat

Képezzen az alábbi igékből visszaható igéket a minta és a szabály alapján!

Minta: қыр – қырын

Қыр, сүрт, жасыр, сұра, жу, байла, көр, тара, шеш.

11.2.Gyakorlat

Tegyen fel kérdéseket a Szerzsán család tagjaival kapcsolatban a minta alapján, hogy ki, mikor, hol mit csinál? Minden családtaggal kapcsolatban írjon legalább 3 kérdést és választ!

Minta: - Раушан ханым таңертең қашан тұрады?

- Раушан ханым таңғы алтыда тұрады.

11.3.Gyakorlat

Jelölje a táblázat egyes celláiban x-szel, hogy melyik tevékenységet ki végezheti vagy végzi reggel! Válaszoljon a kérdésekre!

	тұра-ды	төсек жинайды	жуы-нады	қыры-нады	тара-нады	макияж жасайды	дастарқан жаяды	таңғы ас ішеді
Раушан ханым								
Сержан мырза								
Мансұр								
Айғаным								
Қамила әжей								

Қамила әжей таңертең ұялы телефондағы хабарламаларға қарайды ма?

Сержанның отбасы мүшелері таңертең тістерін тазалайды ма?

Сержанның отбасында таңертең кім душ қабылдайды?

11.4.Gyakorlat

Ön mit csinál reggel egy átlagos munkanapon? Sorolja fel a tevékenységeket egyes szám első személyben, majd válaszoljon a kérdésekre!

Сіз күнде таңертең төсек жинайсыз ба? (Ön beágyaz minden reggel?)

Сіз күнде таңертең макияж жасайсыз ба?/ Сіз күнде таңертең қырынасыз ба? (Ön sminkel/borotválkozik minden reggel?)

Сіз күнде таңертең дастарқан жаясыз ба? (Ön minden reggel megteríti az asztalt?)

Сіз таңғы асты үйде ішесіз бе? (Ön otthon reggelizik?)

Сіз күнде таңертең кофе ішесіз бе?

Сіз күнде таңертең ұялы телефондағы хабарламаларға қарайсыз ба? (Ön megnézi minden reggel a mobiltelefonüzeneteit?)

11.5.Gyakorlat

Сержанның отбасы мүшелері түске дейін не істейді? (A Szerzsán család tagjai mit csinálnak délig?) Soroljon fel minden lehetséges igét az egyes személyeknél!

Сержан мырза	Раушан ханым	Мансұр	Айғаным	Қамила әжей

11.6.Gyakorlat

Сержанның отбасы мүшелері түскі уақыттан кешке дейін не істейді?
(A Szerzsán család tagjai mit csinálnak déltől estig?)

Сержан мырза	Раушан ханым	Мансұр	Айғаным	Қамила әжей

11.7.Gyakorlat

Mit csinál ön a következő időpontokban?

Sorolja fel a tevékenységeket egyes szám első személyben a megadott szavak felhasználásával!

Дүйсенбі: 08.30 _____
Сейсенбі: 11.45 _____
Сәрсенбі: 12.30 _____
Бейсенбі: 19.15 _____
Жұма: 14.00 _____
Сенбі: 11.50 _____
Жексенбі: 15.30 _____

тұру, жуыну, киіну, таңертеңгі (түскі, кешкі) тамақ ішу, сабаққа дайындалу, оқу, жазу, аудару, демалу, кино көру, теледидар қарау, газет, журнал, кітап оқу, ғаламтор қарау, компьютер ойнау, спортпен айналысу, ұйықтау.

11.8.Gyakorlat

Fordítsa le a kérdéseket kazakra, figyelembe véve a kazakul megadott válaszokat és Rausan asszony naptárát!

Раушан ханымның күнтізбесі

сағат	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі	жексенбі
Әр күн сайын сағат 8-ден 17-ге дейін жұмыста							

18	жүзу	мектептегі ата-аналар жиналысы	ағылшын тілі курсы	тіс дәрігері	ағылшын тілі курсы	ұлының туған күні	саяхат көрмесі

Rausan asszony melyik nap úszik? Раушан ханым дүйсенбіде/дүйсенбі күні суда жүзеді.

Rausan asszony mely napokon jár angol tanfolyamra? Раушан ханым сәрсенбі және жұма күндері ағылшын тілі курсына барады.

Melyik nap megy Rausan asszony szülői értekezletre? Раушан ханым сейсенбі ата-аналар жиналысына барады.

Csütörtökön hová megy Rausan asszony? Раушан ханым бейсенбіде тіс дәрігеріне барады.

Szombaton mit ünnepel a család? Сенбіде отбасы ұлдарының туған күнін тойлайды.

Pénteken megy az utazási kiállításra Rausan asszony? Раушан жұма күні туристік көрмеге бармайды, ол ағылшын тілі курсына барады.

Minden napra van programja Rausan asszonynak? Раушан ханымның күнделікті жоспары бар.

Van programja Rausan asszonynak vasárnapra? Раушан ханымның жексенбіге арналған бағдарламасы да бар.

тойлау – ünnepel
бағдарлама – program
қай күндері – milyen / mely napokon?
жексенбіге арналған бағдарлама – vasárnapra szánt (program)
күнтізбе – naptár
стоматология – fogászat

жиналыс – gyűlés, ата-аналар жиналысы – szülői értekezlet
туған күні – születésnap, туған күнді тойлау – születésnapot ünnepelni
саяхат – utazás
көрме – kiállítás
саяхат көрмесі – utazási kiállítás
демалыс – munkaszüneti nap, hétvége

11.9.Gyakorlat

Tegyen fel kérdéseket a minta alapján Szerzsan úr heti programjával kapcsolatban és válaszoljon is a kérdésekre! A hét minden napjára kérdezzen rá!

Өзбек қонақтары Сержан мырзаға қай күні келеді? – Өзбек қонақтары Сержан мырзаға сәрсенбіде/сәрсенбі күні келеді.

Сержан мырзаны күнтізбесі

сағат	дүйсенбі	сейсенбі	сәрсенбі	бейсенбі	жұма	сенбі	жексенбі
8							
10	жиналыс				банк		
12			өзбек қонақтарының келуі			ұлының туған күні	футбол матчы

14				презен-тация			
16		спорт залы					

Válaszoljon a kérdésre!
Сержан мырзаның демалысқа арналған бағдарламасы бар ма?
Ол сенбі және жексенбі күндері не істейді?

Időhatarozók – Мезгіл үстеулері
Қашан? – Mikor?

әдетте	általában
әрқашан	mindig
ешқашан	soha
сирек	ritkán
жиі	gyakran

таңертең	reggel
түске дейін	délelőtt
түсте	délben
түстен кейін	délután
кешке	este
түнде	éjjel
демалыста	hétvégén

күнде таңертең – minden reggel
күнде түсте – minden délben
күнде кешке – minden este

күн	nap
апта	hét
ай	hónap
жыл	év

Аптада жеті күн бар. – Egy héten hét nap van.

…сайын minden (névutó)	апта сайын minden héten, hetente
	ай сайын minden hónapban, havonta
	жыл сайын minden évben, évente

күнде, күн сайын	minden nap
Әр ай сайын	minden hónapban

әр minden	әр айда	minden hónapban
	әр жексенбіде	minden vasárnap
	әр демалыста	minden hétvégén

Жыл мезгілдері – az évszakok

Қазір қай мезгіл? *Milyen évszak van most?*		Қай мезгілде? *Melyik évszakban?*		Қашан? *Mikor?*	
көктем	tavasz	көктемде	tavasszal	әр көктемде	minden tavasszal
жаз	nyár	жазда	nyáron	әр жазда	minden nyáron
күз	ősz	күзде	ősszel	әр күзде	minden ősszel
қыс	tél	қыста	télen	әр қыста	minden télen

Аптаның күндері – a hét napjai

Бүгін қай күн? *Milyen nap van ma?*		Қай күні? *Melyik napon?*		Қашан? *Mikor?*	
дүйсенбі	hétfő	дүйсенбіде	hétfőn	әр дүйсенбіде	minden hétfőn
сейсенбі	kedd	сейсенбіде	kedden	әр сейсенбіде	minden kedden
сәрсенбі	szerda	сәрсенбіде	szerdán	әр сәрсенбіде	minden szerdán
бейсенбі	csütörtök	бейсенбіде	csütörtökön	әр бейсенбіде	minden csütörtökön
жұма	péntek	жұмада	pénteken	әр жұмада	minden pénteken
сенбі	szombat	сенбіде	szombaton	әр сенбіде	minden szombaton
жексенбі	vasárnap	жексенбіде	vasárnap	әр жексенбіде	minden vasárnap

Az idő kifejezésének másik módja, amikor a nap nevéhez a nap szó 3.személyű birtokos személyragos alakját kapcsoljuk: күні

Жексенбі күні / жексенбіде – vasárnap
Дүйсенбі күні / дүйсенбіде – hétfőn
Сейсенбі күні / сейсенбіде – kedden és így tovább.

Бүгін қай күн? – Milyen nap van ma?	Бүгін – дүйсенбі. – Ma hétfő van.

Кеше қандай күн болды? Milyen nap volt tegnap?	Кеше – жексенбі. /Кеше жексенбі болды.

Ертең аптаның қай күні болады ? Milyen nap lesz holnap?	Ертең сейсенбі болады. Holnap kedd lesz.

Қай күні? – Melyik napon? – жексенбіде VAGY жексенбі күні - vasárnap

Сен дүйсенбіде не істедің? – Hétfőn mit csináltál?
Дүйсенбі күні демалыста едім. – Hétfőn szabadságon voltam.
… мырза қашан не істейді?
күнде кездесеміз – minden nap találkozunk

Мен күнде сағат алтыда тұрамын. – Minden nap 6 órakor kelek.
– Сіз циркте *қай күні* болдыңыз? – Ön *melyik nap* volt cirkuszban?

– Сенбіде мен циркте болдым. – Szombaton voltam cirkuszban.
– Қонақтар жұмада / жұма күні мешітке барды. – A vendégek pénteken a mecsetbe mentek.
– Жексенбіде концертте болдық. – Vasárnap koncerten voltunk.

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада Сейсенбіде серуен құрдық далада Сәрсебіде сурет салдық сәнді етіп, Бейсенбіде би биледік әндетіп Жұма күні жидек тердік қыратта, Сенбі күні кино көрдік клубта Жексенбіде үйде болып демалдық, Осылайша өте шықты бір апта. *Қазақ балалар әдебиетінен*	Hétfőn labdáztunk az udvaron Kedden elmentünk sétálni a sztyeppére Szerdán képet rajzoltunk és kidíszítettük, Csütörtökön táncoltunk és énekeltünk Pénteken bogyókat gyűjtöttünk a dombon, Szombaton filmet néztünk a klubban Vasárnap otthon pihentünk, Egy hét igy telt el nagyon gyorsan. *A kazak gyermekirodalomból*

доп ойнау – labdázik
доп – labda, futball
серуен құру – sétát, mulatságot rendez
дала – sztyeppe
сурет салу – rajzol, képet hoz létre
би – tánc, би билеу – táncol
әндету − énekel
жидек – bogyó
теру – gyűjt, szed
қырат – magaslat, emelkedés, dombvidék, dombság
кино көру – filmet néz
демалу – pihen
осылайша – így, ily módon
өте шықты – elrohant, elszáguldott
күнде − minden nap
мезгіл – évszak, szezon, idő

11.10.Gyakorlat
Válaszoljon a kérdésekre a vers szövege alapján!
Жұмада балалар не істеді?
Қай күні доп ойнады? Қайда?
Сейсенбіде не істеді?
Қай күні кино көрді?
Бейсенбіде балалар не істеді?
Сейсенбіде балалар демалды ма?
Қашан сурет салды? Сенбі күні ме?

11.11.Gyakorlat
Forditsa le magyarra az alábbi mondatokat!

Демалыс күні біз тауға шықтық. Кеше мұражайға көрмеге бардық. Төрт күн бұрын досымның үйінде қонақта болдық. Онан бір күн бұрын шаштаразға бардым. Бүгін, міне, тағы басқосуда отырмыз. Ертең ғылыми жиынға бармақпыз. Бүрсігүні мәдениет үйіне концертке баратын жоспарымыз бар. Арғыкүні кітапханада жұмыс жасауым керек.

Сағат қанша? – Hány óra van?

Erre a kérdésre válaszolhatunk az óra és perc megadásával:
Сағат тоғыздан бес (минут) кетті – 9 óra 5
Сағат он бір отыз (жарым) – 11 óra 30

Қазір сағат қанша болды?/ Қазір сағат неше?- Hány óra van most?
Сағат онбір отыз (онбір жарым) – 11 óra 30 (fél tizenkettő)
Қазір сағат он екі болды. – Most 12 óra van.
Ez a teljesebb válasz a kérdésre.

Időpont a napszakok megnevezésével:
Сағат таңертеңгі жеті жарым. – Reggel (szó szerint: reggeli) fél nyolc van.
Сағат кешкі сегіз. – Este (szó szerint: esti) nyolc óra van.
Уақыт түнгі бір. – Éjjel (szó szerint: éjjeli) egy óra van.
Түскі сағат он екі – Déli 12 óra van.
Түн ортасы – Éjfél van.

қазір – most, jelenleg	талтүс – dél
сағат – óra	кешкі – esti
таңертең – reggel	түнгі – éjjeli, éjszakai
таңғы – kora reggel	түн ортасы – éjfél

Időpont kifejezése:

A „сағат – óra” vagy „уақыт – idő” szót az időpont kifejezésénél a magyartól eltérően mindig a számnév elé tesszük:

сағат + számnév VAGY уақыт + számnév	Уақыт үш болды. – Három óra van (lett). Сағат үш болды. – Három óra van (lett).

жарым – fél

számnév + жарым számnév + ширек	сегіз жарым – 8.30 сегізден он бес минут кетті – 8.15 тоғызға он бес (минут) қалды – 8.45

Figyelem a fél és negyedóra kifejezésénél!

A magyar gondolkodásmód már a következő egész órához viszonyítja az időt. Azt veszi figyelembe, hogy a következő egész órának hányad részénél járunk.

8.30 – fél *kilenc*
8.15 – negyed *kilenc*

A kazak gondolkodásmód pedig az előző órához viszonyít, azt veszi figyelembe, hogy az előző óra mennyi idővel múlt el.

8.30 – сегіз жарым, vagyis nyolc (és) fél óra
8.15 – сегізден он бес кетті, vagyis nyolc (és) negyedóra

Сағат төрт жарым. – Négy (és) fél óra, vagyis fél öt.

Сағат оннан он бес кетті – Tíz (és) negyedóra, vagyis negyed tizenegy.
(inkább ezt használják: Сағат оннан он бес минут кетті (szó szerint: tíz órától tizenöt perc telt el).

Időtartam kifejezése:
Amikor a сағат szó a számnév előtt áll, akkor időtartamot jelent.

számnév+сағат	Төрт сағат жол жүрдік. – Négy órát utaztunk.

Сағат қанша?
Тура / Дәл – pontosan
Қазір сағат тура бес болды. – Most pontosan 5 óra van (lett).
A „…perccel múlt…óra” szerkezetet kazakul is óra 30-ig, vagyis félig használjuk.

Kazakul az órát kifejező szóhoz a távolító eset ragja járul és azt a кетті (múlt/ment) ige követi.

az órát kifejező számnév +	-дан / -ден, -тан /с-тен, -нан / -нен	percet jelölő számnév	кетті

Үштен он кетті — három múlt tíz perccel

Сағат	бірден	1-ден	…. минут percet jelölő számnév	кетті
	екіден	2-ден		
	үштен	3-тен		
	төрттен	4-тен		
	бестен	5-тен		
	алтыдан	6-дан		
	жетіден	7-ден		
	сегізден	8-ден		
	тоғыздан	9-дан		
	оннан	10-нен		
	он бірден	11-ден		
	он екіден	12-ден		

<u>További példák:</u>
Бірден он бес кетті – egy óra múlt tizenöt perccel
Үштен жиырма төрт кетті – három óra múlt huszonnégy perccel
Алтыдан сегіз кетті – hat óra múlt nyolc perccel
Тоғыздан жеті кетті – kilenc óra múlt hét perccel
Он екіден жиырма үш кетті – tizenkét óra múlt huszonhárom perccel

A „…perc múlva lesz….óra”szerkezetet kazakul is fél után használjuk.

Kazakul az órát kifejező számnévhez a részeshatározó/közelítő eset ragja járul és azt a бар (van) vagy қалды (maradt) ige követi.

az órát kifejező számnév +-ға/-ге,-қа/-ке, – а/-е + а percet kifejező számnév + бар / қалды

Сағат үшке он минут бар.VAGY Сағат үшке он минут қалды.
Három óra lesz tíz perc múlva.

Сағат	бірге	1-ге	…. минут percet jelölő számnév	бар /қалды
	екіге	2-ге		
	үшке	3-ке		
	төртке	4-ке		
	беске	5-ке		
	алтыға	6-ға		
	жетіге	7-ге		
	сегізге	8-ге		
	тоғызға	9-ға		
	онға	10-ға		
	онбірге	11-ге		
	онекіге	12-ге		

További példák:
Сағат төртке он бес (минут қалды. – Háromnegyed négy (Szó szerint: a négyhez negyedóra maradt)
Сағат бірге бес минут бар/Сағат бірге бес минут қалды. – Öt perc múlva egy óra.
Сағат екіге жиырма бес қалды. – Huszonöt perc múlva lesz két óra.
Сағат сегізге он минут бар./Сағат сегізге он минут қалды. – Tíz perc múlva lesz nyolc óra.
Сағат беске алты минут қалды. – Hat perc múlva lesz öt óra.
Екіге төрт минут қалды. – Négy perc múlva kettő.

Сағат нешеде?/Сағат қаншада? – Hánykor?

A *Hány órakor?* Kérdésre adott válaszban egész órakor a számnévhez, félkor vagy negyedkor a *ширек* (gyakrabban használatos az он бес) (negyed), *жарым* (fél) szavakhoz kapcsolt helyhatározó eset ragjával fejezzük ki az időpontot. A helyhatározó eset ragja ebben a szerkezetben a magyar *-kor/-kör* ragnak felel meg.

Сағат+számnév+-да/-де-та/-те ….órakor	Сағат + számnév + жарымда/ширекте fél…-kor/negyed….-kor

Сағат үште. – Három órakor.
Сағат төртте. – Négy órakor.

Сағат жеті**де**. – Hét órakor.
Сағат он бір жарым**да**. – Tizenegy harminckor/ Fél tizenkettőkor.
Сағат сегіз он бес**те**. – Nyolc óra tizenötkor/ Negyed kilenckor.

Таңғы алтыда – reggel hatkor
кешкі алтыда – este hatkor

Сіз нешеде тұрасыз? – Ön mikor kel?
Сіз нешеде жатасыз? – Ön mikor fekszik?

Amikor az órát jelölő számnevet a **«болғанда»** - amikor volt/*voltakor,
«кеткенде» - elmúltakor - **«қалғанда»** - amikor maradt/*maradtakor
múlt idejű melléknévi igenevek követik,a számnév nem kap helyhatározói ragot.

А болғанда melléknévi igenevet félkor és negyedkor használjuk:

Сағат+-**болғанда** számnév+….órakor	Сағат+жарым **болғанда** számnév+fél…-kor/negyed….-kor

сағат жеті ширек (он бес) **болғанда**
hét óra tizenötkor/negyed nyolckor

Сағат сегіз жарым **болғанда** мен кофе ішемін / Сегіз жарымда мен кофе ішемін
Fél kilenckor kávét iszom.

А **қалғанда** melléknévi igenevet fél után, egész óra előtt használjuk.

az órát jelölő számnév+-ға/-ге,-қа/+ a percet jelölő számnév

сағат үшке он минут **қалғанда** − három óra előtt tíz perccel

Мен жетіге жиырма **қалғанда** үйден шығамын. – Nyolc óra előtt húsz perccel indulok otthonról (Szó szerint: amikor a nyolchoz 20 perc maradt).

А **кеткенде** melléknévi igenevet egész óra után, óra 30-ig használjuk

az órát kifejező számnév	-дан / -ден -тан /-тен -нан / -нен	percet jelölő számnév	**кеткенде**

үштен он минут **кеткенде** тіз перccel három után…
Он екіден жиырма минут **кеткенде** мейрамханаға бардық. – Tizenkettő után húsz perccel étterembe mentünk (Szó szerint: tizenkettőtől húsz perc elteltekor/elmúltával).

Időhatározói névutók- мезгіл үстеу

✓ ***Alanyesetet vonzó időhatározói névutók***

бойы	egész, (vmi) folyamán át	өмір бойы жаз бойы екі сағат бойы	egy életen át egész nyáron két órán át

Бұл дүкен күні-түні істейді, нон-стоп.
Ez az üzlet éjjel-nappal nyitva tart, non-stop.
Ал қарсыдағы сырахана түні бойы істейді.
A szemben lévő kocsma egész éjjel nyitva volt.
Күні бойы кітапханада болдым.
Egész nap a könyvtárban voltam.
Інім жаз бойы Балатон жағасында жұмыс істеді.
Az öcsém egész nyáron át a Balaton partján dolgozott.
Иожеф бір жыл бойы Қазақстанда болды, елге келмеді.
József egy át (egy évig) Kazakisztánban maradt, és haza se jött.

күні-түні – éjjel-nappal күні бойы – egész nap үш сағат бойы – három órán át қыс бойы – egész télen át

✓ ***Távolító esetet vonzó időhatározói névutók***

Névутó	Jelentés	Példák	
кейін	után	сағат үштен кейін – жұмыстан кейін	három óra után munka után
соң	-tól, -től, után, múlva	екі сағаттан соң кездесуден соң	két óra múlva a találkozó után
бері	óta	былтырдан бері содан бері кешеден бері	tavaly óta azóta tegnap óta
бұрын	korábban ezelőtt addig, amig	менен бұрын Қоңырдан бұрын 15 жыл бұрын	nálam korábban / korábban, mint én Kongur előtt 15 évvel ezelött
астам, аса	több, (vmin) felül	жүзден астам отыздан астам	száznál több harminc felett
бастап*	-tól, -től, kezdve	биылдан бастап қарашадан бастап	ez évtől kezdve novembertől kezdve

* - *határozói igenév névutó szerepében*

Мажарлар Жетісуда – *Magyarok a Hétfolyó vidékén*
1. Алмаши Дьөрдь 1900 жылы 9 ай бойы Жетісуда болған.
   AlmásyGyörgy 1900-ban 9 hónapon át a Hétfolyó vidékén volt.
2. Онан кейін Принц Дьюла келген. *Útana jött Prinz Gyula.*
3. Содан бері жарты ғасыр өткенде Мандоки Қоңыр мен Торма Иожеф жүріп өтті.
   Fél évszázaddal később Mándoky Kongur és Torma József jártak ott.
4. Олардың бұрын аздаған мажар зерттеушілері мұнда келген (онда барған) еді.
   Előttük (korábban) nem sok magyar kutató járt ott.
5. Жиырма бірінші ғасырда оннан астам мажар зерттеу экспедициясы жүргізілді.

A 21. században több mint tíz magyar kutatóexpedíciót szerveztek (oda).

6. Биылдан бастап ірі зерттеулер жоспарланып отыр.
Ez évtől kezdve nagyszabású kutatásokat terveznek.
7. Осыдан 80 жыл бұрын түрколог Йожеф Торма дүниеге келген.
80 évvel ezelőtt született Torma József turkológus.

11.12.Gyakorlat

Tegyen fel kérdéseket a „Magyarok a Hétfolyó vidékén" szöveg mondataira!
Minta: 1. Алмаши Дьөрдь 1900 жылы қанша ай (уақыт) бойы Жетісуда болған?

11.13.Gyakorlat

Írja be a kipontozott helyekre a megfelelő időhatározói névutókat!

Осыдан 110 жыл ..... , яғни, 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрген еді.

Иожеф Қазақстанға бір жыл ..... (előtt) келген. Ол енді үш айдан ..... (múlva) еліне қайтады.

Бүгін ол досымен жұмыста ..... (után) театрға келді. Қойылым басталғанға ..... (addig, amig) он бес минут бар. Залға екі жүзден ..... (több, mint) адам жиналыпты. Концерттен ..... (után) кездесу болды. Екі сағат ..... (át / folyamán) ол жерлесін күтті.

Бәтима көлікті бес жыл ..... (át / folyamán) жүргізіп жүр. Ол үйден шыққаннан ..... (után) жұмысқа беттеді. Ол Будапештке келгеннен ..... (kezdve) спортпен айналысып жүр. Дәулет былтырдан ..... (kezdve) мажар тілі курсына барып жүр. Ол жақсы дайындалғаннан ..... (után) жақсы баға алды.

Névutók: бері, кейін, соң, бұрын, дейін, бұрын бастап

Уақыт белдеуі, жергілікті уақыт – Időzóna, helyi idő

Қазақстан бесінші, алтыншы уақыт белдеуінде жатыр, ал Мажарстан CET, яғни Орталық Еуропаның уақыт белдеуінде орналасқан. *Kazakisztán az 5. és 6. időzónákban fekszik, míg Magyarország a CET, vagyis a Közép-Európai időzánában van.*

Жергілікті уақыт – helyi idő

қала	Budapest	Атырау	Ақтау	Ақтөбе	Астана	Алматы
сағат	15:00	19:00	19:00	19:00	20:00	20:00

уақыт белдеуі – időzóna
орналасқан – helyezkedik el

11.14.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésre teljes mondattal a minta alapján, a бар/қалды. és a кетті igék használatával! A számokat írja le betűkkel!

Minta: Қазір сағат қанша? -Қазір тура сағат алтыдан үш кетті.

6.03
6.25
7.18
7.05
8.22

9.26
10.35
10.47
11.39
12.53
13.48
14.34

11.15.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésre a következői dőpontokkal a megadott minta szerint! A számokat írja le betűkkel!

Minta: Сағат нешеде?/Сағат қаншада? – Сағат бірде.

1 órakor
3 órakor
5 órakor
8 órakor
9 órakor
1.15-kor
2.30-kor
3.15-kor
3.30-kor
4.15-kor
4.30-kor
21.15-kor

11.16.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésre a megadott minta szerint a ***болғанда, кеткенде, қалғанда*** *melléknévi igenevek használatával! A számokat írja le betűkkel!*

Сағат нешеде?/Сағат қаншада? – Сағат екіден он минут кеткенде.

2.10-kor
2.25-kor
2.45-kor
3.18-kor
3.50-kor
4.45-kor
5.35-kor
6.15-kor
7.30-kor
8.05-kor
8.25-kor
9.15-kor
10.30-kor
14.55-kor

11.17.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésekre!

– Сіз жұмысқа сағат нешеде бардыңыз?
– Балалар мектепке сағат қаншада барды?

– Бүгін сағат қаншада кофе іштіңіз?
– Пойыз Алматыға сағат қаншада кетті?
– Сіз сағат қаншада ұйықтадыңыз?
– Қазақ киносы сағат нешеде басталды?
– Кеше қазақ тілі сабағы сағат қаншада басталды?
– Кеше кешкі асыңызды сағат нешеде іштіңіз?

пойыз – vonat
кино – film
кинотеатр – mozi
басталу – kezdődik
сабақ – tanóra
кешкі ас – vacsora
*ас – étel, марқұмның асы – halotti tor

Olvasmány

Балқаш көлі – Қазақстандағы үшінші үлкен су қоймасы. Көлемі құбылмалы: 17-22 мың шаршы шақырым аралығында. Ол Балатоннан отыз есеге үлкен. Балқаштан Каспий теңізі мен Арал көлі үлкен. Балқаштың ұзындығы 600 км-ден астам, ені шығыс бөлігінде 9-19 шақырым, батыс бөлігінде 74 шақырымға жетеді. Суының көлемі шамамен 100–110 куб шақырым. Су жиналатын алабы 500 мың шаршы шақырымға жуық. Орташа тереңдігі 6 м, ең терең жері 26 м. Балқаш көлінің батыс бөлігінің суы - тұщы. Ал шығыс бөлігінің суы - минералды, қышқыл. Екі бөлік өзара жіңішке бұғазбен жалғасып жатыр.

***A Balkas-tó** a harmadik legnagyobb kazakisztáni víztározó. A térfogata változó: 17-22 ezer négyzetkilométer között ingadozik. Harmincszor nagyobb, mint a Balaton. A Balkasnál a Kaszpi-tenger és az Aral-tó nagyobb. A Balkas több mint 600 km hosszú, keleti részén 9-19 km, nyugati részén 74 km széles. A víz térfogata körülbelül 100-110 köbkilométer. A vízgyűjtő terület mintegy 500 ezer négyzetkilométer. Átlagos mélysége 6 m, legmélyebb pontja 26 m. A Balkas-tó nyugati részének vize édes. A keleti rész vize pedig savanyú. A két részt keskeny szoros köti össze.*

су қоймасы – víztározó
көлем – térfogat, űrtartalom, terület
құбылмалы – változékony, nem állandó
шаршы шақырым-négyzetkilométer
аралық – köz, hézag, távolság, köz
есеге үлкен - szor nagyobb
- дан/-ден, -тан/- тен үлкен – nagyobb valaminél, Балқаштан үлкен – nagyobb a Balkasnál
ұзындық – hosszúság
- дан/-ден, -тан/- тен астам – több, mint
ен – szélesség, ені – szélessége
шығыс – kelet
бөлік – rész, valaminek része, бөлігінде – részén
батыс – nyugat
жету – elmegy, eljut valameddig, elér
куб шақырым – köbkilométer
су жиналатын алабы - vízgyűjtő terület
шамамен – körülbelül
-ға /-ке, -қа/-ке жуық – közel valamihez
терең - mély,тереңдік- mélység
ең терең – legmélyebb
жер – föld, talaj, hely
орташа – közepesen, középső, орташа тереңдігі – átlagos mélysége
тұщы – édes, nem sós (víz)
минералды – ásvány-, ásványos
қышқыл – savas
өзара – egymás között, kölcsönös
жіңішке – vékony, keskeny, lágy (hang a nyelvészetben)
бұғаз- szoros
жалғасу – valamivel egyesül, folytatódik, egyesülés

ОН ЕКІНШІ САБАҚ - TIZENKETTEDIK LECKE

Ауа райы. Жыл он екі ай - Időjárás. Az év hónapjai

Лексика: Қазақ жерінің ауа райы. Ауа райы болжамы. Бірдеңені екіншісінен артық көреді. Алтай тау жоталары. Ауа райына қатысты тіркестер мен мақал-мәтелдер.

Грамматика: Өздік есімдік. Септеулік шылаулар (дейін, астам, қарағанда). Сын есім. А ‘жеңіл, ауыр’ мәнді сын есім түрлері. Сын есімнің жәй, күшейтпелі және асырмалы шырайлары. Күшейткіш үстеулер (аса, тым, өте). ‘Де’ көмекші етістікті төл сөзі мен төлеу сөзде қолдану.

Lexika: Kazakisztán időjárása. Időjáráselőrejelzés. Jobban kedvel valamit valaminél. Az Altáj-hegység. Időjárással kapcsolatos szólások és közmondások.

Nyelvtan: A maga (өз) visszaható névmás. A дейін –ig, астам – több, mint, қарағанда – mint névutók. A melléknév . A ‘könnyű, nehéz’ jelentésű melléknevek használata. A melléknév fokozása. A viszonyító melléknév egyik képzési módja. A ’деу és a деп’ (mond) – mond használata egyenes beszédben.

Диалог

- Бүгін ауа райы қандай? - Бүгін ауа райы өте жылы.	*- Ma milyen idő van?* *- Ma nagyon meleg van.*
- Кеше ауа райы қандай болды? - Кеше ауа райы жаңбырлы болды.	*- Tegnap milyen idő volt?* *- Tegnap esős idő volt.*
- Ертең ауа райы қандай болады ? - Ертеңде күн шуақты болады.	*Holnap milyen idő lesz?* *-Holnap is napos idő lesz.*
- Жиырма градустан астам жылы болады	*-Húsz foknál melegebb lesz*
- Қазір жылдың қай мезгілі?	*-Milyen évszak van most?*
- Қазір күз мезгілі.	*- Most ősz van.*
- Күзде ауа райы қандай?	*-Milyen az időjárás ősszel?*
- Күзде күн суытады, суық жаңбыр жауады.	*- Ősszel lehűl a nap és hideg eső esik.*
- Қазақстанда қыс қашан түседі?	*- Mikor kezdődik a tél Kazakisztánban?*
- Әрқалай, қыс солтүстікте ерте, оңтүстікте кеш келеді.	*- Nagyon különbözik, északon korán, délen később jön a tél.*
- Қыс аязды бола ма?	*- Fagyos lesz a tél?*
- Иә, қыста қар жауады, күн аязды болады.	*- Igen, télen havazik, fagyos lesz a nap.*
- Қазақстанның астанасының ауа райы қандай?	*- Milyen az időjárás Kazakisztán fővárosában?*
- Қыста аяз, жазда ыстық, күзде қоңыр салқын күндер жиі болады. Көктемде күн жылына бастайды.	*- Télen fagyos, nyáron forró, ősszel kellemes hűvös napok vannak. Tavasszal a nap kezd melegedni.*
- Алматы өңірінің ауа райы қандай?	*- Milyen az időjárás Almaty régióban?*
- Қыста күн суық, аяз онша емес. Қар жауады. Көктемде күн жылы. Құстар ерте келеді. Жазы ыстық. Гүлдер көп. Күзі ұзақ. Күзде күн суық, жаңбырлы	*- Télen hideg van, és nincs nagy fagy. Hull a hó. Tavasszal meleg vqn. A madarak korán jönnek. Nyáron a nap forró. Sok a virág. Az ősz hosszú. Az ősz hideg és esős.*
-Маңғыстау өңірінде ше?	*- Mi a helyzet Mangisztau régióban?*

- Көктемде жыл құстары ерте келеді. Жазда онда күн ыстық. Қысы қатты емес, жұмсақ.	*- Tavasszal a vándormadarak korán érkeznek. A nyár ott forró. A tél enyhe, nem kemény.*
-Елдің шығысында ауа райы қандай?	*- Milyen az idő /az időjárás az Almati régióban?*
-Алтай мен Тарбағатайдың қысы қатты аязды, әрі ұзақ. Көктем желді, жазы аптап ыстық. Түнде суық. Күз ерте келеді.Тауларға тұман түседі.	*- Az Altájban és Tarbagatajban a tél kemény, fagyos és hosszú. A tavasz szeles, a nyár forró. Hideg van éjjel. Korán jön az ősz. A hegyekben köd ereszkedik le.*
Сыртта суық, жылы киін! Далада жаңбыр жауып тұр, қолшатырды ұмытпа!	*Kint hideg van, öltözz melegen!* *Kint esik az eső, ne felejtsd el az esernyőt!*

Egynél több birtokos felsorolásánál csak a felsorolás utolsó eleme kap birtokragot:
Алтай мен Тарбағатайдың қысы – Az Altáj és a Tarbagataj tele
Қалалар мен ауылдардың үйлері – A városok és falvak házai
Ұлдар мен қыздардың билері – A fiúk és lányok táncai

Ауа-райына қатысты атаулар мен тіркестер
Időjárással kapcsolatos szavak és kifejezések

ауа	levegő	рай	szándék, hangulat, állapot
ауа райы	időjárás	ауа температурасы	a levegő hőmérséklete
болжам	feltételezés, feltevés	Ауа райы болжамы	időjárás előrejelzés
жылы	meleg	жылы ауа райы	meleg idő
ыстық	forró	ыстық ауа райы	forró idő
құрғақ	száraz		
суық	hideg	суық ауа райы	hideg idő
аяз	fagy	аязды, аязды күн	fagyos, fagyos nap
жұмсақ	enyhe, puha	жұмсақ ауа райы	enyhe idő
жұмсақ қыс	enyhe tél	күн ашық	derűs
бүгін күн суық	ma hideg (nap) van.	жылы киініп жүр	öltözz melegen!
күн	nap	киіну	felöltözik
Кеше ауа райы қандай болды?	Tegnap milyen idő volt?	Кеше ауа райы жақсы болды.	Tegnap jó/szép idő volt.
Ертең ауа райы қандай болады ?	Holnap milyen idő lesz?	Ертең күн шуақты болады.	Holnap napos idő lesz.
шуақ	(nap) sugár, napos	күн шуақ	napsütéses nap
жел	szél	шуақты ауа райы	napos idő
жел соғып тұр	fúj a szél	желді ауа райы	szeles idő
жаңбыр	eső	жаңбырлы күн, жаңбырлы ауа райы	esős nap esős idő
жаңбыр жауып тұр	esik az eső	бүгін жаңбыр жауады	ma eső lesz

бұлт, бұлтты күн	felhő, felhős idő	бұлтты ауа райы бұлтсыз ауа райы	felhőtlen idő
қол шатыр	esernyő	қол шатырды ұмытпа	ne felejtsd el az esernyőt!
қар	hó	қар жауып тұр	esik a hó
тұман	köd	қар ериді	olvad a hó
ауа райы бұзылды	az idő elromlott	тұманды ауа райы	ködös idő
салқындау	lehűlik	ауа райы салқындады	az idő lehűlt
жылу	felmelegszik	күн жылыды	az idő felmelegedett
градус	fok	цельсий бойынша ….градус	celsius fok
бүгін неше градус жылы/ суық?	ma hány fok meleg van?	бүгін 5 градус жылы. ертең 3 градус суық болады.	ma 5 fok meleg van. holnap 3 fok hideg lesz.
аумақ (аумағы)	terület	бөлік (бөлігі)	rész (része)
соған байланысты	emiatt, ezzel kapcsolatban	байланысты	kapcsolatos
солтүстік	észak	оңтүстік	dél
шығыс	kelet	батыс	nyugat
ел	ország	өңір	táj
бұрқасын	kisebb hóvihar	аймақ	régió
дауыл	vihar, orkán	күшті	erős
тайғақ	síkos, csúszós	жолдар тайғақ болады	az utak síkosak lesznek
әртүрлі	különböző, nem egyforma	-дан /-ден астам	meghalad valamit, túlmegy valamin
астам	több, fölötte	жүзден астам	több, mint száz
қаңтар	január	көкек айы	a kakukk hónapja (április)
шілде	július	үшу	repül
жету	elmegy valameddig, megérkezik	ол мені досым деп санайды	barátjának tart engem
ертелеу	korán, korábban	жыл құстары	vándormadarak
найзағай	villámlás, vihar	жақ	oldal, irány
ойнау	játszik, villog, fénylik,	санау	számol, számít valaminek
әрқалай	különbözően, egyenőtlenül,	қоңыр	(feketés) barna, szürkés barna
қатты	kemény	түнге қарай	estefelé
емес	nem	түсу	leereszkedik, lemászik
аптап	forró, hőség	ерте	korai
аздаған	kevés, nem sok	ала бұлт	változó felhőzet

Төрт бағыт - Égtájak

солтүстік	észak	шығыс	kelet
оңтүстік	dél	батыс	nyugat

Айлар – Az év hónapjai

қаңтар	január	шілде	július
ақпан	február	тамыз	augusztus
наурыз	március	қыркүйек	szeptember
көкек /сәуір	április	қазан	október
мамыр	május	қараша	november
маусым	június	желтоқсан	december

Телефон әңгімесі – Telefonbeszélgetés

Балжан : Сәлем, Айнұр! Мен Балжанмын. Қалайсың?

Айнұр: Сәлем, Балжан! Шүкір, жақсымын Рақмет. Ал сен қалайсың?

Балжан: Рақмет, мен де жақсымын. Қазір Алматыдамын.

Айнұр: Тамаша! Алматыда не істеп жүрсің? *Ez nagyszerű? Mit csinálsz Almatiban?*

Балжан: Туыстарыма келдім. *A rokonaimhoz jöttem.*

Айнұр: Туыстарың аман ба? *Jól vannak a rokonaid?*

Балжан: Иә, құдайға шүкір, бәрі жақсы. *Igen, hála Istennek, mind jól vannak.*

Айнұр: Бүгін сіздің қалаңызда ауа райы қандай? *Milyen idő van ma Almatiban?*

Балжан: Бүгін таңертең күн бұлтты болды және аздап жел соқты. Бірақ түстен кейін күн ашылды. *Ma délelőtt felhős és kicsit szeles idő volt, de délután napos idő lett.*

Айнұр: Жаңбыр жауды ма? *Esett az eső?*

Балжан: Түнде жаңбыр жауыпты, бірақ таңертең тоқтады. Түнде де, таңертең де тұман болды. *Éjszaka esett az eső, de reggel elállt. Éjszaka és reggel köd volt.*

Айнұр: Ал ауа температурасы қанша (градус) болды? *És hány fok volt ma?*

Балжан: Ауа температурасы түнде 6-8 С° градусқа дейін төмендеді, күндіз + 17-18 С° градус жылы болды. *A hőmérséklet éjjel 6-8 C° fokig süllyedt, napközben + 17-18 C° fok meleg lett.*

Айнұр: Ал Астанада ауа райы қандай? *És Asztanában milyen idő van?*

Балжан: Бұл жерде әлі жаңбыр жауып, жел соғып тұр. Бұл жерде Алматыға қарағанда екі-үш градус салқын. *Itt még esik az eső és fúj a szél. Itt 2-3 fokkal hűvösebb van, mint Almatiban.*

Айнұр: *Қолшатырыңды ұмытпа! Ne felejtsd (otthon) az esernyőt!*

Балжан: Алаңдама! Қолшатырым өзіммен бірге. Астанаға қашан қайтасың?
Ne aggódj! Itt van nálam az esernyő. Mikor jössz vissza Asztanába?

Айнұр: Сенбіде қайтамын. Өзіңе абай бол! Бар жақсылықты тілеймін!
Szombaton megyek vissza. Vigyázz magadra! Minden jót (kívánok)!

Балжан: Айнұр, көп рахмет. Сен де өзіңе абай бол! Уақытты жақсы өткіз! Сау бол!
Nagyon köszönöm. Te is vigyázz magadra! Kellemes időtöltést! Szia!

Айнұр: Сау бол!

Айнұр és Балжан - női nevek

әлі – még

алаңдау – nyugtalan, aggódik

күту – vár, ápol valakit, gondoskodik valakiről

абай – óvatos, körültekintő, абай бол! - Vigyázz magadra!

қайту − visszatér, visszamegy

өткізу – tölt (időt), уақыт өткізу − - időt tölt, әңгіме өткізу – beszélgetést folytat
Уақытты жақсы өткіз! − Kellemes időtöltést! (szó szerint: jól töltsd az időt!)

өз – maga

өзім – magam, өзің – magad, өзіңіз – (ön) maga, өзі – (ő)maga
өзіміз – magunk, өздерің – magatok, өздері − maguk

Az өз – *maga* visszaható névmás kaphat birtokos személyragot és főnévi esetragot is.
Pl.: Өзіңе абай бол! *Vigyázz magadra!* (szó szerint: Légy óvatos/körültekintő!)

12.1.Gyakorlat

Balzsan és Ajnur párbeszéde alapján állapítsa meg, hogy melyik kijelentés igaz, és melyik hamis! Húzza alá a megfelelő választ!

Шын – Igaz. *Жалған* – Hamis

Айнұр телефонмен Балжанға қоңырау шалды.	Шын, Жалған
Балжан Алматыға барады, ал Айнұр Астанада қалады.	Шын, Жалған
Балжан Алматыға жұмысқа кетті.	Шын, Жалған
Балжанның туыстары ауырып жатыр.	Шын, Жалған
Алматыда таңертең күн ашық болып, күндіз жаңбыр жауды.	Шын, Жалған
Түнде де жаңбыр жауды.	Шын, Жалған
Таңертең тұман болды.	Шын, Жалған
Ауа температурасы түнде 6-8 градусқа дейін көтеріліп, күндіз 17-18 градусқа дейін төмендеді.	Шын, Жалған
Алматыға қарағанда Астанада салқын болды.	Шын, Жалған
Балжан жексенбі күні Астанаға қайтады.	Шын, Жалған

-ға/-ге қоңырау шалу – felhív valakit telefonon, telefonál valakinek
қоңырау – harang, csengő

12.2.Gyakorlat

Találja meg a kazak szavak magyar megfelelőit!

1	тұманды	a	esős
2	қарлы	b	meleg
3	шуақты	c	szeles
4	жаңбырлы	d	fagyos
5	жылы	e	felhős
6	желді	f	havas
7	бұлтты	g	hideg
8	аязды	h	ködös
9	суық	i	napos

12.3.Gyakorlat

Írja a szavak mellé az antonímájukat (ellentétes jelentésű szót) !

жылы ↔
шуақты ↔
қыс ↔
қысқарады ↔
көтерілді ↔
салқындады ↔

Қазақ жерінің ауа райы

Қазақстан аумағы үлкен. Соған байланысты ауа райы да әртүрлі, құбылмалы. Қазақстанда жаз құрғақ және ыстық. Елдің солтүстік және орталық бөлігінде қыс өте суық болады. Ең суық ай – қаңтар. Қаңтарда елдің солтүстік пен шығыс өңірінде аяз минус қырық градусқа дейін төмендейді. Ал, оңтүстік пен оңтүстік шығыста суық – жиырма градустан асады. Елдің көп аймағында қарлы, бұрқасынды, кейде күшті дауылдар болады. Жолдар тайғақ болады.

Көктем оңтүстікте наурыз айында келеді. Солтүстікте көктем кештеу көкек айының соңында жетеді. Батыс пен шығыста солтүстікке қарағанда көктем ертелеу келеді. Шілде айында оңтүстікте аптап ыстық болады. Температура қырық градустан асады. Күз, әдетте солтүстікте ертерек түседі. Күндіз жылы, таңертең және кешке салқындау болады. Жыл құстары жылы жаққа үшып кетеді. Солтүстікте күз жаңбырлы болады. Көктемде де, күзде де желді.

Kazakisztán időjárása

Kazakisztán területe nagy. Emiatt tájanként más az időjárás. Kazakisztánban a nyár száraz és forró. Az ország északi és középső részén nagyon hideg a tél. A leghidegebb hónap a január. Januárban az ország északi és keleti régiójában mínusz negyven fokig lemegy a hőmérséklet. Délen és délkeleten pedig meghaladja a mínusz 15-20 fokot. Az ország számos pontján a tél havas, hóviharokkal, néha erős hurrikánokkal. Az utak csúszósak (lesznek).

A tavasz márciusban érkezik délre. Északon a tavasz április végén köszönt be. Nyugaton és keleten a tavasz korábban érkezik, mint északon. Júliusban délen hőség van. A hőmérséklet meghaladja a negyven fokot. Az ősz általában korábban jön északon. Nappal meleg van, reggel és este hűvösebb lesz. A vándormadarak melegebb helyekre repülnek. Északon ősszel esős lesz az idő. Tavasszal és ősszel az idő szeles.

аумақ – nagyság, mérték, lépték, terület
соған байланысты – emiatt, ezzel kapcsolatban
әртүрлі – különböző, nem egyforma
құрғақ – száraz
құбылмалы – változékony, nem állandó
орталық – középpont, központi
өңір – szegély (ruhán), környék
оңтүстік шығыс − délkelet
-қа дейін төмендейді - ig lemegy
-тан асады – -ot meghaladja
кейде – néha, időnként
күшті – erős
дауыл – vihar, orkán
тайғақ – síkos, csúszós, nem állandó
көкек айы április (szó szerint: a kakukk hónapja)
жету – elmegy valameddig, elegendő, eljut valameddig
-ке қарағанда – valamihez képest
ертелеу – kora reggel, hajnalban, korán
найзағай – villám, vihar, найзағай ойнады – kitör a vihar

бұрқасын – hóvihar, бұрқасынды – hóviharos	аптап – hőség
күн жыланады - meleg idő lesz	кештеу – későn
санау – megszámol, tart valaminek	жыл құстары – vándormadarak
ол мені досым деп санайды – a barátjának tart engem	жақ – oldal, irány
	аяз - fagy
	ыстық - forró

12.4.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésekre az olvasmány alapján

- Қазақстанда ауа райы қандай? Жазы қандай, қысы қандай?
- Қай ай ең суық болып саналады ? Неше градус аяз болады?
- Қай өңірде суығырақ?
- Онда ауа температурасы қанша градусқа дейін төмендейді?
- Қай өңірде қыста онбес-жиырма градустан асады?
- Жолдар қай кезде тайғақ болады ?
- Қарлы бұрқасын, күшті дауылдар қай өңірде болады ?
- Қазақстанның оңтүстік пен оңтүстік шығысында аяз қанша градус болады?
- Елдің көп аймағында қыс қандай болады?
- Қай өңірде көктем ертелеу келеді?
- Қай кезде күн жыланады деп санайды?
- Шілдеде қанша ыстық болады?
- Күзде ауа райы қандай болады?

A дейін és астам névutók

közelítő eset + дейін – ig
градусқа дейін төмендейді – fokig lemegy
үйге дейін – a házig, түске дейін – délig

Бүгін ауа температурасы 30 градусқа дейін көтерілді.
Кеше ауа температурасы минус 10 градусқа дейін төмендеді.

градустан астам – több, mint ....fok
-тан асады – -ot meghaladja
ерте – korai idő, ертелеу – korán, korábban, hamarabb
төмендеу – leesik, leereszkedik,csökken
көтерілу – emelkedik

Könnyű, nehéz

A kazak nyelvben a magyartól eltérően más szót használnak a fizikailag nehéz és átvitt értelemben nehéz értelem kifejezésére, de nem minden szókapcsolat esetében igaz ez a szabály. Pl. nehéз étel. A könnyű esetében még kevésbé lehet szigorú szabályt felállítani, ezért érdemes a gyakrabban használt szókapcsolatokat megtanulni.

жеңіл ↔ ауыр / қиын – *könnyű* ↔ *nehéz*

nehéz (fizikailag)	nehéz (átvitt értelemben)

ауыр жүк	nehéz teher	қиын сұрақ	nehéz kérdés
ауыр салмақ	nehéz súly	қиын іс	nehéz ügy/dolog
ауыр сөмке	nehéz táska	қиын күн	nehéz nap
ауыр атлетика	nehézatlétika	қиын жағдай	nehéz helyzet
ауыр металдар	nehézfémek	қиын жұмыс	nehéz munka
ауыр тамақ	nehéz étel	қиын адам	nehéz (természetű) ember

жеңіл – könnyű (fizikailag és átvitt értelemben is)		оңай – könnyű (nem bonyolult)	
жеңіл салмақ	könnyű súly	оңай есеп	könnyű feladat
жеңіл жүк	könnyű csomag	оңай жұмыс	könnyű munka
жеңіл сұрақ	könnyű kérdés	оңай салат	könnyű saláta
жеңіл іс	könnyű ügy/dolog	оңай жол	könnyű út
жеңіл күн	könnyű nap	оңай олжа	könnyű zsákmány
жеңіл атлетика	könnyűatlétika		
жеңіл жұмыс	könnyű munka		
жеңіл тамақ	könnyű étel		
жеңіл ақша	könnyű (könnyen jött) pénz		

Шетелдіктерге қазақ тілін үйрену қиын ба? – A külföldieknek nehéz kazakul tanulni?
Үш тілді үйрену оңай ма, әлде қиын ба? – Három nyelvet tanulni könnyű vagy nehéz?
Қазақстанға виза алу оңай ма? – Könnyű Kazakisztánba vízumot kapni?

A viszonyító melléknév egyik képzési módja

Képző	alapszó	képzett melléknév
-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті	қар – hó жаңбыр – eső	қыр-лы – havas жаңбыр-лы – esős
	күш – erő	күш-ті – erős
	боран – vihar аяз – fagy жел – szél	боран-ды – viharos аяз-ды – fagyos жел-ді – szeles

A melléknév fokozása - Сын есімнің шырайлары

Csak a tulajdonságot jelentő mellékneveket lehet fokozni.

A középfok (салыстырмалы шырай)

✓ Képzési módjai:

1. -рақ/-рек, -ырақ/-ірек toldalékokkal:

На a melléknév magánhangzóra végződik, -рақ/-рек toldalékot kap:
жақсы-рақ – jobb, әдемі-рек – szebb, күшті-рек – erősebb,
ерте-рек – korábban (ерте –reggel, korai)

На a melléknév mássalhangzóra végződik -ырақ /-ірек toldalékot kap:
аз-ырақ – kevesebb, жарқын-ырақ – világosabb
алыс-ырақ – távolibb, távolabb, жақын-ырақ – közelebbi, közelebb
кеш-ірек – később, үлкен-ірек – nagyobb
Достар, жақынырақ танысайық. – Barátaim, ismerjük meg egymást közelebbről.
Азырақ төле - көбірек тамашала! Fizess kevesebbet, nézz többet. (tévét)
Біздің үй сіздікінен кішірек. A mi házunk kisebb, mint az önöké.
Арман менен жасырақ. - Arman fiatalabb nálam.

A szóvégi **қ** magánhangzó hatására **ғ** lesz.

қ →**ғ**
ыстық+ырақ → ыстығырақ (meleg→ melegebb)
суық + ырақ → суығырақ (hideg → hidegebb)

Ақтауда Ақтөбеге қарағанда ыстығырақ.
Aktauban melegebb van, mint Aktöbében.
Көкшетау Қарағандыға қарағанда суығырақ.

2. -дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу toldalékokkal
Az ily módon képzett középfokú melléknevek azt fejezik, ki, hogy az adott tulajdonság nem teljes mértékben van jelen.
Pl.: тәттілеу – édeskés
ащылау – kesernyés, savanykás, kicsit sós, enyhén csípős;
Тәбетті ашатын, ащылау салат! Étvágygerjesztő, enyhén csípős saláta!
ескілеу – kopottas, viseltes, használt; кереует аздап ескілеу – a kerevet kicsit kopottas
толықтау – kövérkés, enyhén molett;
Ол менен сәл толықтау. – Ő egy kicsit molettebb nálam.
үлкендеу – kicsit nagyobb, nagyobbacska; үлкендеу сәбіз – nagyobbacska sárgarépa
төмендеу– kissé alacsony, kicsit rosszabb, kicsit gyengébb

Zöngés **з, ж,** szonoráns **л м н ң** után **-дау/-деу**

қызыл – piros; қызы**л**-дау – pirosabb (valamivel pirosabb, de nem sokkal)
арзан – olcsó; арза**н**-дау – olcsóbb (valamivel olcsóbb)
Арза**н**дау пәтер іздеймін. *Olcsóbb lakást keresek.*
жеңіл – könnyű; жеңіл-деу – könnyebb
Мұғалім саған жеңілдеу тапсырма берді. *A tanár neked könnyebb feladatot adott.*
әлсіз – gyenge, әлсіз-деу – gyengébb
Әлсіздеу оқушыларға көмектесің! *Segíts a gyengébb tanulóknak!*

Zöngétlen mássalhangzók után **-тау/-теу**

жас – fiatal; жас-**тау** – fiatalabb. Анам әкем**нен** жас**тау**. *Édesanyám fiatalabb édesapámnál.*

ыстық – meleg; ыстық-**тау** – melegebb

Ол ыстық**тау** шай сұрайды. *Ő melegebb teát kér.*

биік – magas; биік-**теу** – magasabb, сәл – egy kicsit

Ол менен **сәл** биік**теу** – *Ő egy kicsit magasabb nálam.*

көп – sok; көп-**теу** – több. Суды көптеу ішіңіз. – *Több vizet igyon!*

Magánhangzók és a szonoráns р, й, л után **-лау/-леу**

ауыр – nehéz, súlyos; ауыр-**лау**

Бізде жұмыс ауыр**лау.** *Nálunk nehezebb a munka.*

тәтті – édes; тәтті-леу – édesebb, édesít

Бие сүтінің дәмі тәтті**леу.** *A kancatej íze édesebb.*

әдемі – szép, әдемі-**леу** – szebb (valamivel), megszépít, szebbé tesz

Сенің сөмкең менікі**нен** әдемі**леу.** – *A te táskád szebb, mint az enyém.*

Az intenzív fokot úgy képezzük, hogy megismételjük a melléknév első szótagját és hozzáadjuk a – п hangot.

Pl.: жап-жақсы – nagyon jó

қара -fekete, қап-қара – nagyon fekete, teljesen fekete

сары - sárga, сап-сары – nagyon sárga, teljesen sárga

әп-әдемі – nagyon szép, ұп-ұзын – nagyon hosszú, біп-биік – nagyon magas,

ап-аласа – nagyon alacsony, қып-қысқа – nagyon rövid, қап-қатты – nagyon kemény

Kivétel az **ақ** – fehér és a **көк** – kék, ezek intenzív foka: **аппақ** és **көкпенбек**

қардай аппақ бет – hófehér arc

көкпеңбек мұз – nagyon kék / teljesen kék jég

қап- қара көздер – nagyon fekete szemek

сап-сары жапырақтар – nagyon sárga levelek

жап-жақсы жұмыс – nagyon jó munka

A felsőfok *(күшейтпелі шырай)*

A melléknév alapfokú alakjából képezzük az өте - nagyon, тым-nagyon, szerfölött, az аса nagyon, ең -leg jelentésű szavakkal.

Példák: өте суық – nagyon hideg, тым ыстық – túl meleg, тым желді – túl szeles, аса үлкен – nagyon nagy, ең жақсы – a legjobb, ең аяз – a legfagyosabb

Сіздің отбасыңызда ең үлкен кім? *Ki a legidősebb a családotokban?*

Ал ең кішісі кім? *És ki a legkisebb / legfiatalabb?*

Сыныптағы ең мықты кім? *Ki a legerősebb az osztályban?*

Ал ең әлсіз кім? *És ki a leggyengébb?*

Қай оқулық ең қалың? *Melyik tankönyv a legvastagabb?*

Ал қайсысы ең жіңішке? *És melyik a legvékonyabb?*

Аккумулятор зауытының ауданы *аса* үлкен.

Az akkumulátorgyár területe nagyon nagy.

Тым ыстық немесе тым салқын тағамдарды жеу денсаулыққа зиян.

A túl meleg és túl hideg ételek fogyasztása káros az egészségre.

12.5.Gyakorlat

A következő szavakhoz kapcsolja a közelítő eset ragját és a **дейін** *-t! Fordítsa le magyarra a kapott szókapcsolatokat!*

Pl.: *түс — түске дейін*

таң —
кеш —
көктем —
жаз —
күз —
қыс —
қала —

12.6.Gyakorlat

Egészítse ki a következő mondatokat!

Бір жылда төрт ..... бар.
Қыста ....., жазда ..... жауады.
....құстары келеді.
..... күн қысқарып, түн ұзарады.
Ертең күн желді .....
Кеше ..... қандай болды? – Өте жылы болды.
Қыста күн .....

12.7.Gyakorlat

Írjon jelzőket a következő szavak elé!

.....қыс
.....қыс
.....қыс
.....күз
.....күз
.....күз
.....жаз
.....жаз
.....жаз

12.8.Gyakorlat

Mi könnyű és mi nehéz? Írja be a következő szavakat és kifejezéseket a megfelelő oszlopokba! Egy-egy szót minden lehetséges oszlopban tüntessen fel!

сабақ, оқушы сөмкесі, атқа міну, көптің алдында ән айту, қазақша сөйлесу, шахмат ойнау, тауға шығу, алтын сақина, құсты суретке түсіру, өлең жазу, дәмді ас әзірлеу, сіздің салмағыңыз, күлу, сіздің қолшатырыңыз, пошта маркасы, жүк көлігі, емтиханға дайындалу

ауыр	жеңіл	қиын	оңай

12.9.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésekre!

– Қазір жылдың қай мезгілі? – Қазір.....мезгілі.
– Қазақстанда қыс өте суық па?
– Мажарстанда жаз жаңбырлы ма?
– Қай мезгілде гүл көп болады?
– Қар қашан жауады?
– Мектеп қай маусымда басталады?
– Жаңбыр жауып тұр ма?
– Сыртта суық па, жылы ма?
– Ауа райы салқындады ма, әлде жылынды ма?
– Бүгін сіздің қалада ауа райы қандай?
– Кеше сіздің өңірде ауа райы қандай болды?
– Ертең сіздің қалада ауа райы қандай болады ?
– Сіздің аймақта көктем желді ме?

részes eset + қарағанда – mint, valamihez képest Ауылдың ауасы қала**ға қарағанда** таза. – *Falun tisztább a levegő, mint a városban.* Далада жаңбыр тауларға қарағанда аз жауады. – *A sztyeppén kevesebb eső esik, mint a hegyekben.*

Jobban kedvel valamit valaminél

-ды/-ді …. -дан/-дан артық көремін	*jobban kedvelek valamit valaminél* *előnyben részesítek vmit vmihez képest*

-дан/-ден гөрі – mint (összehasonlításnál)	теледидардан гөрі кино жақсы *jobb a mozi, mint a televízió*

Jobban szeretem a kávét, mint a teát.	
Мен шайдан гөрі кофені ұнатамын	Мен кофені шайдан артық көремін

артық – *felesleges, jobb, jobban*
артық сөйлеу – *felesleges dolgokat beszél*
артық сұрау –*felesleges dolgot kérdez, feleslegesen kérdez*

- Сен қандай ауа райын жақсы көресің? − *Milyen időjárást szeretsz jobban?*
- Жаңбырдан гөрі қарды жақсы көремін − *Jobban kedvelem az esőt a hónál.*
- Сен қандай мезгілді жақсы көресің? − *Milyen évszakot szeretsz jobban?*
- Көктемді жаздан гөрі жақсы көремін. − *Jobban szeretem a tavaszt, mint a nyarat.*
- Сен көктемді әлде күзді жақсы көресің бе? − *A tavaszt vagy az őszt szereted jobban?*
- Мен екеуін де бірдей жақсы көремін. − *Mindkettőt egyformán szeretem.*

Мен ұлтымды жанымнан артық көремін. − Jobban szeretem a nemzetemet, mint magamat.
Өмірімнен артық көремін сені, ардағым! − Jobban szeretlek, mint az életemet, kedvesem!

Összehasonlítás kifejezése távolító esettel:

A távolító eset végződéseivel (-дан / -ден, -тан /-тен, -нан / -нен) fejezhetjük ki a hasonlítás tárgyát. Magyar megfelelői: -től/-től,-nál/-nél.

Мұхит теңізден үлкен. – *Az óceán nagyobb a tengernél.*
Бала балдан тәтті. – *A gyerek édesebb a méznél.*
Бетегеден биік, жусаннан аласа (тұрақты тіркес).
Magasabb a csenkesznél, alacsonyabb az ürömnél (közmondás)

12.10.Gyakorlat

Írja le, hogy melyik városban milyen idő van és hány fok van! A számokat írja le betűkkel!
Írjon 5 mondatot az egyes városok időjárásának összehasonlításával. Használja a melléknevek fokozását!

Minta: Астанаға қарағанда Алматыда жылы, бірақ Ақтауға қарағанда суық *(Asztanához képest Almatiban melegebb van, de Aktauhoz képest hidegebb van.)*

Ауа райы болжамы – *Időjárás előrejelzés*

Қай қалада ауа райы қандай және қанша градус?
Melyik városban milyen az idő és hány fok van?

Қалалар	Құбылыс Jelenség	Ауа температурасы күндіз және түнде
Ақтау	күн ашық, аздаған жаңбыр жауады	14…20C0
Алматы	күн ашық, аздаған жаңбыр жауады	8….19C0
Жезқазған	күн ашық, желді	5….17C0
Көкшетау	ала бұлтты, күндіз жылы	6….13C0
Астана	күн ашық, жел тұрады	3….12C0
Орал	бұлтты, кей жерлерде нөсер	6….18C0
Семей	күшті жел тұрады, ала бұлтты	0….9C0
Талдықорған	күн ашық, аздаған жаңбыр жауады	7….18C0
Торғай	ала бұлтты, жел соғады	5….16C0
Шымкент	күн ашық, ыстық	11….20C0

Válaszoljon a kérdésekre!
– Қай қала ең суық? *(Melyik városban van a leghidegebb idő?)*
– Ең ыстық күн райы қай қалада? *(Melyik városban van a legmelegebb idő?)*
– Ең жақсы/ауа-райы қай қалада? *(Melyik városban van a legjobb/legszebb idő?)*
– Қай жерде ең жоғары температура? *(Hol a legmagasabb a hőmérséklet?)*
– Ең төмен температура қайда? *(Hol a legalacsonyabb a hőmérsékelet?*

12.11. Gyakorlat

Melyik időjárási jelenség melyik évszakra jellemző? Írja be a szavakat a megfelelő oszlopokba! Egy jelenséget több oszlopba is beírhat.

Қыс / қыста	Көктем / көктемде	Жаз / жазда	Күз / күзде

Бұлтты, қарлы, тұманды, аязды, ыстық, салқын, жаңбырлы, құрғақ, күн шуақты, күн ашық, нөсер, жыл құстары келеді, жыл құстары қайтады, желді, аздаған жаңбыр, бұрқасын, жер жібіді, күн суытады, жер көктейді, гүлдейді, жол тайғақ, аптап ыстық болады, күн жылынады, қар ериді, жапырақтар сарғаяды, жел соғады, жапырақтар түседі, жаңбыр жиі жауады, найзағай ойнайды, күн ысиды, адамдар, өзен, көлдерде шомылады.

12.12. Gyakorlat

Képezze az alábbi melléknevek közép- és felsőfokú alakját és írja be az így kapott szavakat a megfelelő oszlopba!

Сын есімдер	Középfok	Felsőfok
дәмді үлкен кіші аз қымбат тұзды қышқыл жыл суық аяз ыстық қатты		

Алтай тау жоталары

Алтай – Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өңір. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 шақырым. Алтай Батыс Сібір ойпатынан Гоби шөліне дейін созылады. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі. Солтүстік шығыста Батыс Саянмен шекаралас. Алтайдың климаты тым қытымыр. Қысы суық, әрі ұзақ. Қаңтар айының орташа температурасы тауда 27-30 С°, тау етектерінде 13-16 С°. Алтайдың ең жылы кезі – шілде айы. Ең жоғарғы температура Зайсан қазаншұңқырында. Шілдедегі мұндағы орташа температура 18-20 С°, ал 1000-1500 м биіктікте ол 14-16 С°-тан аспайды.

Az Altáj-hegység

Az Altáj egy hegyvidéki régió az ázsiai kontinens közepén. Hossza nyugatról keletre 2000 km. Az Altáj a Nyugat-Szibériai mélyföldtől a Góbi-sivatagig terjed. A természetes határ délen a Fekete Irtis folyó és a Zaisan-tó. Északkeleten a Nyugat-Szajannal határos. Az Altáj éghajlata kontinentalis. A tél hideg és hosszú. A januári átlaghőmérséklet a hegyekben 27-30 °C, a hegyalján 13-16 °C. Az Altáj legmelegebb időszaka a július. A legmagasabb hőmérséklet a Zaisan mélyföldön van. A júliusi átlaghőmérséklet itt 18-20 °C, 1000-1500 m magasságban pedig nem haladja meg a 14-16 °C-ot.

жота − hát, gerinc, тау жотасы − hegygerinc
құрлық – szárazföld, kontinens
тұс− irány, valami széle
орта тұсындағы – a közepén lévő (szó szerint: a középső irányban lévő)
шөл – sivatag
жазық – síkság, sík, sima, lapos
жан-жақ – körös-körül, körben, minden irányban
табиғи – természetes
Сібір − Szibéria

өлке – táj, vidék, , környék, terület
шақырым – kilométer
ойпат – alföld, síkság
климат – éghajlat, klíma
тым – egészen, nagyon, túlságosan
қытымыр – ingerlékeny, könnyen felingerelhető, rideg, zord, fagyos
орташа температура – középhőmérséklet, átlaghőmérséklet
Зайсан көлі – Zajszan-tó
Батыс Саян – Nyugati Szaján (hegyvidék)
шекара – határ
кез – arsin, méter (beszélt nyelvben), idő, pillanat
қазаншұңқыр − völgykatlan
биіктік − magasság
шекара - határ, шекаралас - határos

12.13. Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésekre a fenti szöveg alapján! A szövegben találjon 3 melléknevet és adja meg azok közép és felsőfokát!

Алтай таулары қайда?
Оның ұзындығы қанша?
Алтай таулары қайдан қай жерге дейін жалғасады?
Оның табиғи шекаралары қандай?
Оның оңтүстіктегі және солтүстік шығыстағы табиғи шекараларын атаңыз?
Алтайдың ауа райы қандай? Қай кезде суық, қай кезде жылы? Қанша градус болады?

А деу és а деп használata egyenes beszédben

деу, деп − mond

Ол не деді? – Mit mondott?
Сен не дейсің? – Mit mondasz?

А деу igét egyenes beszédben (төл сөз) használjuk, amikor valaki szavait szó szerint idézzük. A szó szerinti idézetet idézőjelek közé tesszük.
«Сендерге ертең келемін», - деді атам. – *„Holnap eljövök hozzátok” – mondta nagyapám.*
«Ол ертең келе алмайды», - деді әжем. – *„Ő holnap nem tud eljönni” – mondta nagymamám.*
«Мені қатты ренжіттің», - деді анам. – *„Nagyon megbántottál engem”, - mondta édesanyám.*
Amikor a „mondani” cselekvésen kívül bármely más cselekvés végrehajtásáról van szó, vagy érzelmek kifejezéséről, akkor a деу igét **деп** alakban használjuk, amikor valakit szó szerint idézünk.
«Сен маған көмектесесің бе?» - деп *сұрады* досым. – Segítesz nekem? – *ezt kérdezte* a barátom.
«Дипломыңыз бар ма?» - деп *сұрады*. – Van diplomája? – *azt kérdezte* / Azt kérdezte, hogy van-e diplomája.
Олар маған «тоқта!» - деп *айғайлады*. – Állj meg - kiabálták nekem / Azt *kiabálták* nekem, hogy „állj meg”.
«Кет!», деп *айғайлады*. – „Menj!” – *kiabálta*. Azt kiabálta, hogy „menj”.
Ол келмейді деп қорқамын. – Nem jön el, attól tartok / Attól tartok, hogy nem jön el.
Ол ауруханада жатыр деп *естідім*. – Kórházban van, azt hallottam / Azt *hallottam*, hogy kórházban van.

A **деп** számos szerkezetben használatos. Pl.:

-сам / -сем деп едім szeretnék valamit csinálni	-сақ / -сек деп едік szeretnénk valamit csinálni

-са /-се деп едік
Біз кездесеек деп едік. – Szeretnénk találkozni.
Мен осы колледжге барсам деп едім! – Arra a főiskolára szeretnék menni!

12.14. Gyakorlat
Alakítsa ellentétes jelentésű mondattá!

Бұл кісі ерте келді.....
Досыңыз аз сөйлейді екен.....
Дәуреннің бойы ұзын екен. .....
Мына сөмке жеңіл екен. .....
Олар жұмсақ жерде отыр екен.....

12.15. Gyakorlat
Írja be a kipontozott helyekre a megfelelő ragokat és fordítsa le magyarra az így kapott mondatokat!
Балқаш көлі Балатоннан үлкен бе? A Balkas-tó nagyobb a Balatonnál?

Жақан! Ә, Жақан! Ағаңның жасы сенен..... *(idős)* бе еді, ... *(fiatal)* ме еді осы?
Алма алмұрт..... тәтті ме, әлде қауын тәтті ме?
Жылқы еті сиыр еті..... әлдеқайда *(sokkal)* қымбат, өйткені дәмді.
Жеміс түрлері көкөніс..... қымбаттау.
Альпі таулары Карпат..... биік.
Детектив әдебиет роман..... қызықты, себебі көбіне жеңіл оқылады.

шайханашы – teafőző	ысыту – melegít
таңырқау – megdöbben	суыту – hűt
шай ысып тұр – forró a tea	

Időjárással kapcsolatos szólások és közmondások
Сәуір болса, күн күркірер,
Күн күркіресе, көк дүркірер.
Ha április van, dörög az ég,
Ha dörög az ég, a növényzet nő.
Көктемгі әрекет – күзгі берекет. *A tavaszi tevékenység, őszi áldás.*
Көктем – мұрап, күз – диқан. *A tavasz vizet osztó, az ősz földműves.*
Бір гүл – көктем емес. *Egy virág nem tavasz.*
Қаз қаңқылдаса, жаз келер,
Қарға қарқылдаса, күз келер.
Ha liba gágog, jön a nyár, ha varjú károg, jön az ősz.
Жаз – береген, Күз – алаған. *A nyár ad, az ősz elvesz.*
Бұлттан шыққан күн ащы, жаманнан шыққан сөз ащы.

A felhők mögül kijövő nap erős(en süt), az ostoba(ember szájából) kijövő szó keserű(en sért).

Қыстағы қар – жер ырысы. *A téli hó a föld gazdagsága/boldogsága.*

Жаңбырдың басы – тамшы, арты – қамшы.

Az eső kezdete egy csepp, a vége ostor (teher, kényszer, nehézség).

Жеті күн жауған жаңбырдан желіп өткен жел артық. *A 7 napos esőnél jobb a fújó szél.*

Егінші жауында тынар, балықшы дауылда тынар.

A földműves az esőben csendesül el (hagyja abba a munkát), a halász a viharban.

Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер.

Esőtől a föld kizöldül, áldástól az ember felvirágzik.

Іссіз тұрған білімді жаңбырсыз бұлттай.

Жаман кісі күн жаумай су болады.

Az ostoba ember akkor is vizes lesz (elázik), amikor nem esik.

күн күркіреу – dörög (az ég)
балапан – madárfióka
тауықтың балапаны – kiscsirke
қаздың балапаны − kisliba
қамшы – ostor, korbács
арты – vége, hátsó része, utána
артық – felesleges, szükségtelen, több, jobb
егінші – földműves
тыну – elcsendesül, befejeződik, megnyugszik
дауыл − vihar
көгеру – kékké válik, kéklik, kizöldül, zöldell, felvirágzik
бата − áldás

ОН ҮШІНШІ САБАҚ - TIZENHARMADIK LECKE

Көлік, Қалалық көлік. Аялдамада - Közlekedés.Városi közlekedés. A buszmegállóban

Лексика: Автобустағы әңгіме. Таксиде. Жөн сілтеу. Пойызбен жол жүру. Әуежайда. Төлқұжат және кедендік бақылау. Қонақтарды әуежайда қарсы алу.

Грамматика: Көмектес септік. Көмектес септікті сөзбен тіркесетін септеулік. Көмектес септіктегі есім сөзден жасалған үстеу мәнді сөздер. Болымсыздықты білдіру жолдары (мүмкін, мүмкін емес, болмайды)

Lexika: Párbeszédek a buszon. A taxiban. Útbaigazítás. Utazás vonattal. A repülőtéren. Útlevél és vámellenőrzés. Vendég fogadása a repülőtéren.

Nyelvtan: Az eszközhatározó eset. Бірге – együtt. Eszközhatározó esetben álló névszók, amelyekből határozószó lett. Мүмкін, мүмкін емес, болмайды (lehet, nem lehet, tilos).

Қалалық көлік – Városi közlekedés

сапаржай	autóbuszállomás
автобус, автобус аялдамасы	autóbusz, autóbuszmegálló
трамвай, трамвай аялдамасы	villamos, villamosmegálló
троллейбус	trolibusz
келесі аялдама	a következő megálló
соңғы аялдама	az utolsó megálló
отыз екінші автобус	32-es busz
нөмір	szám
рейс	járat
автобусқа/трамвайға міну	felszáll (ni) a buszra / villamosra
автобусқа/трамвайға отыру	felülni a buszra / villamosra
автобустан/трамвайдан түсу	leszáll (ni) a buszról / villamosról
Сіз келесі аялдамада түсесіз бе?	Leszáll (ön) a következő megállóban?
Келесі автобус қашан келеді?	Mikor jön a következő busz?
Бұл орын бос па?	Szabad ez a hely?
билет сатып алу	jegyet vesz (venni)
Бір билет беріңізші!	Adjon, kérem egy jegyet.
Мына автобус автобекетке (стадионға / вокзалға) бара ма?	Ez a busz megy a buszpályaudvarra (a stadionba..a vasútállomásra) ?
Сізде көлік бар ма?	Van önnek autója?
көлік жүргізу	autót vezet(ni)
көлік	jármű, mindenfajta közlekedési eszköz
жол	út
көліктұрақ	parkoló
бекет	állomás

такси, такси шақыру	taxi, taxit hív
Өтінемін, такси шақырыңыз!	Hívjon, kérem taxit!
апару	elvisz, elszállít
Мені қала орталығына/	Vigyen el engem a városközpontba /
әуежайға апарыңыз!	a repülőtérre!
Ана жерде тоқтаңыз!	Ott álljon meg!
Осы жерде күтіңіз, өтінемін!	Itt várjon (meg), kérem!
өтіну	kér, kérlel, kérés
тоқта	megáll
жолақы	viteldíj
үшін	számára
-дан/-ден кейін	valami után
-ден /-ден алыс	messze valamitől
орталық	központi
күту	vár

Автобус аялдамасында – A buszmegálllóban

– Кешіріңіз, жол сілтеп жібересіз бе? *Elnézést, útba tudna igazítani?*

– Тыңдап отырмын. *Parancsoljon.*

– Көк базарға қай автобус барады? *Melyik busz megy a Zöld Piacra?*

– Бұл жерден ол жаққа автобус жүрмейді. *Szerintem, nincs innen olyan busz*

– Бұл жерден Медеуге автобус бара ма? *Megy innen busz a Medeura (jégpályára)?*

– Бұл жерден Медеуге жете алмайсыз. *Olyan járat nem megy innen.*

– Орталық стадионға ше? *Hát a központi stadion felé?*

– Ол жаққа анау аялдамадан автобус жүреді. *Abba az irányba abból a megállóból megy busz.*

– Бұл жерден алыс па? *Messze van innen?*

– Онша алыс емес. *Nem olyan messze.*

– Қалай жетуге *болады?* Hogy *lehet (oda) eljutni?*

– 34-ші автобус барады. *A 34-es busz megy (arra).*

– Стадионға дейін неше аялдама болады? *Hány megálló a stadionig?*

– Шамамен жеті-сегіз аялдама болар. *Körülbelül nyolc-kilenc megálló.*

– Басқа қандай көлік барады? *Még milyen jármű megy (arra)?*

– Метромен де жетуге болады немесе жетінші троллейбусқа отырыңыз. *Metróval is megközelíthető. Vagy szálljon fel a7-es trolibuszra.*

– Автобус жиі жүре ме? *Gyakran jár a busz?*

– Иә, келіп те қалар, біраз күттік. *Igen, nemsokára jön, már várjuk egy ideje (szó szerint: valamennyit vártunk).*

– Рақмет сізге! Көлік те келді. *Köszönöm Önnek, megjött a busz.*

– Канеки отырайық. Жолыңыз болсын! *Gyerünk, szálljunk fel! Jó utat!*

канеки (indulatszó) – igyekvést,	ұят болды-ау – micsoda szégyen!
ösztönzést fejez ki	ондай − olyan
айтып жіберу – megmond	ендеше – ha így van, akkor / tehát
жол айтып жіберу – megmondja az utat,	онша – nem nagyon, nem annyira
útba igazít	жиі – gyakran

*ау – (segédszó) meglepődést, kételyt, sajnálatot fejez ki

жии – gyakran
жіберу – küld; segédige szerepében a jelentést hordozó ige által kifejezett cselekvés befejezettségét jelzi

Melyik megállóban szállunk fel a buszra?	
Автобусқа қай аялдамадан отырамыз?	Автобусқа қай аялдамадан мінеміз?

Ön melyik megállóban száll le a buszról?	
(Автобустан) қай аялдамада түсесіз / шығасыз?	(Автобустан) қай аялдамадан түсесіз / шығасыз?
Келесіден. A következőn Екіншіден / үшіншіден a másodiknál / a harmadiknál	

Автобустағы диалогтер – Párbeszédek a buszon

- Кешіріңіз, бұл қай аялдама? Bocsánat, ez melyik megálló?
- Бұл – Барыс аялдамасы.
- Хан Шатырға* дейін қанша аялдама бар?
- Әлі алыс. Соңғы аялдама болады.

*Барыс аялдамасы – a Párduc nevű profi hokiklub arénájánál lévő megálló
*Хан Шатыр – a „Kán sátra” bevásárlóközpont Asztanában

- Кешіріңіз, Ұлттық мұражайға қай аялдамадан түсуім керек?
- *Bocsánat, a Nemzeti Múzeumhoz melyik megállóban kell leszállnom?*
- Келесі аялдамадан. *A következőn.*
- Сіз келесі аялдамадан түсесіз бе? – *Leszáll a következő megállóban?*
- Жоқ, (мен келесі аялдамадан) түспеймін. – *Nem szállok le a következő megállóban.*
- Мен үшінші аялдамадан түсемін. – *Én a harmadik megállóban szállok le.*
- Рақмет!

– Амансыз ба! Жолақыны қалай төлейміз? *Jó napot! A viteldíjat hogy fizetjük?*
– «Оңай» жүйесі арқылы электронды карточкамен төлейсіз.
Az «Ongai» elektronikus rendszeren keresztül kártyával fizet(het).
– Ондай картам жоқ еді. Осы жерден алуға бола ма? *Nincs ilyen kártyám. Vehetek itt a buszon?*
– Жоқ, оны арнайы дүңгіршектерден сатып аласыз. Оған алдын ала ақша салып қоясыз. *Nem, speciális kioszkokban veheti meg. Előre pénzt kell rá feltöltenie.*
– Қолма-қол төлеуге болмас па екен? *Nem lehet készpénzzel fizetni?*
– Қолма-қол ақшамен жолақысын төлесеңіз екі есе қымбат. *Ha buszon fizet viteldíjat, akkor kétszer drágább.*
– Жолақы автобусқа да, троллейбусқа да150 теңге, зейнеткерлер үшін 70 теңге. *A viteldíj buszra és trolira is 150 tenge, nyugdíjasoknak 70 tenge.*
– Маған бір толық билет беріңізші. *Adjon nekem, legyen szíves, egy egész jegyet!*
– Келесі қандай аялдама? *Mi a következő megálló?*
– Келесі аялдама Абай даңғылы. *A következő megálló az Abaj sugárút.*
– Рақмет. *Köszönöm.*

– Сізге қай жерден түсу керек? *Hol kell leszállnia?*
– Әуезов драма театры аялдамасына дейін алыс па? *Messze van az Auezov Drámai Színház megállója?*
– Онда сізге Стадион аялдамасынан шығуыңыз керек. *Akkor Önnek a Stadion megállónál kell leszállnia?*
– Ол қашан? *Az mikor lesz?*
– Екінші аялдамадан түсесіз. *A második megállónál szálljon le.*
– Соңғы аялдама қай жерде? *Hol van az utolsó megálló?*
– Соңғы аялдама – Орбита шағынауданы. Ол тым алыс. *Az utolsó megálló az Orbita lakótelep. Az túl messze van.*

жүйе – háló, hálózat
электронды жүйе – elektronikus rendszer
арқылы – keresztül, által, valami segítségével,
почта арқылы – a postán (keresztül),
арнайы – speciális, különleges
дүңгіршек – kioszk, elárúsítóbódé, pavilon
алдын-ала – előre, jókor, idejében
салу – tesz, helyez, épít, küld
қолма-қол – azonnal
қолма-қол төлеу – készpénzes fizetés, készpénzzel fizet
ece – rész, osztályrész, sors, büntetés, megtorlás, -szor/-ször
екі ece қымбат – kétszer olyan drága
зейнеткер – nyugdíjas
толық – teljes, толық билет – teljes jegy
келесі – a következő
даңғыл – kitaposott, sima, járt (út), sugárút (neologizmus)
драма театры – drámai színház
стадион – stadion
соңғы – utolsó
шағынаудан – lakótelep, lakónegyed, körzet (a kerület egy kisebb része)

Диалог: Таксиде – *A taxiban*
– Такси тұратын ең жақын жер қай жерде? *Hol van a legközelebbi taximegálló?*
– Оң жақта / сол жақта. *Jobbra /balra van.*
– Такси бос па? *Szabad a taxi?*
– Жоқ, біреуді тосып тұрмын. Ана әріптесімнен сұраңыз! Ол бос шығар. *Nem, várok valakit. Kérdezze meg azt a kollégámat! Ő valószínű szabad.*
– Мені мына мекенжайға апарасыз ба? *Elvinne engem erre a címre?*
– Онда не бар? *Mi van ott?*
– «Диана» қонақ үйі. *A Diana szálloda.*
– Жарайды, отырыңыз. *Rendben, szálljon be!*
– Ол жақын ба (алыс па)? *Az közel (messze) van?*
– Онша алыс емес. *Nincs olyan messze.*
– Қанша төлеуім керек? *Mennyit kell fizetnem?*
– Бір мың бес жүз. *Ezerötszázat.*
– Алыңыз, мінекей, рақмет сізге! *Tessék, vegye (a viteldíjat), köszönöm.*
– Жолыңыз болсын! *Jó utat (önnek)!*

такси тұратын жер – taxiállomás, taximegálló
-ді тосу – vár, fogad, köszönt valakit
бос шығар – valószínű szabad
шырын – lé; жеміс шырыны – gyümölcslé
нақты – pontos

Útbaigazítás – Жөн сілтеу / жол сілтеу

бағыттар − irányok	табу – talál
оңға − jobbra	бірнеше – néhány
солға − balra	қиылыс – kereszteződés
жоғары − fel	артқа қарай жүріңіз – sétáljon hátra/vissza!
алға − előre	тура жүріңіз – menjen egyenesen!
артқа қарай – hátra	адасу – eltéved
бұрыш – sarok	

átmegy / keresztülmegy/ átvág

көшені кесіп өту átvág az utcán / átmegy az utca túlsó oldalára	көшеден өту megy az utcán / átkel az utcán

Көшеден өтерде сол жағыңа қарап ал. – *Amikor átkelsz az utcán, nézz balra!*
Апай, бізге қарай өт. – *Nénikém, gyere át hozzánk (erre az oldalra).*
Көшені тезірек кесіп өт! − *Gyorsabban menj át az utca túlsó oldalára.*
Өзеннің арғы жағына өту оңай емес. − *Nem könnyű átkelni a folyó túlsó partjára.*

Көшенің *келесі бетінде* – Az utca túloldalán.
Өзеннің арғы жағында. – A folyó túlsó partján.

- Сенің үйің қайда?
- Көшенің арғы жағында. Az utca túlsó oldalán.
- Олар көшенің арғы жағындағы/қарсы жағындағы үйде тұрады. – *Ők az utca túloldalán /szemközti oldalán lévő házban laknak.*

шығу ↔ кіру
kimegy ↔ bemegy

түсу ↔ көтерілу / шығу
lemegy ↔felmegy

↑ Жоғарғы қабатқа *көтеріледі* – Felmegy a felső emeletre
Ол тауға *шығады*. – Felmegy a hegyre.
Туристер тауға шықты / көтерілді. – *A turisták felmentek a hegyre.*

− Директордың кабинеті қайда?
− Жеделсатымен ең жоғарғы қабатқа шығыңыз. – *Menjen fel lifttel a legfelső emeletre!*
− Жоғарғы қабаттың қай жерінде? *És ott hol?*
− Оң жақта бірінші есік. – *Jobbra az első ajtó.*

↓ Дүкенге түсіп, нан сатып ал! – *Menj le a boltba és vegyél kenyeret!*
Мен буфетке түсіп, сэндвич сатып алдым. − *Lementem a büfébe és szendvicset vettem.*
Ол жертөлеге түседі. – *Lemegy a pincébe.*
Мен бірінші қабаттағы кітап дүкеніне түстім. *Lementem az első emeleti könyvesboltba.*

-дан /-ден бір қабат төмен egy emelettel lejjebb	– -дан /-ден бір қабат жоғары egy emelettel feljebb

– Асхана қайда?

– Асхана лоджиядан бір қабат төмен орналасқан. *Az étkezde a loggiánál egy szinttel lejjebb van.*

оңға бұрылыңыз ↔ солға бұрылыңыз *forduljon jobbra* *forduljon balra*

- Кешіріңіз, валюта айырбастау орны қайда? *Bocsánat, hol van valutaváltó (hely)?*
- Қаланың орталығында. – *A város központjában.*
- Оған қалай бара алам? – *Hogy juthatok el oda?*
- Түзу жүріңіз, содан кейін екінші көшеден оңға бұрылыңыз. *Menjen egyenesen, majd a második utcásaroknál forduljon jobbra.*

Адасып кеттім. *Eltévedtem.*

- Кешіріңіз, банк қай жақта?
- Бірінші қиылыстан оңға бұрылып, қала орталығына тіке барыңыз. Ол жақта бірнеше банк бар. *Az első kereszteződésnél forduljon jobbra, majd menjen el egyenesen a városközpontig. Ott több bankot is talál.*

– Жаттығу залы қайда? *Merre van az edzőterem?*

– Бірінші қабатта, дәліздің соңында. – *A földszinten van, a folyosó végén.*

Пойызбен саяхат – Utazás vonattal

саяхат	utazás	анықтама бюросы	információs iroda
станция	állomás	билет кассасы	jegypénztár
багажды сақтау	csomagmegőrző	күту залы	váróterem
теміржол вокзалы	vasútállomás	мен күту залында боламын.	a váróteremben leszek.
пойыз, жүрдек пойыз	vonat, gyorsvonat	вагонға кіру / отыру пойыздан түсу	felszáll/beszáll a vasúti kocsiba leszáll a vonatról
платформа	peron	жиырма үшінші вагон	23-as vasúti kocsi
купе	fülkés/kupés kocsi (business class)	плацкарт / эконом класты пойыз	termes fekvőhelyes kocsi (turista osztály)
пойыз вокзалға келді	a vonat megérkezett az állomásra	кондуктор	kalauz
жолаушы	utas	жолсерік	kocsikísérő, kalauz
жүк	csomag	рюкзак / арқақап	hátizsák
чемодан /шабадан	bőrönd	сөмке	táska
кесте	menetrend	келу / жету	érkezés

келетін пойыздар	érkező vonatok	аттанатын пойыздар	induló vonatok
Пойыз Шымкентке қашан жүреді?	Mikor indul a vonat Simkentbe?	Түркістанға пойыз қай платформадан жүреді?	Hányadik peronról indul a vonat Turkesztánba?
аттану / жүру / қозғалыс	indulás	Алматыға дейін бір плацкарт билетін беріңізші!	Adjon, kérem egy platzkart-jegyet Almatiba.
Пойыздың кетуіне /жүруіне қанша уақыт қалды?	Mennyi idő van még (szó szerint: maradt) a vonat indulásáig?	Пойыз Алматыға қашан жетеді?	Mikor érkezik a vonat Almatiba?

*Жолсерік (kocsikísérő) Ő segít a felszállásnál és leszállásnál, ellenőrzi a jegyeket, ágyneműt oszt,teát főz, takarít,szükség esetén elsősegélyben részesíti az utasokat.

тұлпар – szárnyas ló

Тұлпар-Тальго халықаралық жолаушылар жүрдек пойызы Алматыдан Ташкентке (Өзбекстанға) барады. *A Tulpár-Talgo nemzetközi személyszállító gyorsvonat Almatiból Taskentbe (Üzbegisztán) közlekedik.*

жүру станциясы	indulási állomás	келу станциясы	érkezési állomás
бағыт	útirány	жолдағы уақыт	az utazás ideje/ időtartama
вагон типтері	kocsitípusok	аралық	intervallum, köz, időköz, távköz
жалпы вагон	közös kocsi / termes kocsi	түпкілікті	állandó, törzsökös, eredeti
отыратын вагон	ülőhelyes kocsi	соңғы бекет	végállomás
плацкарт	termes kocsi, emeletes ágyakkal	«Нұрлы Жол» сапаржайы	„Fényes út” a fővárosi pályaudvar neve
люкс	luxus	Біз орталық сапаржайға қашан жетеміз?	Mikor érkezünk a központi pályaudvarra?
вагон-мейрам-хана	étkezőkocsi	Алматы-1 Алматы-2	*Almati két pályaudvarának a neve

Алматы-1 вокзалы. Пойыздар кестесі. Аттанатын және келетін пойыздар
Almati-1 pályaudvar. Vonatok menetrendje. Induló és érkező vonatok

пойыз	Бағыт	Жүретін жері Алматы	Түпкілікті бекетке келу	Жолдағы уақыт	Вагон типтері
886Х	Алматы-1 Алтынкөл	07:00	12:52 Алтынкөл	05:52	жалпы

023Х	Алматы1 Ақтөбе	13:32	08:20 Ақтөбе-1	42:48	купе, отыратын мейрамхана
043Т	Алматы1 Костанай	18:00	10:01 Костанай	40:1	купе, плацкарт
077Т	Алматы2 Маңғыстау	00:32	07:05 Маңғыстау	54:33	купе, плацкарт
031Х	Алматы2 Павлодар	12:12	13:35 Павлодар	25:23	люкс, купе, жол жүктік, мейрамхана
011Х	Алматы2 Шымкент	20:17	06:51 Шымкент	10:34	люкс, купе, жолжүктік, мейрамхана
379Т	Алматы2 Орал	22:33	09:15 Орал	58:42	купе плацкарт жолжүктік

Forrás: https://tickets.kz/kk/gd/railwaytracker/table/alma-ata-1

A kazak vonatokon 3 osztály van:

- Гранд класс, más néven „Люкс”класс. *kétszemélyes hálófülke zuhanyzóval, vécével*
- купе, fülkés kocsi,» Бизнес» *osztálynak is nevezik. 4-vagy2-személyes zárható fülkék, fekvőhelyekkel.*
- плацкарт/плацкарт, másik neve:„Эконом сынипты пойыз”

**a platzkart – helyjegy szóról kapta a nevét. A turista osztálynak felel meg. Népszerű az alacsony ára miatt. A„плацкарт”kocsik termes kocsik emeletes ágyakkal. A FÁK országaiban ismert ez a típus. Ezeken kívül van még „отыратын”, azaz ülőhelyes kocsi is.*

Қазақша анекдот

Пойызда.

Жолаушы: - Әй, жолсерік, мені Қарағайлыда оят дегенім қайда?!

Жолсерік:- Ойбууу! Әрең оятып, көтеріп түсіріп жібергенім жаныңыздағы жолдасыңыз болды-ау, ә?!

A vonaton.

Az utas: - Ó, kalauz, hát nem azt kértem, hogy ébresszen fel Karagajliban?

Kalauz: - Ajaj! Akkor, akit nagy nehezen felköltöttem, felemeltem és leszállítottam (a vonatról) az a maga melllett lévő útitársa volt?

ояту – felébreszt, felkölt

әрең – alig, nagy nehezen

Ұшақпен саяхат – utazás repülővel

ұшақ	repülő	әуежай	repülőtér
кеден	vám	шекаралық қызмет	határszolgálat
ұшып келу	érkezés (a repülőtéren)	төлқұжат тексеру	útlevélellenőrzés
ұшып кету	indulás (a repülőtéren)	отырғызу талоны	beszállókártya

ұшаққа билет сату /аэрокасса	repülőjegy-pénztár	әуежайдың ақпараттық қызметі	repülőtéri tudakozó / információs szolgálat
Әуежайға қалай баруға болады ?	Hogy lehet eljutni a repülőtérre?	саяхат бағыты / рейс	út (vonal) , járat, repülőjárat
Атырау рейсіне орын бар ма?	Van jegy az Atirau járatra?	№... рейс қашан ұшады?	A … számú járat mikor indul?
ұшу кестесі / рейстер кестесі	repülőjáratok menetrendje	Ұшақ қашан ұшады?	Mikor indul a gép?
-ға (-ге) келесі ұшақ қашан ұшады?	Mikor megy a következő repülő …. -be?	ұшақ/рейс кешігеді	késik a járat
қону	leszáll, landol	күту залы	váróterem / érkezés
тіркеу	regisztráció	ұшақ келіп қонды	a repülő leszállt / landolt
халықаралық рейс	nemzetközi járat	ұшақ қашан қонады?	Mikor száll le a repülő?
ішкі рейс	belföldi járat	рейс тоқтатылды	a járatot törölték

Әуежайда рейске тіркеу – Regisztráció a repülőtéren

Әуежайда ішкі және халықаралық рейстер жеке-жеке тіркеледі.

A belföldi és a nemzetközi járatokat külön-külön regisztrálják a repülőtéren.

➢ *Ішкі рейс – Belföldi repülőjárat*

Ішкі рейске билеттер мен жүкті тіркеу үшін жолаушы әуежайға рейс ұшардан бұрын кемі 2 сағат бұрын келуі керек. *A belföldi járat jegyeinek és poggyászának regisztrálásához az utasnak legkésőbb a járat indulása előtt 2 órával meg kell érkeznie a repülőtérre.*

➢ *Халықаралық рейс − Nemzetközi repülőjárat*

Халықаралық рейске билеттер мен жүкті тіркеу үшін жолаушы әуежайға рейс басталғанға дейін кемі 3 сағат бұрын келуі керек. *A nemzetközi járat jegyeinek és poggyászának regisztrálásához az utasnak legkésőb a járat indulása előtt 3 órával meg kell érkeznie a repülőtérre.*

➢ Жолаушы ұшақ рейсіне 48 сағат қалғанда online режимде тіркеліп, ұшақтағы орынды таңдай алады. *Az utas a járatra 48 órával a repülés előtt online regisztrálhat és helyet választhat a gépen.*

Әуежайда көбіне сізден отырғызу талонын көрсету сұралады. Оны алдын-ала басып пшығару керек. *A repülőtéren többnyire kérik a beszállókártya bemutatását. Azt előzetesen ki kell nyomtatni.*

➢ Ұшаққа отырғызу 40 минут бұрын басталады және ұшудан 10 минут бұрын аяқталады.

A repülőgépbe a beszállás indulás előtt 40 perccel kezdődik és indulás előtt 10 perccel ér véget.

Әуежайдың ақпараттық қызметіне қоңырау шала аласыз:

Hívhatja a repülőtéri információs szolgálatot.

Рейс járat	қайдан honnan	Жоспарлы tervezett	Нақты pontosan	мәртебе állapot	терминал	әуекомпания légitársaság
FZ1705	Дубай	18:45	18:25	қонды leszállt	T1	T1
KC978	Ақтөбе	19:05	18:45	қонды leszállt	T2	AirAstana
IQ400	Ақтөбе	19:15	19:10	уақытылы a menetrend szerinti időben	T2	QazaqAir
KC7384	Түркістан	20:00	20:35	кешіктірілді késik	T2	FlyAristan

Қазақстанда 11 әуе компаниясы бар. Air Astana – елдегі ірі әуе компаниясы. Air Astana компаниясына тиесілі FlyArystan еншілес арзан авиакомпаниясы бар. Сол сияқты Qazaq Air және SCAT, Ертісавиа әуе компаниялары ел ішінде және көрші елдерге рейстер орындайды.

Kazakisztánban11 légitársaság van. Az AirAstana, az ország vezető légitársasága. A Fly Arystan egy fapados légitársaság, az Air Astana leányvállalata. Hozzá hasonlóan a Qazaq Air, a SCAT és az Irtysh Airlines légitársaságok is belföldre és a szomszédos országokba üzemeltetnek járatokat.

---

ipi – hatalmas, nagy
тиесілі – valakihez, valamihez tartozó, a
еншілес – társörökös
еншіле компания – leányvállalat
арзан авиакомпания – fapados légitársaság
орындау – teljesít
кешіктірілді - késik
сияқты – hasonló; сол сияқты – ahhoz hasonlóan
кешіктірілді – késik
бір сағаттан кем – kevesebb, mint egy óra

Mik vannak egy repülőtéren?

− авиакассалар,
− тіркеу үстелдері− *check-in pultok*
− жүкті тіркеу пункті – *csomagregisztrációs pont*
− валюта айырбастау пункті – *valutaváltó hely*
− банкоматтар – *bankautomaták (ATM-ek)*
− багажды орау – *poggyászcsomagolás*
− алғашқы жәрдем көрсету – *elsősegély nyújtó hely*
− сақтау камерасы *(tárolókamra)* багаж және қолжүктерін сақтау камерасы – *csomag és kézipoggyász megőrző*
− дүкендер, мейрамханалар, ана мен бала бөлмесі, шылым шегуге арналған бөлме *(dohányzásra kijelölt terem),* денсаулық пункті, дәріхана, полиция, анықтама бюросы (ügyfélszolgálat)
− жұмыс уақыты: тәулік бойы *(munkaidő (nyitvatartás): éjjel-nappal)*

кешіктірмей – nem késlekedve, késedelem nélkül
online режимде тіркелу – online regisztrálás
таңдау – választ, kiválaszt
көбіне – többnyire
алдын-ала-előzetesen
басып шығару – kinyomtat
отырғызу – ültetés, ültet
жүрілу ???– a жүру ige szenvedő alakja
жеке-жеке – külön-külön
трансфер – transzfer, átszállás
кем дегенде – a legkevesebb, minimum
тікелей рейс – közvetlen járat
сол сияқты – hasonlóképpen
алыс жолға – hosszú utra

деген – nevezett, nevű

„Алдар Көсе мен ұры" **деген** ертегі маған өте ұнайды. – Nekem nagyon tetszik az „Aldar Kösze és az tolvaj" című (szó szerint: nevezett) mese.

Метафора **деген** не? – Mi a metafóra? / Mi az, hogy metafóra? (szó szerint: Mi a (úgy) nevezett metafóra?

Будапештten Астанаға ұшақпен

- Будапештten Астанаға қалай ұшуға болады?
- Ыстамбұл немесе Франкфурт арқылы трансфермен ұша аласыз. *Isztambuli vagy frankfurti átszállással repülhet.*
- Ұшу қанша сағат?
- Ыстамбұлдағы трансфермен кем дегенде 9 сағаттық жол.
- Астанадан Будапешт неше шақырым? *Asztanától Budapest hány kilométer?*
- 3740 шақырым.
- Будапештten Астанаға тікелей рейс жоқ па? *Nincs közvetlen járat Budapestről Asztanába?*
- Бұрын болған, бірақ қазір жоқ. *Korábban volt, de jelenleg nincs.*
- Астанаға арзан әуе компаниялары ұшады ма? Repülnek Asztanába fapados légitársaságok?
- Иә, бірнеше арзан авиакомпаниялардың Астанаға рейсі бар. Igen, néhány fapados légitársaságnak van Asztanába járata.

13.1. Gyakorlat

Fordítsa le a szöveget magyarra

Алыс жолға ұшақпен жүреді. Қазақстан аумағы өте үлкен. Сондықтан адамдар ұшақпен қатынағанды* жақсы көреді. Бірақ ұшақпен жүру қымбат. Алыс шетелден қонақтар мен саяхаттаушылар Қазақстанға ұшақпен жетеді. Әуежайда мен қазір шетелден келген қонағымды қарсы аламын. Себебі досым Қазақстанға ұшып келе жатыр. Оның ұшағы қазір ғана келіп қонды. Кеден мен төлқұжат тексеруден өтті. Қазір сыртқа шығады.

қатынау – ide-oda járás, közlekedés
жақсы көреді – szeret(nek)
қымбат – drága
қарсы алу – fogad (valakit az állomáson, repülőtéren)
қазір ғана – éppen most
төлқұжат тексеруден өтті – átment / túlvan az útlevélellenőrzésen
өту – átmegy, keresztülmegy
сыртқа шығады – kijön

13.2. Gyakorlat

Olvassa el a párbeszédet és fordítsa le magyarra!

Әуежайдағы төлқұжат және кедендік тексеру

Útlevél-és vámellenőrzés a repülőtéren

- Сәлеметсіз бе! Қазақстан шекара қызметі. Төлқұжатыңызды көрсетіңізші.
- Сәлеметсіз! Мінекей.
- Қай елдің азаматысыз?
- Мажарстанның
- Визаңыз бар ма?
- Бір жылдық визам бар. Әлбетте, мажар азаматтары Қазақстанда визасыз бір айға дейін жүре алады
- Келу мақсатыңыз қандай?
- Әлбетте, іскерлік.
- Қазақстанға шақыруыңыз бар ма?
- Әрине, бизнес серіктесімнің компаниясынан. Көрсету керек пе?
- Жоқ, тек келу мақсаты деген*сауал үшін ғана керек.
- Саусағыңызды тетікке басыңыз. Бір-бірлеп, алдымен бас бармақты, онан сұқ саусақ, ортаңғы саусақ деген ретпен.
- Жарайды. Саусақ табы дайын.
- Жоғарыдағы камераға қараңыз.
- Көші-қон карточкасын толтырдыңыз ба?
- Иә, баратын қонақүй мекенжайын да көрсеттім.
- Мінекей, мөр бастым.Төлқұжатыңызды алыңыз.
- Рақмет!
- Ары қарай жүгіңізді аларда кеден тексеруі мүмкін.
- Жақсы.
- Ол үшін кеден декларациясын толтырыңыз. Жолыңыз болсын!
- Рақмет!

мінекей – tessék, parancsoljon
виза – vízum
шақыру – meghívás, kihív, meghív
іскерлік виза – üzleti vízum (tudományos programokra és sporteseményekre is ilyet lehet kérni)
келу мақсаты – a jövetel célja
сауал – kérdés
серіктес – partner
тетік – eszköz, berendezés, készülék
басу – (meg)nyom, lép
алдымен – először
бір-бірлеп – egyesével
саусақ – kézujj
басбармақ – nagyujj
сұқ саусақ – mutatóujj (szó szerint: mohó ujj)
ортаңғы саусақ / ортантерек – középső ujj
шылдыр шүмек – gyűrűsujj
кішкентай саусақ – kisujj
саусақ табы (мөрі) – ujjlenyomat
жоғарыдағы – fenti, fent lévő
камера – fényképezőgép, kamera
көші-қон – elvándorlás, bevándorlás, áttelepülés
көші-қон карточкасы – bevándorlási / migrációs kártya
толтыру – kitölt
баратын қонақ үй – a hotel, ahol megszáll
көрсету – (be)bizonyít, bemutat
мөр басу – (le)pecsétel, pecsétet nyom
тексеру – ellenőriz, kontrollál, ellenőrzés
-а/-е байланысты – valamivel kapcsolatos
ары қарай – tovább
кедендік тексеру – vámellenőrzés
декларация – nyilatkozat, deklaráció

13.3. Gyakorlat

Fordítsa le a„Vendégfogadás a repülőtéren” párbeszédet. Készítse el saját verzióját

Әуежайда қонақты қарсы алу.

Міне, менің қонағым да сыртқа шықты
- Армысың Андраш, қош келдің!
- Амансыз ба, достым Айболат! Қош болдық!
- Қалай жеттің?
- Рақмет, жақсы. Аздап шаршадым.
- Жол ұзақ болды ма?
- Иә, Ыстанбұлда трансфер жасадым. Онда үш сағат күттім.
- Ұшақ та сәл кешігіп қонды.Төлқұжат тексеруін де ұзақ тұрдық.
- Неге?
- Себебі бір адамдардың визасына қатысты сұрақтар туындады. Күтіп қалдық.
- Сонша ұзақ күттіңдер ме?
- Жоқ, онша ұзақ емес. Керісінше, қол жүгімізді алу үшін ұзақ күттік әрі кеденшілер де тексерді.
- Әкел, жүгіңе көмектесейін.
- Мінекей.
- Мархабат!
- Мында бір шай немесе кофе ішіп алайық па?
- Жоқ, қонақ үйге жетіп алайын.
- Онда* (akkor), кеттік.
- Көлігің қайда?
- Сыртқы автотұрақта тұр. Мен көлігімді шығар есікке қарай жақындатып әкелейін.
- Келістік.

міне – íme
сыртқа шығу – kijön, jön kifelé
аздап – egy kicsit
әрі – méghozzá
трансфер жасау – átszáll
күту – vár
сәл – egy kicsit
кешігу – késik
кешігіп қонды – késéssel landolt
ақау – hiba, defekt
сонша – annyi, annyira
онша – nem annyira
неге? – miért?
себебі – azért, mert

Сонша ұзақ күттіңдер ме? – Olyan sokat vártatok?
Онша ұзақ емес. – Nem olyan sokat
керісінше – viszont
қол жүгі – kézi poggyász
кеденші – vámos
кеденшілер де тексерді – a vámosok is ellenőriztek
жүгіңе көмектесейін – hadd segítsek a csomagoddal
Мархабат – kérem (válasz a köszönömre)
шығар есік – kijárati ajtó
келістік – rendben, megbeszéltük
келу мақсаты деген сауал – ’a jövetel célja’ kérdés

Көмектес септік − Az eszközhatározó eset

Eszközhatározó esetben a főnevek a кіммен? kivel? немен? mivel? қалай? hogyan? kérdésre felelnek.. Az eszközhatározó eset végződései: -бен,-пен,-мен. Csak lágy alakjuk van. Kivételes esetnek számít, hogy a kemény szavakhoz is lágy toldalék járulhat.

Pl.: ұшақпен,трамваймен.

Megjegyzés. *A többi török nyelvben nincs eszközhatározó eset, nem tartják külön esetnek, csak kötőszónak. Más török nyelvekben régies alakja-bilan,-bilen, az oszmán törökben ile alakban létezik. Mivel csak lágy alakja van, ezért eszközhatározó esetben a magánhangzóharmónia szabálya ebben az esetben nem érvényesül.*

		a szó utolsó hangja	***rag***	***példák***	
кіммен? немен? қалай?	kivel? mivel? hogyan?	жз	-бен	қызбен пойызбен	lánnyal vonattal
		zöngétlen mássalhangzók /б, в, г, д	-пен	ұшақпен автобуспен	repülővel autóbusszal
		magánhangzók /szonoránsok	-мен	трамваймен таксимен әжемен	villamossal taxival nagymamával

(**szonoráns hangok:* м, н, ң, л, р, у, й)

Az eszközhatározó esetben álló főnév lehet:
- a cselekvés eszköze: қарындашпен жаздым (ceruzával írtam)
- lehet közlekedési eszköz:

жұмысқа велосипедпен барамын (kerékpárral járok munkába)
- lehet olyan személy, akivel együtt végzi az alany a cselekvést:

– Балалармен циркке барамын (Cirkuszba megyek a gyerekekkel)
– Кіммен кездестің? (Kivel találkoztál?)
– Досыммен кездестім (A barátommal találkoztam).
– Кіммен сөйлестің? (Kivel beszélgettél?)
– Құрбыммен сөйлестім (A barátnőmmel beszélgettem).

1-диалог

- Сіз жұмысқа немен барасыз? -*Mivel megy munkába?*
- Мен күн ашықта жаяу жүремін. Жаңбырлы күндері үйге автобуспен қайтамын. Ал сіз ше? – *Derűs napokon gyalogolok. Esős napokon busszal megyek haza. És Ön (mivel jár)?*
- Мен де жаяу жүргенді ұнатамын, бірақ жұмысқа көлікпен барамын. *Én is szeretek sétálni, de autóval járok a munkahelyre.*
- Неліктен`(неге)? *Miért?*
- Мен жұмыс орнымнан алыс тұрамын. – *[mert] Távol lakom a munkahelyemtől.*
- Бақытыма орай, мен жұмысыма жақын тұрамын. *Szerencsémre én közel lakom a munkámhoz (a munkahelyemhez).*
- Бұл жақсы ғой. *Ez nagyon jó.*
- Бүгін жаяу келдіңіз бе? *Ma gyalog jött?*
- Қазір көлігім жөндеуде, сондықтан автобуспен келдім. *Most szervízben van a kocsim, ezért busszal jöttem.*
- Ертең жұмыс жоқ, не істейсіз? *Holnap munkaszüneti nap, mit fog csinálni?*
- Базарға барып, азық-түлік аламын. *Kimegyek a piacra és veszek ételt-italt.*

- Базарға немен барасың? *Mivel mégy a piacra?*
- Мен әдетте трамваймен барамын. *Általában villamossal megyek*

13.4. Gyakorlat

Írjon párbeszédet az alábbi minta alapján! Tegyen fel kérdéseket a nyári szünettel kapcsolatban a kazak barátjának. Válaszoljon is a kérdésekre!

Жазғы демалысты *(nyári szünetet)* қайда, кіммен өткіздің *(töltötted)?*
- Жазғы демалысымды отбасыммен Римде өткіздім *(töltöttem).*
- Онда немен бардыңдар? Пойызбен бе немесе *(vagy)* ұшақпен бе?
- Біз ұшақпен бардық. Бақытымызға орай *(szerencsénkre)* ұшақ билетін арзанға *(olcsón)* алдық.
- Римді көп араладыңдар ма *(sétáltatok)?*
- Иә, көп жаяу жүрдік *(gyalogoltunk),* метромен де жүрдік.
- Римдіктер көбіне немен жүреді *(mivel közlekednek)?*
- [Олар]көлікпен, автобуспен, трамваймен немесе метромен қатынайды *(közlekednek),* көптеген жастар мотоциклмен немесе велосипедпен жүреді *(jár).*

өткізу – tölt (időt)
жөндеу – kijavít, megjavít, szerviz
жаяу жүргенді ұнату – szeret sétálni
немен жүреді? – mivel közlekednek?
бағыма қарай – szerencsémre
Рим – Róma, римдік – római
аралау – járkál, kóborol, meglátogat (múzeumot)
қайтарда – visszatérőben, visszatéréskor

A személyes névmások (есімдік) eszközhatározó esetben:

менімен	velem	бізбен	velünk
сенімен	veled	сендермен	veletek
сізбен	önnel	сіздермен	önökkel
онымен	vele	олармен	velük

Példák az eszközhatározó eset használatára

Сенімен сөйлесуге бола ма? Beszélhetek veled?	Сізбен сөйлесуге бола ма? Beszélhetek önnel?

Мен онымен телефонмен сөйлестім.	Мен онымен *телефон арқылы* сөйлестім
Telefonon beszéltem vele	

Тойда кіммен биледің? Kivel táncoltál a lakodalomban?	Тойда сүйіктіммен биледім. A kedvesemmel táncoltam a lakodalomban.

Шашымызды немен тараймыз?	(Біз) шашымызды тарақпен тараймыз.
Mivel vasaljuk a ruhánkat?	Fésűvel fésüljük a hajunkat.

Қолымызды немен жуамыз? Mivel mossuk a kezünket?	Қолымызды сабынмен жуамыз. Szappannal mossuk a kezünket.

Қолымызды немен сүртеміз? Mivel töröljük meg a kezünket?	Қолымызды сүлгімен сүртеміз. Törölközővel töröljük meg a kezünket.
Киімімізді немен үтіктейміз? Mivel vasaljuk aruhánkat?	Киімімізді үтікпен үтіктейміз. (Vasalóval) vasaljuk a ruhánkat.
Немен тазалап жатырмыз. Mivel takarítunk?	Шаңсорғышпен тазалап жатырмыз. Porszívóval takarítunk.
Біз немен көреміз? Mivel látunk?	Көзімізбен көреміз. A szemünkkel látunk.
Біз немен естиміз. Mivel hallunk?	Біз құлағымызбен естиміз. A fülünkkel hallunk.

тарақ – fésű
жуу – mos
сабын – szappan
сүрту – töröl
сүлгі – törölköző
үтік – vasaló

есту – hallás,hall
шаң – por
сору – szívás,szív
шаңсорғыш – porszívó
өзің – jómagad, өзім – jómagam

Бірге-együtt

А бірге jelentése együtt.

бірге – együtt	менімен бірге	velem együtt
	бізбен бірге	velünk együtt
	олармен бірге	velük együtt

A **бірге** használata: Ha valakivel együtt megyünk vagy csinálunk valamit, akkor nem elég csak eszközhatározó esetet használni, a **бірге** szót is kötelező kitenni. Az eszközhatározó eset önmagában azt jelenti, hogy járműként vagy eszközként használjuk a másikat, ezért emberek esetében nem hagyhatjuk el. Ebben az esetben az ige többes számba kerül.

Досыммен **бірге**	музыка тыңдадық – zenét hallgattunk
	ас пісірдік – főztünk
	киноға бардық – moziba mentünk
	балық аладық – horgásztunk
	Италияға бардық – Olaszországba mentünk
	түскі ас іштік – ebédeltünk
	ұшақпен ұштық – repültünk

Viszont a találkozni, beszélgetni igék esetében nem kell a **бірге** szót használni !
Ebben az esetben a találкozni, beszélgetni jelentésű ige egyes számban marad.

Досыммен сөйлестім – A barátommal beszéltem.
Туыстармен жолықтым – A rokonokkal összefutottam.
Әншімен кездестім – Egy énekessel találkoztam.
Атаммен әңгімелестім – A nagyapámmal beszélgettem.

Pl.: кездесу – találkozni valakivel.
- «Кеше кіммен кездестіңіз? Kivel találkoztál tegnap?
- Досыммен кофеханада кездестім. A barátommal egy kávéházban találkoztam.

De, а кездес**тір** – műveltető igealak tárgyesetet vonz.
Мен әдемі жігітті кездес**тір**дім. Láttam egy jóképű srácot (véletlenül összefutottam vele, azt nem fejezi ki az ige, hogy beszélgettem-e vele. Az igéhez kapcsolódó főnév tárgyesetben áll)

Бірге:
- Баланы мектепке кім апарады? Ki viszi a gyereket iskolába?
- Балам мектепке менімен бірге барады.Түсте анасымен бірге қайтады.
A fiam velem együtt indul (otthonról) iskolába. Délben az anyjával megy haza.
- Көлікпен барасыңдар ма? *Járművel mentek?*
- Иә, көлікпен барамыз. Бірақ, кейде мектепке дейін жаяу жүреміз.
Igen,autóval megyünk. De néha sétálni szoktunk.
- Ал сен жұмысқа немен барасың? *Te mivel mégy a munkahelyre?*
- Жұмысқа метромен барып жүрмін. Қайтарда да метроға мінемін. *A munkahelyre metróval szoktam menni. Visszafelé is felszállok a metróra.*
- Ал, өзің ше? *És te?*
- Ал, мен бүгін жұмысқа көршілеріммен бірге келдім, қайтарда сендермен бірге қайтамын. – *Ma a szomszédaimmal jöttem, vissza pedig veletek megyek.*
- Жексенбі күні тойға бірге барайық! *Vasárnap együtt menjünk a lakodalomba!*

Eszközhatározó esetben álló névszók, amelyekből határozószó lett

кезекпен – sorban, egymás után	кезек – sor
шынымен – valóban, ténylegesen	шын – igazság, igazi
қалпымен – úgy, mint mindig, szokás szerint	қалпы – állapot, helyzet
жайымен – nem sietve, nyugodtan higgadtan	жай – csendes, lassú
ретімен / рет-ретімен – sorrendben, sorban	рет – sor, -szor/-ször, indíték, ürügy
түйдегімен – csomóval / boggal, garmadával	түйдек – gomolyag (por, füst), csomó

Ондада кезекпен қызмет көрсетіледі. *Ott is egymás után (sorban) szolgálnak ki.*
Жаңа пәтер кезекпен беріледі. Себебі 47 600 адам кезекте тұр. *Az új lakást sorban adják, mert 47 600 ember vár a sorára.*
Бұл, шынымен, тамаша кітапхана екен. *Ez valóban nagyszerű könyvtár.*
Шынымен жеңілгеніміз бе? Tényleg vereséget szenvedtünk? *(szó szerint: le lettünk győzve)*
Шынымен ашуландың ба? *Tényleg megharagudtál?*
Қазақ-түрік лицейлері баяғы қалпымен жұмыс істей береді. *A kazak-török líceumok a korábbi szokás szerint (a korábban megszokott módon)működnek tovább.*
Сол естеліктерді жайымен қағазға түсірем. *Azokat az emlékeket apránként papíron rögzítem.*
Сандарды кему ретімен жазыңыз. *Írja le a számokat csökkenő sorrendben!*
Сөздерді алфавиттік ретімен орналастыр. *Rendezd a szavakat ábécé sorrendbe!*
Есіме жақсы ойлармен түйдегімен түсті. *A jó ötletek garmadával jutottak eszembe.*
Ақын сөзді түйдек-түйдегімен төгіп отырды. *A költő ontja a szavakat.*

қызмет көрсету – kiszolgálás, kiszolgál
кезек – sor, кезекте тұр – sorban áll
жеңілу – vereséget szenved
ашулану – (meg)haragszik
бәз баяғы – korábbi, régebbi
кему – csökken, gyengül
естелік – emlék
ой – gondolat, ötlet, vélemény, tudat, értelem
есіме түсті – eszembe jutott
төгу – kiönt, összeönt, szétszór
түйдек – gomolyag (por, füst), gombolyag (pamut), csomó, garmadával
түйдек-түйдегімен келу – árad, özönlik tömegesen

13.5. Gyakorlat

Tegye eszközhatározó esetbe a következő főneveket és alkosson mondatokat a szavakkal!
Сен немен жазасың? Válaszoljon is a kérdésekre!

қалам (toll)	-бен, -пен, -мен		жазамын
қарындаш (ceruza)			
фломастер (filctoll)			
бор (kréta)			

Válaszoljon a kérdésre! Немен сызасың?(Mivel rajzolsz/vonalazol?)

Немен қиямыз?(Mivel vágunk?)

пышақ (kés)	-бен, -пен, -мен		қиямыз
қайшы (olló)			

Қазақтар шайды немен ішеді? Mivel isszák a kazakok a teát?

бал (méz)	-бен, -пен, -мен		ішеді
сүт (tej)			
қант (cukor)			
лимон			

Немен жүреміз? Mivel közlekedünk?

ұшақ	-бен -пен -мен		саяхаттаймыз барамыз келеміз қайтамыз
пойыз			
машина			
автобус			
трамвай			
метро			
велосипед			
мотоцикл (motorkerékpár)			

Сіз тауға кіммен барасыз? Kivel megy a hegyre?

досым	-бен, -пен, -мен	**бірге**		барамын
қыздар				
әріптестер				
отбасым				
Жанаргүл				
Кенжебек				
сыныптастар				
туристер тобы				
мұғалімдер				
мұғалімдер				

қайту – visszajön
сыныптас – osztálytárs
туристер тобы – túristacsoport

13.6. Gyakorlat

Egészítse ki a névmásokat az eszközhatározó eset megfelelő végződésével!

(Мен) сен.....……кездестім *(Veled találkoztam).*

Мен...……..базарға барасың ба? *(Eljössz velem a piacra?).*

Сен…….. сөйлескім келеді *(Veled akarok beszélni).*

Сіз ол…….....болды..... ба? *(Vele volt ön?).*

Біз…..... театрға барғың келе ме? *(Akarsz velünk színházba jönni?).*

Кеше балалар сендер…. ..... болды ма? *(Tegnap veletek (együtt) voltak a gyerekek?).*

Мен түстен кейін олар…….сөйлестім *(Délután velük beszélgettem)*

13.7. Gyakorlat

Keresse meg az első oszlopban lévő szavak párját a második oszlopban, miután kiegészítette a főneveket az eszközhatározó eset végződésével! Minta: тарақпен тараймыз

шаңсорғыш……	сүртіңіз
құлағымыз…	көреміз
сабын….	үтіктейміз
телефон……	тараймыз
тарақ….	тазалаймыз
көзіміз……	естіміз
сүлгі….	жуамыз
үтік……	сөйлесеміз

13.8. Gyakorlat

Írja be a kipontozott helyekre az eszközhatározó eset ragját, ahol kell, ott a бірге szót is használja!

Біз достар.....келе жатырмыз.
Жол ұзақ. Бірақ автокөлік..... келе жатырмыз.
Олар демалысқа балалар.....кетті.
Олар Италияға ұшақ ..... кетті.
Маржан киноға құрбы.....кетті.
Олар автобус ..... кетті.
Қонақтарға біз.....баратын болдық.
Мен анам.....базарда болдым.
Біз базарға такси..... бардық.

-сыз/-сіз **nélkül**
Kemény szavakhoz -сыз, lágy szavakhoz – сіз toldalék járul.

főnév+сыз/сіз	қантсыз	cukor nélkül
	нансыз	kenyér nélkül
	сүтсіз	tej nélkül
	етсіз	hús nélkül
	билетсіз	jegy nélkül
	қатесіз	hibátlan, hibátlanul
	жансыз	lelketlen, élettelen, «besúgó»
	кәдіксіз	kétségtelenül

- Сіз шайды немен ішесіз? Қантпен немесе қантсыз? *Ön hogy issza a teát? Cukorral vagy cukor nelkül.*
- Мен шайды аз ғана қантпен ішемін. *Kevés cukorral iszom a teát.*
- Сіз жолға қалай шығасыз? Жүкпен бе, әлде жүксіз бе?
Ön hogy utazik? Csomaggal vagy csomag nélkül?
- Көбіне жүкпен жүрем, бірақ бұл жолы жүксізбін. *Általában csomaggal utazom, de most csomag nélkül.*
- Бала тапсырманы қалай жазды? Қатемен немесе қатесіз. *Hogy írta meg a gyerek a feladatot? Hibásan vagy hibátlanul?*
- Көп қатемен. *Sok hibával.*
- Оған көп жаттығу керек, сонда қатесіз болады. *Sokat kell gyakorolnia, akkor hibátlan lesz.*
- Сіз оған көмектесесіз бе? *Segít neki?*
- Көмектесер едім, бірақ көзім нашар көреді. *Segítenék, de rosszul látok.*
- Сіз көзілдіріктен немесе көзілдіріксіз оқисыз ба? *Ön szemüveggel vagy szemüveg nélkül olvas?*
- Мен көзілдіріксіз оқи алмаймын. *Szemüveg nélkül nem tudok olvasni.*

Қазақтың мақал-мәтелдері – Kazak szólások és közmondások
Күйесіз қазан жоқ, қайғысыз адам жоқ. – *Férj nélkül nincs üst, bánat nélkül nincs ember.*
Отансыз адам – орансыз бұлбұл. – *A hazátlan ember – erdő nélküli csalogány.*
Адам ойға тоймас, қасқыр қойға тоймас. – *Az embernek nincs elege a gondolatból, a farkasnak pedig nincs elege a birkából.*

Отан отбасынан басталады. – *A haza a családdal kezdődik.*

13.9. Gyakorlat

A következő szavakhoz illessze a -сыз/-сіз megfelelő alakját és fordítsa le magyarra az így képzett szavakat és alkosson velük mondatokat!

көлік.....
кілт.....
шапан.....
қалпақ.....
телефон.....
қолшатыр.....
ақша.....
тамақ.....
сүйек.....
тұз.....

Lehet – nem lehet/tilos

Állító alak	Tagadó alak
Főnév igenév +-ға/-ге,-на/-не болады ↔ Főnév igenév +-ға/-ге,-на/-не болмайды	
	Főnévi igenév+мүмкін емес

Főnévi igenév + -ға/-ге,-на/-не + бола ма? **Иә,**…-ға/-ге,-на/-не болады. **Жоқ,…**-ға/-ге,-на/-не бол**май**ды. Főnévi igenév+мүмкін емес	Кіруге бола ма? – Be lehet jönni? **Иә,** кіруге болады. – Igen, be lehet jönni. **Жоқ,** кіруге бол**май**ды ! – Nem szabad bejönni ! / Bejönni tilos! Кіру **мүмкін емес**. Nem lehet bejönni.

Kérdésben az átmenő jelen idejű ige egyes szám 3. személyben elveszíti a-ды/-ді végződését,ezért kérdésben a **бола ма?** alakot használják,
a válaszban pedig a болады alak szerepel.

Viszont tagadó alakban a kérdésben is megmarad a -ды/-ді, болмайды ма? ami udvariás kifejezés. Отыруға болмайды ма?
Erre kétféleképpen lehet valaszolni:
– Иә, өкінішке қарай, болмайды. - Igen, sajnos nem szabad.
– Жоқ, болады. - De, lehet.

főnévi igenév + -ға/-ге болмайды – nem szabad / tilos!
Темекі шегуге болмайды! – Dohányozni tilos!
Суретке түсіруге болмайды! – Fényképezni tilos!
Көлден балық аулаға болмайды. – A tóban horgászni tilos!
Көлде шомылуға болмайды! – A tóban fürödni tilos!

13.10. Gyakorlat

Fordítsa le kazakra a következő kérdéseket és adjon rájuk állító és tagadó választ!

Le lehet ülni? (отыру) Отыруға бола ма?
Nem szabad leülni? (отыру) Отыруға болмайды ма?

Ki lehet menni? (шығу)
Nem szabad kimenni (шығу)
Nem lehet kimenni.

Lehet kérdezni? (сұрау)
Nem lehet kérdezni? (сұрау)
Nem lehet kérdezni.
Nem szabad kérdezni.

Lehet venni?/ El lehet venni?(алу)
Nem lehet venni? / Nem lehet elvenni?
Nem lehet venni.
Nem szabad venni.
Meg lehet nézni?(көру)
Nem lehet megnézni? (көру)

Lehet enni?(жеу)
Nem lehet enni? (жеу)
Nem lehet enni.
Nem szabad enni.
Lehet inni?(ішу)
Nem lehet inni? (ішу)
Nem lehet inni.
Nem szabad inni.

Lehet írni? (жазу)
Nem lehet írni? (жазу)
Nem lehet írni.
Nem szabad írni.

13.11. Gyakorlat

Kérjen engedélyt a következő igékkel kifejezett cselekvések végrehajtására a minta szerint és adjon rájuk igenlő vagy tagadó válaszokat!

Minta: Мұнда билеуге бола ма? Билеу мүмкін емес. Билеуге болмайды. Әрине, билеуге болады.

билеу (táncol)
ұйықтау
жүзу
теледидар қарау
кофе ішу
билет сатып алу
бастау (kezd)
сөйлесу
музыка(ны) тыңдау
ән айту (énekel)

домбыра ойнау
киім жуу
пойызға отыру
тауға шығу (hegyet mászik, felmegy a hegyre)
велосипед айдау (kerékpározik)
душқа түсу
хат жіберу (levelet küld/felad)
көмектесу (segít)

13.12. Gyakorlat
Tegyen fel kérdéseket a megadott szavakkal!

Қала орталығы	-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не	қалай баруға болады ?
Базар		
Халықаралық әуежай		
Байтерек мұнарасы		
…қонақ үйі		
Әзірет Сұлтан мешіті		
Нұрлы жол вокзалы		

Қала орталығы − városközpont
Байтерек мұнарасы – Bajterek-torony a kazak főváros szimbolikus építménye, kilátó is egyben
Әзірет Сұлтан мешіті – Hazret Szultán mecset
азық-түлік – élelmiszer
емделу – gyógyítás
емхана – rendelőintézet (bejáró betegek számára)

13.13. Gyakorlat
Tegyen fel kérdéseket az alábbi mondatokra
Minta: Мен азық-түлік алу үшін дүкенге анаммен бірге бара жатырмын.
Сен азық-түлік алу үшін дүкенге кіммен бара жатырсың?

Мен азық-түлік алу үшін дүкенге анаммен бірге бара жатырмын.
Менің досым Қазақстанға ұшақпен келе жатыр.
Менің мұғаліммен телефонмен сөйлесуім керек.
Маған опера ұнайды, сондықтан жексенбі күні досыммен бірге операға барамын.
Арман қарындашпен сурет салады.
Студенттік емханаға 11-ші троллейбуспен барады.

13.14. Gyakorlat
Milyen kérdésekre adták a következő válaszokat?
– .... ?
– Біз Қазақстанға өткен аптада ұшақпен келдік.
– .... ?

– Ертең Түркістанға пойызбен шығамыз.
– ....?
– Жолға дайындықсыз шығуға болмайды.
– .... ?
– Мен кеше түстен кейін дүкенге тамақ алу үшін базарға бардым.
– .... ?
– Бүгін билет сатып алу үшін досыммен бірге вокзалға бардық.
– .... ?
– Біз вокзалға тезірек бару үшін таксиге отырдық.
– ....?
– Кері троллейбуспен асықпай қайттық.
– .... ?
– Жылы киімсіз жолға шығуға болмайды.

Қазақ мақалы;
Ескісіз жаңа болмас, жаңасыз ескі болмас.
Régi nélkül nincs új, új nélkül nincs régi (ruha).

Көш көлігімен, мал түлігімен сәнді
A vándorlás hátas állattal / szekérsorral, a vagyon jószággal szép.

Көлікке қатысты жұмбақ – Közlekedéshez kapcsolódó találós kérdések
Бір малға екі бала мінгеседі,
Айлап-жылдап түспестен күн кешеді.
Egy jószágra két gyerek szállt fel
Hosszú ideig leszállás nélkül élik napjaikat.
(түйенің өркештері - a teve púpjai)

Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,
Есіркеп ешбір адам жемдемейді.
Жүк емес жануарға жүз адам да,
Доғасын сымға сүйкеп, жол жөнейді.
(Трамвай)

Egy szárnyas ló, amelyik nem iszik vizet és nem eszik,
Megsajnálva őt senki sem eteti meg,
A szegény állatnak száz ember se teher,
Áramszedőjét a vezetékhez dörzsölve halad előre.
(Villamos)

есіркеу – együttérez valakivel, sajnál
сым – drót, huzal
доға – ív, körív, villamoskocsi áramszedője
жөнеу – indulás, elindul, halad

көлік – hátas vagy igás állat, szekérsor, kocsisor, közlekedés
айлап-жылдап – hosszú ideig
күн кешу – él (szó szerint: átlépi a napokat)
өркеш – púp

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ - TIZENNEGYEDIK LECKE

Тамақ және базардан азық-түлік алу - Élelmiszervásárlás és étkezés

Лексика: Тағам түрі. Қазақтың тамақтану әдеті туралы және ұлттық тағамдары. Қазы мен шұжық. Шай ішу. Азық-түлік дүкенінде. Базарда. Ет рецепті. Асханада. Дәмханада. Алматы ‘Көк Базары’. Дастарқан.

Грамматика: Ырықсыз етіс. Бұйрық рай. Өткен шақ есімше. Есімшенің болымсыз түрі (болған жоқ). Күшейткіш демеуліктер (да /де, та/те). Сын есімнің райына мысалдар.

Lexika: Étkezés. Ételek. A kazak étkezési szokásokról. Kazak nemzeti ételek. Mi a különbség a kétfajta lókolbász között? A teaivásról. Az élelmiszerboltban. A piacon. Rausan asszony receptje. Az étkezdében. A büfében. Az almati Kök Bazárban. Dasztarhán – a terített asztal.

Nyelvtan: A szenvedő ige. A felszólító mód. Болған жоқ − nem volt. A múlt idejű melléknévi igenév (-ған / -ген). Да /де, та/те – is, sem. Példák a melléknév fokozására.

азық-түлік дүкені	élelmiszerbolt	сүт дүкені	tejbolt
наубайхана	pékség	көкөніс дүкені	zöldséges bolt
қасапшы	hentes	базар	piac
балық дүкені	halbolt	супермаркет	szupermarket
сату	eladás, elad, kereskedik	сатып алу	vásárlás, vásárol, vesz
сатушы	eladó	сатып алушы	vevő, vásárló
көгөніс сатушысы	zöldségárus	нан пісіруші	pék
балық сатушысы	halárus	қасапшы	hentes
Сүт сатушы	tejárus	баға	ár
сүт өнімдері	tejtermékek	нан өнімдері	pékárúk
сүт	tej	нан	kenyér
қоюланған сүт	sűrített tej	тоқаш	kerek perec, teasütemény, zsemle
сүт сусындары	tejes italok	бауырсақ	fánk alakú kenyér (forró olajban sütik)
қымыз	kumisz (erjesztett kancatej)	шелпек	lepénykenyér (forró olajban sütik)
шұбат	erjesztett tevetej	тандыр	kemence
айран йогурт	joghurt alapú ital joghurt	тандыр нан	a kemence belső falára tapasztva sütött lepénykenyér
сүт қосылған кофе	tejeskávé	ұн	liszt
какао	kakaó	күріш қоңыр күріш	rizs barna rizs
ірімшік	a túró és a sajt közötti átmenet	тары	köles
қаймақ	tejföl (forralt tejből)	кеспе	makaróni, száraztészta

құрт	sózott, szárított túrógolyók (juhtejből)	ет өнімдері	húsáruk
май	olaj, vaj, zsír	маргарин	margarin
сарымай	tisztított vaj (szó szerint sárga vaj)	салями	szalámi
өсімдік майы	növényi olaj	ет	hús
күнбағыс майы	napraforgóolaj	сиыр еті	marhahús
зәйтүн майы	olivaolaj	жылқы еті	lóhús
қарта	lóbél (sózott, szárított vastgabél)	түйе еті	tevehús
қазы	lókolbász (bordai részből készült, kissé füstölt és szárított)	тауық еті	tyúkhús, csirkehús
шұжық	lókolbász (a ló különböző részeiből készül)	күркетауық еті	pulykahús
балық	hal	шошқа еті	disznóhús /sertéshús

аш Сен ашсың ба?	éhes Éhes vagy?	Ас дәмді болсын!	Jó étvágyat! (szó szerint - Az étel finom legyen!
қарным ашты	Éhes vagyok.	Тамақтан алыңыз!	Vegyen az ételből!
Қарным тойды!	jóllaktam	Дәм татып отырыңыздар!	Vegyenek! (Kóstolják meg!)
Шөлдедің бе?	Szomjas vagy?	қарын	has
Мен шөлдедім.	Szomjas vagyok.	асқазан	gyomor

түскі ас ішейік	ebédeljünk!	дайын ас	készétel
Ас болсын!	Jó étvagyot!	Дәм татып отырыңыздар!	Kóstolják meg/ szedjenek!
тағам рецепті	ételrecept	Тамақ алыңыздар	vegyenek/szedjenek
шұжықтың дәмін (татып) көріңіз	kóstolja meg a lókolbászt!	Қазыдан ауыз тиіңіздер!	Kóstolják meg a kazi lókolbászt!
Не пісіріп жатырсың?	Mit főzöl?/ Mit készítesz?	Саған көмектесейін бе?	Segítsek neked?
Дәмханада дәмді тағам жасалады.	Finom ételeket főznek a kávéházban.	Кешкі ас дайындап жіберейін!	Hadd készítsem el én a vacsorát!

Сержан мырза азық-түлік дүкенінде - *Szerzsán úr az élelmiszerboltban*

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз! Айта беріңіз. Не аласыз? *Üdvözlöm. Parancsoljon. Mit vesz?*
- Маған бір нан, бір литр майлы сүт беріңіз. Алты дана тоқаш қосыңыз.
  Adjon nekem egy kenyeret és egy liter zsíros tejet. Tegyen hozzá hat darab zsemlét.
- Мінекей.

- Нан өнімдері бүгінгі ме? *A pékáru mai?*
- Әрине, бүгінгі. Тағы не керек? *Természetesen. Mi kell még?*
- Екі жүз елу грамм шұжық, жарты кило ірімшік, оған қоса тағы жарты кило сүзбе. *Kétszázötven gramm kolbász, fél kiló sajt és még fél kiló túró.*
- Қазір. Мінеки, алыңыз. ……. *Íme (itt van)*
- Рақмет!
- Тағы не аласыз? *Mit vesz még?*
- Болды ғой деймін. Бағасын есептеңіз. *Ennyi (volt). Számolja ki az árát!*
- Кәнекей, екі мың жеті жүз елу теңге болды. Банк картасымен немесе қолма-қол ақшамен төлейсіз бе? *Nos, kétezer-hétszázötven tenge. Bankkártyával vagy készpénzzel fizet?*
- Қолма-қол ақшамен, алыңыз міне. *Készpénzzel, tessék, vegye (el).*
- Артылған ақшаңызды алыңыз. *Vegye el a visszajáró pénzét!*
- Рақмет, сау болыңыз! *Köszönöm. Viszontlátásra!*
- Келіп тұрыңыз. *Jöjjön máskor is!*

сұрай беріңіз – parancsoljon
дана – darab
қосу – hozzáad
нан өнімдері – pékáruk
ірімшік − sajt
сүзбе – túró
қазір – most, mindjárt
ғой – (segédszó - befejezettség, helyeslés értelmet ad a kijelentésnek) hát, nos, hiszen
баға − ár
есептеу – számol, összeszámol, kiszámol
артылған ақша − visszajáró pénz

Көк базарда – A Zöld piacon

Сәлеметсіз бе!	*Üdvözlöm.*
Сізде кептірілген жемістер бар ма?	*Van aszalt gyümölcse?*
Тұздалған қызанақ ше?	*Sózott paradicsom (van-e) (befőttes üvegben teszik el, fokhagymával, tormalevéllel)*
Қызанақтың килограмы қанша? Үш жүз теңге	*Mennyi a paradicsom kilója?* *Háromszáz tenge*
Алманың қилосы ше? Ол да (дәл сонша).	*És az alma kilója?* *Az is ugyanannyi.*
Сіздерде анар бар ма? Анар бар /жоқ. Бір бума жасыл пияз беріңіз.	*Van önnél gránátalma?* *Van / nincs gránátalma* *Egy csomó újhagymát kérek (adjon).*
салмақ	*súly*
Мына қарбыздың салмағы қанша тартады? Шамамен бес жарым килограмм.	*Mennyi a súlya ennek a görögdinnyének?* *Körülbelül öt és fél kiló.*
жарты кило қияр	*fél kiló uborka*
бір жарым килограмм алмұрт	*másfél kiló körte*
екі кило алма	*két kiló alma*
үш жүз грамм бадам	*300 gr mandula*
екі-үш құрма	*Kettő-három, datolyaszilva*

……. дәмді ме?	*finom a …...?*
Құрма піскен бе?	*Érett a datolyaszilva?*
Қауын тәтті ме?	*Édes a sárgadinnye?*
Шабдалы піскен бе?	*Érett az őszibarack?*
…… балғын ба?	*friss a ……..?*
Жұмыртқа жаңа ма?	*Friss a tojás?*
Алты жұмыртқа берінізші!	*Adjon, legyen szíves, hat tojást!*
Айтыңызшы, тандыр нан жаңа піскен бе?	*Mondja, kérem, friss a kemencés kenyér?*
Бұл кешегі нан.	*Ez a kenyér nem friss.*
Маған екі жүз грамм халуа беріңізші!	*Kétszáz gramm halvát adjon nekem, legyen szíves!*
Не сатып алдың?	*Mit vettél?*
Бір қауын сатып алдым.	*Egy sárgadinnyét vettem.*
Алмұрт сатып алдың ба?	*Vettél körtét?*
Жоқ, алмадым.	*Nem vettem.*
Інжір өте қымбат болды.	*A füge nagyon drága volt.*
Кезекке тұру керек.	*Sorba kell állni! / Be kell állni a sorba!*
Бағасы қанша?	*Mennyi az ára?*
Бұл өте қымбат.	*Ez nagyon drága.*
Бағасы онша қымбат емес.	*Az ára nem olyan drága.*
арзан емес	*nem olcsó*

.....қанша тұрады? Mennyibe kerül a .....?

.....тың келісі қанша тұрады? Mennyi a ..... kilója?	Бір келі ..... қанша тұрады? Mennyibe kerül egy kiló .....?

Жеміс-жидектер	**Gyümölcsök [és bogyók]**
алма	alma
ананас	ananász
банан	banán
лимон	citrom
апельсин	narancs
анар	gránátalma
құрма	datolyaszilva
інжір	füge

өрік	kajszibarack, sárgabarack
шабдалы	őszibarack
шие	meggy, cseresznye
алхоры	szilva
жүзім	szőlő
қаражидек	áfonya
қарлыған	pöszméte
қызылқат	ribizli
бүлдірген	szamóca
құлпынай	földieper
қарбыз	görögdinnye
қауын	sárgadinnye
бадам	mandula
картоп	burgonya
таңқұрай	málna
паприка, болғар бұрышы	paprika kaliforniai paprika
қызанақ	paradicsom
қияр	uborka
баклажан	padlizsán
шалғам	retek
қызылша	cékla
салат	saláta
капуста	káposzta
жержаңғақ	mogyoró
мейіз	mazsola
кептірілген жемістер	aszalt gyümölcsök

Көгөністер	***Zöldségfélék***
савой қырыққабаты	kelkáposzta
түсті қырыққабат	karfiol
шалқан (кольраби)	karalábé
асқабақ	tök
кәді	cukkini
сәбіз	sárgarépa
балдыркөк	zeller
желкек	petrezselyem
аскөк	kapor
асқабақ	tök
қызыл пияз	vöröshagyma
усарымсақ	fokhagyma
жасыл пияз	újhagyma
жасыл бұршақ	zöldborsó
бұршақ	borsó
түйебұршақ	bab
жүгері	kukorica

Сержан мырза базарда − Szerzsán úr a piacon

- Сізде қызанақ пен бұрыш бар ма? *Van önnek paradicsomja és paprikája?*
- Иә, неше кило керек? *Igen, hány kiló kell?*
− Қызанақтың килосы қанша тұрады? Ал бұрыш ше? *Mennyi a paradicsom kilója? Hát a paprikáé?*
- Қызанақтың келісі 900 теңге, ал паприка бұрыштікі 800.
- Бұл өте қымбат. *Ez nagyon drága.*
- Арзандау бермейсіз бе? Nem adná olcsóbban?
- Мұндай әдемі қызанақтарды еш жерден арзанға ала алмайсыз. Сонымен қатар, бұл қызанақ пен бұрышта химиялық заттар жоқ. *Ilyen szép paradicsomot sehol sem tud venni olcsóbban. Ráadásul ebben a paradicsomban és paprikában nincs vegyi anyag.*
- Ендеше маған 1 кило қызанақ пен жарты кило бұрыш беріңізші.
Akkor adjon nekem, legyen szíves 1 kiló paradicsomot és fél kiló paprikát.
Сәбізден екі кило, қызылшадан жарты кило оған қоса бір бума жасыл пияз беріңізші.
A sárgarépából két kilót, a céklából fél kilót, azonkívül egy csomó zöldhagymát adjon, kérem.
- Тағы. *Még (valamit)?*
- Ірі картоптан екі кило салыңыз. *Tegyen oda két kiló burgonyát is a nagyobbakból.*
- Мінекей, тағы не керек? *Tessék, mi kell még?*
- Желкек және аскөк беріңіз. Оған қоса, 4 сарымсақ беріңіз. *Adjon petrezselymet és kaprot, azonkívül adjon 4 fej fokhagymát.*
- Менде дәмді жүзім де бар. Арзанға беремін. *Van finom szőlőm is. Olcsón adom.*
- Оның дәмін татуға болады ма? *Meg lehet kóstolni?*
- Әрине, дәмін татуға болады. Қандай? *Természetesen, meg lehet kóstolni. Na milyen?*
- Бұл шынымен піскен және дәмді. Маған бір жарым келі жүзім де беріңізші, өтінемін!
Ez tényleg érett és finom. Adjon, kérem, másfél kiló szőlőt is.
- Басқа бірдеңе керек пе? *Kér még valami mást?*
- Рақмет, жетеді. *Köszönöm, elég ennyi.*
- Барлығы қанша болды? *Összesen mennyibe kerül?*
- Алты мың төрт жүз елу теңге. *6450 tenge.*
- Міне, алыңыз, рақмет! *Íme, vegye (a pénzt), köszönöm.*

сауда – kereskedelem, kereskedés, vita, szemrehányás
химиялық зат – vegyi anyag
ұмыту − elfelejt
тағы – még; újra, ismét
кесектеп − nagy adagokban, nagy darabokban
қоса – együtt, ráadásul, оған қоса – ezenkívül
дәм тату − megkóstol

Сержан мырза дүкен мен базардан үйіне азық-түлікке толы 3 дорбамен келді.
Szerzsán úr élelmiszerrel teli 3 szatyorral jött haza a boltból és a piacról.

Сержан мырза: Мен келдім. Не сатып алғанымды қара, жаным! *Megjöttem. Nézd meg, kedvesem, hogy miket vásároltam!*
Раушан ханым: Қазір бос емеспін. Түскі ас әзірлеп жатырмын. *Most nem vagyok szabad. Éppen ebédet főzök.*

Сержан мырза: Сатып алған азық-түлікті қайда қоюым керек? *Hova tegyem a vásárolt élelmiszereket?*

Раушан ханым: Сүт өнімдері мен көгөністерді тоңазытқышқа қой, бірақ картопты осында әкел, өтінемін! Тоқаштарды үстелге, ал нанды ас үй шкафына қой.

A tejterméket és a zöldségeket tedd be a hűtőbe, de a krumplit hozd ide, kérlek! A zsemléket tedd az asztalra, a kenyeret pedig a konyhaszekrénybe.

Раушан ханым: Көгөніс пен жемістер қымбаттап кетіп пе? *A zöldségek és gyümölcsök nem lettek drágábbak?*

Сержан мырза: Бұрыңғы бағалар ғой. Дегенмен, күзде сәл арзан. *Ezek a szokásos árak. Ősszel azonban egy kicsit olcsóbb.*

Раушан ханым: Салат немесе қияр сатып алдың ба, жаным? *Salátát vagy uborkát vettél, lelkem?*

Сержан мырза: Уайымдама, оларды да жақсы бағаға сатып алдым. *Ne aggódj, jó áron vettem meg azokat is.*

Раушан ханым: Көмегің үшін көп рақмет! *Nagyon köszönöm a segítségedet.*

Сержан мырза: Оқасы жоқ. *Nincs mit.*

дорба – szatyor
сатып алғаным – az általam vásárolt (dolgok)
майлы ет – zsíros hús
ендеше – (ha így van,) akkor
қайсы – melyik
ескілеу – kopott, viseltes, használt, öregecske
мәселе жоқ – nincs gond / nem gond / nem probléma
қымбаттау – drágulás, drágul
уайымдау – szomorkodik, nyugtalankodik,
уайымдама – ne izgasd magad!
Жарайсың! – Nagyszerű vagy! жарау – használhatóság, alkalmasság valamire
жақсы бағаға сатып алу – jó áron vásárol
бұрыңғы баға – szokásos ár, régi ár

-ға/-ге, -қа /-ке толы – valamivel teli, a толы előtt álló főnév alanyesetben is állhat
сыйлыққа толы қоржын – ajándékokkal teli zsák
қуанышқа толы күндер – örömteli napok
De a hagyományos szóhasználatban elmarad a -ға/-ге, қа /-ке rag
азық-түлік(ке) толы дорба – élelemmel teli szatyor
тәттілер(ге) толы дастарқан – édességgel teli terített asztal

Is ... is, sem, ... sem

а ’да / де, та / те’ jelentése			
Állító mondatban: is, … is		Tagadó mondatban: sem, … sem	
алма да, қаражидек те сатып алдым	almát is, körtét is vettem	Мен анар да, жүзім де сатып алмадым.	Nem vettem se gránátalmát, se szőlőt.

Анар мен алмұрт сатып алдың ба? *Gránátalmát és körtét vettél?*

Мен анар да, алмұрт та сатып алмадым. *Nem vettem se gránátalmát, se körtét.*

Алмұрт болған жоқ, ал анар өте қымбат болды. *Körte nem volt, a gránátalma nagyon drága volt.*

оның орнына – helyette (szó szerint: a helyébe)
Менің орныма сен базарға баршы, мен үйде қалайын.
Helyettem te menj el a piacra, kérlek, én hadd maradjak itthon.

…… болған жоқ ……. nem volt
Көкжидек болған жоқ. – Áfonya nem volt.

Қайсысын сатып алуым керек? Melyiket vegyem meg?
Екеуінен де сатып ал. Vegyél mindkettőből!
Біреуін сатып алма! Egyiket se vedd meg!
Олардың орнына ….. сатып ал! Vegyél helyettük …. !

Базардан немесе дүкеннен? Кішкентай дүкен немесе супермаркет?
A piacról vagy a boltból? Kisbolt vagy szupermarket?

− Көгөністерді, жемістерді әдетте қайдан сатып аласыз? Кішкентай көгөніс дүкенінен, ірі супермаркеттерден немесе базардан ба? *Zöldséget, gyümölcsöt hol vesz általában? Kis zöldséges boltokból, nagy szupermarketekből vagy a piacról?*

− Көгөністер мен жемістер қай жерде балғын, базарда ма әлде супермаркеттерде ме? *Hol frissebb a zöldség és gyümölcs, a piacon vagy a szupermarketekben?*

− Үлкен таңдау қай жерде? Супермаркеттерде немесе базарда ма? *Hol nagyobb a választék? A szupermarketekben vagy a piacon?*

− Сіз әдетте сүт өнімдерін қайдан сатып аласыз? Базардағы сүт сатушысынан ба, әлде супермаркеттен бе? *Ön általában hol vesz tejterméket? A piacon, a tejárustól vagy a szupermarketekben?*

− Қай сүт денсаулыққа пайдалы? Базардағысы ма, әлде супермаркеттегісі ме? *Melyik tej egészségesebb? A bolti vagy a piaci?*

− Қайсысында химиялық заттар көп? *Melyikben van több vegyi anyag?*

− Сіз әдетте нан мен нан өнімдерін қайдан сатып аласыз? Наубайханадан, базардан немесе шағын дүкеннен? *Általában hol vesz ön kenyeret és pékárut? A pékségből vagy a piacról? Vagy kisboltból?*

− Жаңа піскен нанның иісі де, дәмі де өзгеше. *A frissen sült kenyérnek sajátos illata és íze van.*

− Супермаркеттерде сатушылармен сөйлесуге бола ма? Ал, базарда ше? *A szupermarketekben lehet beszélgetni az eladókkal? Hát a piacon?*

− Қай жерде кезекте ұзақ тұрасың? Базарда, супермаркетте ме? *Hol kell többet sorban állni? A piacon vagy a szupermarketben?*

көгөніс дүкені – zöldséges bolt
балғын – friss, lédús, gyenge, nagyon fiatal
таңдау – választék, választ
сүт өнімдері – tejtermékek
нан өнімдері − pékáruk
базардағы – a piacon lévő, a piaci
супермаркеттегі – a szupermarketben lévő
денсаулыққа пайдалы – hasznos az egészségnek, egészséges
денсаулық – egészség
химиялық зат – vegyi anyag
жаңа піскен нан – frissen sült kenyér
иіс – illat

дәм – íz
өзгеше – különös, sajátos

кезекке тұру – sorbanállás, sorban áll
сонымен қатар – ezzel együtt

Раушан ханымның бесбармақ мәзірі – Rausan asszony besbarmak receptje

«Дәмді ет немесе бесбармақ пісіргім келеді», - деді Раушан ханым. Ол үшін маған не керек? Мәзірін көрейік! Ет тағамын пісірудің көп түрлі рецептісі бар. Ең қарапайымын таңдайық.

100 мл өсімдік майы, 800 гр қой еті, 500 гр жылқы еті, 3 түйір пияз ,1 түйір сәбіз, 3 түйір картоп, 100 гр балдыркөк, 20 гр ақжелкен, 2 жұмыртқа, 250 гр ұн, 10 түйір қара бұрыш бұршақтары, 1 кесек лавр жапырағы.

Үйде ет те, көгөніс те жоқ. Азық-түлік дүкеніне / супермаркетке / базарға немесе қасапшыға барайық!

Finom húst vagy besbarmakot akarok főzni. Mik kellenek hozzá? Lássuk a receptet! Sokféle recept létezik a húsétel elkészítésére. Válasszuk a legegyszerűbbet! 100 ml növényi olaj, 800 g bárányhús, 500 g lóhús, 3 db hagyma, 1 db sárgarépa, 3 db burgonya, 100 g zeller, 20 g petrezselyem, 2 tojás, 250 g liszt. , 10 szem fekete bors, 1 babérlevél.

Nincs itthon hús, se zöldségek. Menjünk el az élelmiszerboltba / szupermarketbe /piacra vagy a henteshez!

маңызды – tartalmas, átgondolt, fontos, jelentős
қарапайым – egyszerű, szokásos
түйір – morzsa, szem
лавр жапырағы – babérlevél

кесек – nagy darab, csomó
бұршақ − borsó
бұрыш бұршақтары – fekete szemesbors
мәзір – étlap, recept
дәмхана – büfé

Тамақтану – étkezés

тамақ, тағам	étel	ас	étel, ennivaló évfordulós halotti tor
тамақ ішу /тамақтану	eszik, étkezik	ас ішу	eszik
таңғы ас	reggeli	таңғы ас ішу	reggelizik
түскі ас	ebéd	түскі ас ішу	ebédel
кешкі ас	vacsora	тамақтану	vacsorázik

Таңғы ас – Reggeli

Таңғы асқа не жейсіз? – Reggelire ön mit eszik?

таңғы ас	reggeli	пісірілген жұмыртқа	főtt tojás
сұлы жармасы	zabpehely	омлет	omlett
сұлы йогурт	zabjoghurt	қуырылған жұмыртқа	tükörtojás
жүгері үлпектері	kukoricapehely	ботқа	kása
бутерброд	szendvics	май	vaj

тост	pirítos	сыр	sajt
ұша ет пен жұмыртқа	sonka tojással		
(ham and eggs)	бутерброд	szendvics	
ұша	sonka	сары май жаққан нан	vajas kenyér
шұжық	kolbász	мюсли	müzli

Мен, әдетте, таңғы асқа ботқа (каша) жеймін. − *Reggelire általában kását eszem.*

Мен, әдетте, таңғы асқа қуырылған жұмыртқа жеймін. *Reggelire általában tükörtojást eszem.*

Мен таңғы асқа тек жеміс жеймін. – *Reggelire csak gyümölcsöt eszem.*

Мен, көбіне таңғы асқа мюзли жеймін. – *Reggelire többnyire müzlit eszem.*

Әдетте, таңғы ас жемеймін. – *Általában nem reggelizem.*

Таңғы асқа не ішесіз? – Reggelire mit iszik?

кофе	kávé	көк шай	zöld tea
сүт қосылған кофе	tejeskávé	сүт қосылған қара шай	fekete tea tejjel
какао	kakaó	жеміс шайы	gyümölcstea
энергия сусыны / энергетикалық сусын	energiaital	жеміс шырыны апельсин шырыны	gyümölcslé narancslé

Мен әдетте таңғы асқа бал қосылған жеміс шайын ішемін.

Általában mézes gyümölcsteát iszom reggelire.

Сіз оны лимонмен немесе лимонсыз ішесіз бе? − *Citrommal vagy citrom nélkül issza?*

Кейде оны лимонмен ішемін. – *Néha citrommal iszom.*

Ал сіз кофені қант қосып ішесіз бе әлде қант қоспай ма? *És ön cukorral vagy cukor nélkül issza a kávét?*

Мен жылдар бойы қантсыз ішіп келемін. – *Évek óta cukor nélkül iszom.*

Мен таңғы асқа бір кесе қара шай немесе сүт қосылған кофе ішемін. *Én reggelire egy csésze fekete teát vagy tejeskávét iszom.*

Энергетикалық сусынның денсаулыққа зияны бар ма? − *Az energiaital káros az egészségre?*

Денсаулыққа зияны орасан. – *Nagyon káros az egészségre.*

Қазақтың дәстүрлі таңғы асы – A hagyományos kazak reggeli

жылқы еті сэндвичі	lóhúsos szendvics	сүтте пісірілген тары ботқасы	tejben főtt köleskása
қарта	lóbél (sózott, szárított vagy füstölt)	құрт	szárított, sós túrógolyók
қазы	lókolbász (bordatáji húsból)	ірімшік	átmenet a túró és a sajt között

шұжық	lókolbász (apró húsokból)	кептірілген жемістер	aszalt gyümölcsök
қымыз	erjesztett kancatej	бал	méz
шұбат	erjesztett tevetej	айран	joghurt alapú ital

Сіз таңғы асқа қазақтың дәстүрлі тағамдарын жейсіз бе?
Ön hagyományos kazak ételeket eszik reggelire?

Мен таңғы асқа қазақтың дәстүрлі тағамдарын жемеймін. *Nem eszem reggelire hagyományos kazak ételeket.*

Мен кейде ірімшік, құрт жеймін, шұжықты да ұнатамын. *Én néha irimsiket és szárított túrót eszem, a lókolbászt is szeretem.*

Ал ұйықтар алдында қымыз немесе айран ішемін. *Alvás előtt pedig kumiszt vagy ajrant iszom.*

Таңғы асқа не жеуге болмайды? *Mit ne együnk reggelire?*

Аш қарынға тәтті тағамдарды (тәттілер: торттар, кондитерлік өнімдер) да, тәтті азық-түліктерді де жеуге болмайды. Мұндай таңғы ас қант диабетін тудыруы мүмкін. − *Éhgyomorra édes ételeket (édességek: torták, cukrászsütemények) nem szabad enni. Az ilyen reggeli cukorbetegséget okozhat .*

Кофе. Аш қарынға үнемі кофе ішу зиянды. − *Kávé. A rendszeres kávéivás éhgyomorra káros.*

Айран, йағұрт (йағ – май, [к]ұрт – құрт) – Таңғы асқа айран мен йағұрт ішкен дұрыс емес. Дегенмен, ұйықтар алдында бір стақан айран немесе йағұрт сізге пайдалы болады. − *Kefir, joghurt – reggelire nem helyes kefírt és joghurtot inni. De lefekvés előtt jót tesz egy pohár kefir vagy joghurt.*

орам – kerek perec, zsemle, vagy van édes változata is, ami a brióshoz hasonlít
бәліш − fánk
аш қарын – éhes has, аш қарынға – éhgyomorra
қант диабеті – cukorbetegség
зиянды – káros, ártalmas
дегенмен – de, azonban
шырын – gyömölcslé, апельсин шырыны – narancslé

Дастарқанда нелер бар?

дастарқан	asztalterítő, étkezőasztal	шайтабақ	kistányér
дастарқан жаю	teríték / megteríti az asztalt	табақ/тәрелке	tányér
жаю	szétdobál, szétterít	жайдақ табақ	lapos tányér
дастарқан дайындау	az asztal megterítése, megteríti az asztalt	сорпа табақ	leveses tányér
дастарқан дайын	az asztal meg van terítve (szó szerint az asztal kész)	пышақ	kés
кесе	teáscsésze (félgömb alakú, fül nélkül)	қасық	kanál
қымызаяқ	kumiszoscsésze	шаңышқы	villa

шыны	üveg, csésze	майлық	szalvéta
шыны стақан	üvegpohár	тіс шұқығыш	fogpiszkáló
фаянс ыдыс	fajansz edény	фарфор ыдыс	porcelán edény

Дастарқан жабдықтау – Asztalterítés

Тәрелкенің сол жағына шанышқы, оң жағына пышақ қойылып, үстіңгі бөлігіне қасық қойылады. *A tányér bal oldalára villát, a jobb oldalára kést, a felső részére egy kanalat teszünk.* Соңында шыны стақандар мен майлықтар үстелге қойылады. *A végén az üvegpoharakat és a szalvétákat tesszük az asztalra.*

**Дастарқан - қазақтың қонақжайлылығы мен отбасы берекесінің белгісі.*

Қазақтарда дастарқан мен оған қойылған тағамдар киелі саналады. Дастарқан басында ұрыс-керіске жол беруге болмайды. Дауласуға да болмайды. Бір дастарқанда отырып тамақ жегендер, сол сәттен бастап, жақын, туыс адамдарға айналады. Дастарқан басында белгіленген ретпен отырады. Мұны сыйластықтың бір көрсеткіші деп санайды. Дастарқан басында және астан кейін бата беріледі.

A dasztarhán a kazak vendégszeretet és családi jólét szimbóluma.

A kazakok az étkezőasztalt és a rá helyezett ételeket szentnek tartják. Az asztalnál veszekedésre okot adni nem szabad. Vitatkozni sem szabad. Az egy asztalnál étkezők attól kezdve közeli személyekké, rokonokká válnak. A terített asztalhoz a koruknak megfelelő meghatározott rendben ülnek. Ezt az egymás iránti tisztelet jelének tartják. A dasztarhánnál étkezés előtt és után áldást mondanak.

қасиетті – szent
бата –áldás
ұрыс – szitkozódás, veszekedés
дауласу − vitatkozás, perben állás
керісу − megfeszít, meghúz, civakodik, veszekedik
ұрыс-керіс – veszekedés, civódás, perpatvar
жол беруге болмайды – nem szabad utat adni
белгіленген ретпен отырады – meghatározott rendben ülnek
өзге – más, különös, sajátos
-ға/-ге,-ына қарай – irányába, megfelelően, függően
-ға/-ге байланысты – valamivel kapcsolatos
сыйластық – egymás iránti tisztelet
белгі – szimbólum

Түскі ас – Ebéd

Түскі асқа не жейсіз? – Mit eszik ön ebédre?

піскен тағамдар	főtt ételek	грильде піскен тауық	grillcsirke
ас / тағам	étel	қуырылған	sült
сорпа	húslé (zöldség nélkül)	қуырылған балық	sült hal
көже	leves	қуырылған ет	sült hús

балық сорпасы	halleves	котлет	húsgombóc, fasírt
лағман	közép-ázsiai tésztaleves hússal	манты	gőzöléssel készült töltött tészta
пісірілген	főtt	самса	sült töltött tészta
пісірілген тағам	főtt étel	тұшпара	pelmenyi (hússal töltött, főtt gombócféleség)
пісірілген ет пісірілген жұмыртқа	főtt hús főtt tojás	жент	kölesből készült kazak ünnep édesség
ұлттық тағам	nemzeti étel	пахлава/ баклава	baklava
жая	füstölt, főtt lóhus, előételnek kínálják	шак-шак	mézes szirupba mártott sült tésztacsíkok
қазақша ет/ бешбармақ / бесбармақ	besbarmak „ötujj” kazak nemzeti étel (húsos)	құймақ	palacsinta
қойдың басы	perzselt, főtt birkafej	сүзбе қосылған құймақ	túrós palacsinta
палау	piláf, plov, rizses hús	тоқаш	perec, házikenyér, vajas/hájas tésztából készült kalács
сірне	fiatal állatból készült sült hús szirup, melasz	салат шалғам салаты	saláta reteksaláta
пісірілген көгөністер	főtt zöldségek	қуырылған картоп	sült burgonya

Тамақ дайындау жолдары - Ételkészítési módok

пісіру	főz, süt, ételt keszit	Не пісіріп жатырсың?	Mit főzöl?/ Mit készítesz?
дайындау	készít, elkészít	Саған көмектесейін бе?	Segítsek neked?
қуыру	süt	бумен пісіру	párol (gőzzel főz)
қайнату	forral	бұқтыру	párol
қазан	üst, kazán vagy kisebb méretű öntöttvas edény	қуыру	megpirit, túlsüt

Дәмдеуіштер - fűszerek és ízek

дәмдеуіштер	fűszerek	дәмдер	ízek
тұз	só	дәмді	ízes, finom
паприка	paprika	дәмсіз	ízetlen
ащы бұрыш	csípős paprika	тәтті	édes

қара бұрыш	fekete bors	тұзды	sós
қант / шекер	cukor	қышқыл	savanyú
құм шекер	porcukor	ащы	keserű

бал	méz
сірке суы	ecet
қыша	mustár
майонез	majonéz
кетчуп	ketchup

Ғаламторда «Түскі асқа не ішіп-жейсіз?» деген сұраққа мынадай жауап берді:

A „Mit eszik és iszik ebédre?" kérdésre a kazakok ilyen válaszokat adtak az interneten:

Етті гарнирмен және салатпен жеймін. *Húst eszem körettel és salátával.*

Түскі асқа лағман мен палау жеймін. *Ebédre húsos tésztalevest és piláfot eszem.*

Әрқалай, кейде манты, кейде сірне, кейде бесбармақ, кей күндері макарон немесе картоп жеймін. *Változóan, néha mantit, néha sült húst, néha besbarmakot, néha tésztát, vagy krumplit eszem.*

Мен ет жемеймін. Жасымық немесе қызанақ сорпасын ішемін, грильде пісірілген көгөніс, тары, макарон және картоп жеймін. *Én nem eszem húst. Lencse-vagy paradicsomlevest eszem, grillezett zöldséget, kölest, makarónit (száraztésztát) és burgonyát eszem.*

**Kazakul a levest nem eszik, hanem isszák! Valójában ők is kanállal eszik a levest.*

көже ішу – levest iszik

Кешкі ас – Vacsora

Кешкі асқа не жейсіз? *Mit eszik ön vacsorára?*

Мен кешкі асқа әдетте майлы тамақ жемеймін. Көбінесе ет пен салат жеймін. Көк шай ішемін.

Általában nem eszem zsíros ételeket vacsorára. Gyakran (többnyire) húst és salátát eszem. Zöld teát iszom.

Кешкі асқа қандай тағам жеуіміз керек? *Milyen ételeket együnk vacsorára?*

Кешкі ас мүмкіндігінше жеңіл болуы керек. Тамақ өте майлы және жоғары калориялы болмауы керек. *A vacsorának, amennyire lehet, könnyűnek kell lennie. Az étel ne legyen nagyon zsíros vagy kalóriadús (magas kalóriájú).*

Кешкі асқа ақуызға бай тағамдар мен көгөністерді жеген дұрыс, мысалы: балық, теңіз өнімдері, ақ ірімшік, жұмыртқа, құс. *Vacsorára érdemes fehérjében gazdag ételeket és zöldségeket enni, mint Pl.:hal, a tenger gyümölcsei, fehér sajt, tojás, baromfi.*

Көгөністер арасында гүлді қырыққабат, жасыл салат, қияр, қызанақ пайдалы.

A zöldségek közül hasznos a karfiol, zöldsaláta, uborka, paradicsom.

Жақсы ұйықтау үшін не ішу керек? Mit igyunk a jó alvásért?

бір стақан бал қосылған ыстық сүт – egy csésze meleg mézes tej

---

кешіктірмей – nem késve, nem késlekedve
дені сау – egészséges
сергек – élénk, friss, (átvitt értelemben) érzékeny, finom
шұғылдану – valamivel foglalkozik, спортпен шұғылдану – sportol
жеңіл көгөніс тағамдары – könnyű zöldségételek

Мәтелге сенсек – Egy mondás szerint

Таңертеңгі асыңды өзің іш! (тойып тамақтан!)
Түскі асыңды досыңмен бөліс! (Тойғанша тамақ жеме)
Кешкі асыңды дұшпаныңа бер! (аз тамақтан!)

A reggelidet magad edd meg! (egyél jóllakásig).
Az ebédedet oszd meg a barátoddal! (ne egyél jóllakásig!)
A vacsorádat add az ellenségednek!(keveset egyél!)

Патшаның таңғы асы – ханзаданың түскі асы және кедейдің кешкі асы.
Осы мақалдар бойынша да, таңғы ас күннің ең маңызды тамағы болады.
Királyi reggeli, hercegi ebéd és szegény ember vacsorája.
E mondások szerint is a reggeli a nap legfontosabb étkezése.

-ман/-мен бөлісу – megoszt valamit valakivel
дұшпан – ellenség
патша – cár, uralkodó, padisah
ханзада – a kán fia, utódja
кедей – szegény
мақал – közmondás, bölcs mondás

Асханада – Az étkezdében

- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе! Түскі асқа қандай тағамдар ұсынасыз? *Üdvözlöm. Milyen ételeket ajánl ebédre?*
- Мына жерде ыстық тамақтар бар. Фаст фуд келесі бөлімде. *Itt meleg ételek vannak. Gyorsétel a következő részlegben található.*
- Маған тамақ мәзірін беріңізші. *Adja ide kérem, az étlapot!*
- Алыңыз! *Parancsoljon!*
- Онда маған бір дәмді сорпа, салат, екінші тамақ беріңіз. *Akkor nekem egy finom levest, salátát, majd második fogást adjon.*
- Сорпаның қайсысын қалайсыз? Қой етінің және сиыр еті сорпасы бар. Көженің бірнеше түрі бар. Сорпасы бар тұшпара. Бұршақ сорпасы да бар. *Milyen levest választ? Van birkahús- és marhahúsleves. Derelye levessel is van. Sárgaborsóleves is van.*
- Маған жай ғана сиыр етінің сорпасын беріңіз. *Nekem csak marhahúslevest adjon.*
- *Толық әлде жарты порция ма? Egész vagy fél adagot?*
- Жартысы жетеді. *Elég a fele.*
- Мінекей, алыңыз. Салат аласыз ба? *Tessék, vegye el! Kér salátát?*
- Кәдімгі қызанақ, қияр, пияз қосылған салат беріңіз. *A szokásos, paradicsom, uborka, hagyma keverékéből [készült] salátát adja!*
- Екінші тамаққа не қалайсыз? Таңдау көп: қуырылған балық, бұқтырылған сиыр

еті, қуырылған тауық, палау, манты бар. *Második fogásra mit kíván? Nagy a választék: van sült hal, párolt marhahús, sült csirke, piláf, gőzben főtt töltött tészta stb.*

- Маған қуырылған тауық етін беріңіз. *Adjon nekem sült csirkét.*
- Гарнирге не қалайсыз? *Köretnek mit kíván?*
- Буға пісірілген көгөніс және аз ғана күріш. *Párolt zöldséget és egy kis rizst.*
- Нан, сусын, шай керек пе? *Kenyér, ital, tea kell-e?*
- Әрине, бір тілім нан және алма шырынын беріңіз. *Természetesen, adjon egy szelet kenyeret, majd almalevet!*
- Мінекей, алыңыз. Ас болсын! Кассаға қарай өте беріңіз. *Tessék, vegye el! Jó étvágyat! Menjen át a pénztárhoz!*
- Рақмет! *Köszönöm.*

Дәмханада − A büfében

- Маған шай беріңізші! *Adjon, kérem teát.*
- Қандай шай? Қара немесе көк шай? *Milyen teát? Fekete vagy zöld (szó szerint: kék) teát?*
- Қара шай дұрыс. *A fekete tea jó [lesz].*
- Қандай? Сүтпен әлде сүтсіз бе? *Mivel? Tejjel vagy tej nélkül?*
- Ақ шай дұрыс. *A fehér tea jó [lesz] (azaz tejes tea).*
- Түсіндім, яғни сүтпен ғой. *Értem, vagyis tejjel.*
- Тіскебасар керек пе? *Teasütemény kell-e?*
- Тіскебасарға не бар? *Milyen teasütemény van?*
- Бәліш, тоқаш, бауырсақ, кекс, балбауырсақ, торт, құймақ бар. *Pirog, perec, bő olajban sütött kenyértészta, keksz, cukrászsütemény, torta, palacsinta van.*
- Бәліш немен екен? *Mivel van a pirog [töltve]?*
- Картоппен және етпен. *Krumplival és hússal.*
- Маған сонан екеуін беріңіз. *Adjon nekem belőle kettőt.*

беріңізші – adjon, legyen szíves, a felszólító mód udvarias alakja)
ұсыну – nyújt, ajánl
фаст фуд – fast food, gyors étel
келесі – következő
бөлім – részleg, rész
жай ғана − egyszerűen
жай ғана айтты – nyugodtan mondta
толық – teljes, részletes, толық порция – teljes adag, egész adag
жарты порция – féladag
жету – elmegy, eljut valameddig, elegendő
кәдімгі – szokásos, igazi, eredeti
қызанақ – paradicsom
араластыру – keverés, összekeverés
таңдау – választék
гарнир – köret, garnírung
ас мәзірі – étlap
қалау − rak, letesz, kíván, választ
екінші тамақ – második étel / második fogás
тұшпара – húsos derelye
сорпасы бар тұшпара – húsos derelyés leves
бұршақ – (sárga) borsó
шырын – lé, алма шырыны − almalé
кассаға қарай – a kassza irányába, felé
бәліш – nagy kerek pirog
тіскебасар – harapnivaló, azaz könnyű teasütemény
тоқаш – kerek perec, házi készítésű lepénykenyér, kalács
балбауырсақ – cukrászsütemény, teasütemény
мен мына тамақты ұнатамын / ұнатпаймын – nekem tetszik / nem tetszik az étel
бауырсақ – bauirszak, vajban sütött kenyér
шелпек – selpek, vajban sütött lángosszerű lepény

әрине − természetesen
тілім – kis darab, szelet, бір тілім нан – egy szelet kenyér

кекс – keksz
торт – torta
құймақ – palacsinta

Қазақ гастрономиясы туралы – A kazak gasztronómiáról

Көшпелі өмір салтына байланысты ет пен сүт ежелден қазақ гастрономиясының арқауы болған. Қазақтардың сүйікті асы – жылқы мен қой еті, ал түйе етін аз жейді. Қымыз (ашыған бие сүті) мен шұбатты (түйе сүті) ішу күні бүгінге дейін кең таралған.

Пісірілген қойдың басы әрқашан дастарқанның сыйлы қонағына тартылады. Бұл – сыйлаудың белгісі.

Бүгінгі қазақ ас-тағамдары көшпелілер дәстүрі мен көршілес басқа халықтардың (өзбек, дүнген, ұйғыр, татар, корей, орыс, украин және т.б) тағамдарының синтезі.

A nomád életmód miatt a kazak gasztronómia alapja hosszú ideig a hús és a tej volt. A kazakok kedvelt eledele a lóhús és, a birkahús, ritkábban fogyasztanak a tevehúst. A kumisz (erjesztett kancatej) és a subat (erjesztett tevetej) ivása a mai napig széles körben elterjedt. A főtt birkafejet mindig az asztal legtiszteltebb vendégének szolgálják fel. Ez a tisztelet jele. A modern kazak konyha a nomádok hagyományos és más népek (üzbég, dungán, ujgur, tatár, kóreai, orosz, ukrán, stb) ételeinek szintézise.

гастрономия – gasztronómia
салт – szokás, szertartás
көшпелі өмір салты – nomád életmód
арқау – mag, tartalom, motívum, támogatás, támaszték, pillér, támasz
ашыған бие сүті (қымыз) – megsavanyodott kancatej

ашу – megsavanyodik (pl. tej)
кең таралған – népszerű
тарту –átadás, átnyújtás, kinyújt, vonz
көршілес – szomszédos
танымал – ismert

Mi a különbség a kétfajta lókolbász között?Қазы мен шұжық

Қазы: A kazi a ló bordájáról lefejtett zsíros húsból készül. Sóval, zúzott fokhagymával és őrölt borssal dörzsölik be, majd a húscsíkokat egészben töltik a lóbélbe. Aromás növényi füsttel füstölik, ami enyhén szárítja. Lassú, hosszú főzés után fogyasztják.

Шұжық: a ló különböző részeiből származó húsból készül, a húst apró darabokra vágják. Olcsóbb mint a kazi. Szintén füstölik és szárítják. Főzve fogyasztják

Қазақтар шай немесе кофені жиі іше ме?

Қазақтар көбіне қара шай дайындайды, оған қайнаған сүт немесе кілегей қосады. Кейде қалампыр, аздап тұз да салады, бірақ оны қантпен ішетіндер көбірек. 19 ғасырдың ортасынан бастап қазақтар арасында шай ішу дәстүрі тарады. Дала өркениетінде шай маңызды рөл атқарды. Адамдар дастарқан басына шайға жиналатын. Қазақтар қонаққа шақыруды бүгін де «шайға шақыру» деп айтатыны сондықтан.

A kazakok teát vagy kávét isznak gyakrabban?

A kazakok többnyire fekete teát készítenek, amihez forró tejet vagy tejszínt adnak. Néha szegfűszeget és egy kis sót is tesznek (bele), de cukorral többen isszák. A 19. század

közepétől terjedt el a kazakok között a teaivás hagyománya. A teának fontos szerepe volt a sztyeppei civilizációban. Az emberek összegyűltek az asztalnál teára. A kazakok a vendégségbe hívást ma is „teára hivás'-nak nevezik ezért.

кілегей –tejszín
қосу – összerak, hozzáad
қалампыр – szegfűszeg
тарау – fésül, kifésül, fejezet, elszéled, elterjed
өркениет – civilizáció
атқару – teljesít, végrehajt
рөл атқару – szerepet játszik
сондықтан – ezért

A felszólító mód (бұйрық рай)

A kazak nyelvben a felszólító módú igék parancsot, kérést, kívánságot, figyelmeztetést és ezek különböző árnyalatait fejezhetik ki.

A felszólító mód képzésének általános sémája egyes és többes szám első és 3. személyben:

Мен	igető +	(а / е) -йын/-йін	же-йін	egyek
			іш-е-йін	igyak
			оқи-ын	olvassak
			төле-йін	fizessek
			қоя-йын	tegyem
Біз		(а /е) -йық /-йік	же-йік	együnk
			іш-е-йік	igyunk
			оқи-ық	olvassunk
			төле-йік	fizessünk
			қоя-йық	tegyük
Ол Олар		-сын/-сін	же-сін іш-сін оқы-сын төле-сін қой-сын	egyen / egyenek igyon / igyanak olvasson / olvassanak fizessen / fizessenek tegye / tegyék

Mássalhangzóra végződő igetőhöz a/e kiegészítő hangok kapcsolódnak, lágy szó esetén **-ейін,** kemény szó esetén -айын ragot kap az ige.

Egyes szám első személy
сэндвич же-йін. – egyek szendvicset
Мен жаса-йын! – Én csináljam!
ұйықта-йын! – aludjak!
Түскі асқа бар-а-йын!
Menjek ebédelni!
бар-а-йын – menjek!
демал-а-йын – pihenjek!

Többes szám első személy
Сэндвич же-йік együnk szendvicset
Біз жаса-йық. – Mi csináljuk!
ұйықта-йық! – aludjunk!
Түскі асқа бірге бар-а-йық!
Együtt menjünk ebédelni!
бар-а-йық– menjünk!
демал-а-йық–pihenjünk!

Мен жаз-а-йын. – Én írjak!	Біз жаз-а-йық.– Mi írjunk!
Шай іш- е-йін. – Igyak teát!	Шай іш-е-йік.–Igyunk teát!
көрсетейін – mutassam meg	көрсетейік– mutassuk meg
оқиын – olvassak! / tanuljak!	оқиық– olvassunk! / tanuljunk!
қояйын – tegyem!	қояйық– tegyük!

A felszólító módot leggyakrabban egyes szám 2. személyben használjuk tegező és magázó formában. Az igető az egyes szám második személyű felszólító módú alak is egyben.

Személyes névmás	igető	a felszólító módú igék ragozása	példák	
Сен Те		Ø	сөйле ал бер	beszélj! mondd! vegyél! adj!
Сіз Ön	magánhangzóra végződő igető	ңыз / ңіз	сөйлеңіз	beszéljen! mondja!
	mássalhangzóra végződő igető	ыңыз / іңіз	алыңыз беріңіз	vegyen! adjon!

Egyes szám 2. személyben a felszólító módnak nincs toldaléka!A főnévi igenév **”y”** végződésének levágásával megkapjuk az igetövet, ami egyes szám 2. személyű felszólító módú alak is egyben. Pl.:

беру → бер – adjál!
алу → ал – vegyél!
келу → кел – gyere!
айту → айт – mondd!

кешіру (megbocsát)	Кешір! (Bocsáss meg!)	Кешіріңіз! (Bocsásson meg!)
алу	Ал!	Алыңыз!
беру	Бер!	Беріңіз!
сөйлеу	Сөйле!	Сөйлеңіз!

Сау болыңыз! – Viszontlátásra (szó szerint: Legyen egészséges!)
Бір сәт күтіңіз! – Várjon egy pillanatot!
Ұмытпаңыз! – Ne felejtse el!

Udvarias kérésnél a felszólító módú alakhoz a **-шы, -ші** toldalékot kapcsoljuk.
беріңізші! adjon, legyen szíves!
алыңызшы – vegyen, legyen szíves!
кіріңізші! – jöjjön be, legyen szíves! fáradjon be!

Tagadó alak

Tiltásnál az igetőhöz a (ба/бе, па/пе, ма/ме) tagadó toldalék megfelelő alakját kapcsoljuk, ezt követi a felszólító mód végződése.

алма	ne vegyél!
алмаңыз	ne vegyen!
сөйлеме	ne beszélj! ne mondd!
сөйлемеңіз	ne beszéljen! ne mondja!

Tagadás

Мен	Біз	Ол /Олар
жаз-ба-йын оқы-ма-йын	жаз-ба-йық оқы-ма-йық	жаз-ба-сын оқы-ма-сын
бер-ме-йін	бер-ме-йік	бер-ме-сін
төле-ме-йін	төле-ме-йік	төле-ме-сін
же-ме-йін	же-ме-йік	же-ме-сін
қой-ма-йын	қой-ма-йық	қой-ма-сын

A felszólító mód használata jókívánságokban:

Ha valaki tüsszent, a körülette lévő emberek különböző formában fejezik ki jókívánságukat:

- Ақ күш бер, Тәңір! (olyan vidéken mondják, ahol még erős a sámánizmus hatása) – Fehér erőt adjon Tengri!
- Сау бол! (polgári körben és a városiakra jellemző) – Légy egészséges!
- Аққас! (a régi hit maradványa) – Szó szerinti jelentése: Fehér szemöldök (értsd: éld meg az öreg kort!)
- Жәрәкім??? Алла! (vallásos emberek körében) – Allah segítsen!

További példák a melléknév fokozására

Мына көгөніс/тағам қандай? Milyen az a zöldség / étel?

Alapfok	*Középfok*	*Intenzív fok*	*Felsőfok*
үлкен – nagy (méretre)	үлкендеу, үлкенірек	үп-үлкен	орасан /тым үлкен
кіші – fiatalabb, kicsi	кішірек, кішілеу	кіп-кішкентай	тым кіші
ауыр – nehéz (súlyra)	ауырлау, ауырырақ	ап-ауыр	өте /тым ауыр
жеңіл – könnyű	жеңілірек, жеңілдеу	жеп-жеңіл	аса / өте жеңіл
қиын – nehéz, bonyolult	қиынырақ, қиындау	қып-қиын	ең / өте қиын
аз – kevés	аздау, аз-ақ	ап-аз	өте /тым аз
тәтті – édes	тәттілеу, тәттірек	тәп-тәтті	керемет тәтті
ащы – sós, keserű, savanyú	ащылау, ащырақ	ап-ащы	өте /тым ащы

таза – tiszta	тазарақ (тазалау)	тап-таза	өте таза
әдемі – elegáns, szép	әдемілеу, әдемірек	әп-әдемі	керемет/ өте әдемі

14.1.Gyakorlat

Válassza ki a zárójelben szereplő szavak közül, hogy melyik a helyes változat és fordítsa le magyarra a mondatokat!

Бұл асхананың (сусынның, тағамның) дәмі ерекше.
Мен асханадан (алма, өрік) шырынын іштім.
Түскі асқа (тауықтың, балықтың, қой етінің) сорпасының дәмін таттым.
Тамақтың небір түрі көп екен. Онда(сиыр етінен, қазы мен қартадан, тауық пен қой етінен жасалған) тамақ дәмді екен.

14.2.Gyakorlat

Írja be az alábbi szavak antonímáit a minta szerint!
Minta: қымбат – арзан (olcsó)

көп – . . . . . (kevés)
ащы – . . . . . (édes)
майсыз – . . . . . (zsíros)
құнарсыз – . . . . . (tápláló)
дәмді – . . . . . (nem finom)
ескі – . . . . . (friss)
ұсақ – . . . . . (nagy)
піспеген– . . . . . .(érett)

14.3.Gyakorlat

Válaszoljon a kérdésekre a megadott szavak felhasználásával! Minden étellel kapcsolatban két választ írhat.
Minta: Сиыр етінің дәмі онша емес. Сиыр еті маған ұнамайды.

Сиыр еті Қой еті Көкініс Сүт тағамдары Айран Ірімшік Палау		1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.
Сорпа Қазы		

Megadott szavak: тәтті, қышқыл, тұзды, қатты, ащы, жұмсақ, дәмді, дәмді емес, майлы, құнарлы, пайдалы.

қышқыл – savanyú
қатты – erős,kemény
ащы – keserű, sós, csípős
жұмсақ – puha

құнарлы – tápláló, kalóriadús
пайдалы – hasznos
ерекше – különös, sajátságos
небір – különböző, minden(féle), sajátos

14.4.Gyakorlat

Adja meg az ellentétes jelentésű melléknevek fokozását a táblázat oszlopaiban!

Alapfok (жай шырай)	Középfok (салыстырмалы шырай)	Megerősítő vagy intenzív fok (күшейтпелі шырай)	Felsőfok (асырмалы шырай)
ыстық-суық			
қатты-жұмсақ			
көп-аз			
ащы-тәтті			
майлы–құрғақ (ет)			
ескі-балғын			
нәрлі- нәрсіз			
құнарлы-құнарсыз			
тұзды-қышқыл			
дәмді-дәмсіз			

14.5. Gyakorlat

Alkossanak mondatokat a megadott minta szerint az alábbi főnevekkel és középfokú melléknevekkel!

Minta: Қуырдақ өте дәмді. Қымыз айраннан қышқылдау

Élelmiszerfajta	fokozó	melleknévek	Középfok szuffixumai	középfokú melléknevek
Бесбармақ Сорпа Қуырдақ Қазы мен қарта Палау Балық	өте тым аса ең	майлы тәтті қышқыл тұзды қатты ащы	-лау/леу, -дау/деу, -тау/теу -рақ/рек, - ырақ/ірек	майлырақ

Көгөніс Айран Қымыз Шырын		жұмсақ дәмді дәмді емес құнарлы құнарсыз пайдалы		

A szenvedő igealak – ырықсыз етіс

A kazak szenvedő igealakban az alany a cselekvés elszenvedője, a cselekvő személy ismeretlen marad.

A szenvedő igealak képzése:

igető+-л,-ыл,-іл,-н,-ын,-ін+személyrag

Igető + **- л, -ыл, -іл**

баста (elkezd) аяқта (befejez)	л	ды	басталды (el lett kezdve, elkezdődött)	Оқу жылы басталды. A tanév elkezdődött.
аш (nyit)	ыл	ды	ашылды (kinyílt, ki lett nyitva)	Дүкен ашылды. (A bolt ki lett nyitva/kinyitott)
жаб (becsuk)			жабылды (be lett csukva)	Терезе жабылды. (Az ablak be lett csukva/becsukódott)
оқы (tanul, olvas)			оқылды (meg lett tanulva, el lett olvasva)	дәрі соқылды??? (az előadás fel lett olvasva/meg lett tartva)
пісір (főz, süt)	іл	ді	пісірілді (megfőtt/megsült, meg lett főzve/sütve)	нан пісірілді (a kenyér meg lett sütve/megsült) түскі ас пісірілді (az ebéd meg lett főzve/megfőtt)
кес (vág, szel)			кесілді (felvágódott, fel lett vágva)	нан кесілді (a kenyér fel lett vávga/szelve)

Az **-н,-ын,-ін** toldalékok kevésbé produktívak, ritkábban fordulnak elő. Abban az esetben

használjuk őket, amikor az igetőben már előfordul a szonoráns л hang.

сал (tesz, beletesz)	ын	ды	салынды (bele lett téve)	Тамаққа тұз салынды. (Az ételbe só lett téve)
ал			алынды (el lett véve)	ақша алынды (a pénz el lett véve)

сайла (kiválaszt)	н		сайланды (ki lett választva)	премьер-министр сайланды (a miniszterelnök ki lett választva)

сабақты оқы – tanuld a tantárgyat (vagy a leckét – сабақ оқылды (a lecke meg van tanulva;

кітапты ал – vedd el/vedd meg a könyvet – кітап алынды – a könyv meg van véve

дәріс оқы – tarts előadást, дәріс оқылды – az előadás meg lett tartva

Түскі/кешкі ас дайындалды. *Az ebéd/vacsora el lett készítve.*

Ет қуырылды. *A hús meg van sütve.*

Қазанға да ет салынды. *A hús a kazánba van téve.*

Дастарқан жайылды. *Az asztal meg van terítve.*

14.6.Gyakorlat

Képezze a táblázatban lévő igék szenvedő alakját!

Minta: сатып алу → сатып алынды

сатып ал (vásárol)	
аш (kinyit)	
жаб (becsuk)	
іш (iszik)	
же (eszik)	
тыңда (hallgat)	
пісір(főz)	
қуыр (süt)	
таңда (választ)	
айт (mond)	
жібер (küld)	
күт (vár)	
ізде (keres)	
қара (néz)	
жаз	
істе (csinál vmit)	
қала (akar)	
бұқтыр (párol)	
сұра (kérdez)	
жауап (válaszol)	

14.7. Gyakorlat

Képezze a zárójelben lévő igék szenvedő alakját!

Үй тапсырмасы ……..…. (жаз). A házi feladat meg van írva

Қара өрік ағашы ….....…….... (кесу). A szilvafa ki lett vágva.

Немат Келімбетов романы …..... (оқу). Nemat Kelimbetov regénye fel lett olvasva.

Қонақтар ….....……..... (шақыр). A vendégek meg lettek hívva.
Дауыстық пошта хабары …..... (тыңда). A hangposta üzenet meg lett hallgatva.
Қазақ фильмі ….....……..... (көрсет). A kazak film be lett mutatva.
Жоспарлар ….....……..... (жаса). A tervek el lettek készítve.
Ұлттық театр ….....……..... (сал). A nemzeti színház fel lett építve.
Театр билеттері …..... (сатып ал). A színházjegyek meg lettek véve.
Барлық сорпа ….....……..... (іш)*. Az összes húsleves meg lett éve.

14.8.Gyakorlat
Írja a képek mellé a zöldségek és gyümölcsök kazak nevének sorszámát!

1. лимон	9. алмұрт	17. баклажан/баялды
2. қызылша	10. сарымсақ	18. картоп
3. апельсин	11. қырыққабат	19. алма
4. сары өрік	12. шие	20. бұршақ
5. шаңбыр	13. бүлдірген	21. бұрыш
6. қызанақ	14. асқабақ	22. банан
7. сәбіз	15. құлпынай	23. анананс
8. банан	16. қара өрік	24. қияр



14.9.Gyakorlat
Kérdezze meg kétféleképpen az alábbi gyümölcsök árát a mintamondatok szerint! Írja le a kérdéseket és fordítsa le őket magyarra!
Minta: Алманың килограмы қанша? – Mennyi az alma kilója?
Алма қанша тұрады? – Mennyibe kerül az alma?

Жүзім	- дың / -дің -тың / - тің -ның / -нің	килограмы қанша тұрады?
Қарақат		
Апельсин		
Өрік		
Інжір		

Шие		
Қызылқат		
Құлпынай		
Жаң ғақ		
Пісте		

14.10.Gyakorlat

Kérdezze meg kétféleképpen az alábbi zöldségek árát a mintamondatok szerint!
Írja le a kérdéseket és fordítsa le őket magyarra!
Minta: Картоптың килограмы қанша? – Mennyi a burgonya kilója?
Картоп қанша тұрады? – Mennyibe kerül a burgonya?

Картоп	- дың / -дің -тың / - тің -ның / -нің	килограмы қанша (тұрады)? бағасы қанша?
Паприка		
Қияр		
Баклажан		
Қызылша		
Асқабақ		
Сәбіз		
Қызыл пияз		
Сарымсақ		
Кәді		

14.11.Gyakorlat

Írja le a kérdéseket és a rájuk adott állító és tagadó válaszokat! Fordítsa le magyarra a mondatokat!

Кептірілген жемістер	сатып алдыңыз ба? сатып алдың ба?	Иә,.....сатып алдым. Жоқ,.....сатып алмадым.
Балдыркөк		
Сәбіз		
Қызыл пияз		
Жаңа шыққан картоп		
Шалғам		
Тұздалған қызанақ		
Анар		
Қарлыған		

14.12.Gyakorlat

Alkosson mondatokat a táblázat szavaival, írja le és fordítsa le magyarra a kapott mondatokat!

Pl.: Жарты кило жаңғақ пен төрт алхоры беріңізші.

жарты бір бір жарым екі екі жарым үш үш жарым төрт төрт жарым жүз елу екі жүз елу төрт жүз	кило /кило- грамм	картоп қызанақ паприка қияр қызыл пияз жаң ғақ шабдалы бадам інжір пісте асқабақ	бен пен мен	бір екі үш төрт бума тал дана уыс үш жүз гр	баклажан жүзім өрік усарымсақ салат алхоры мейіз шалқан сәбіз балдыркөк желкек кептірілген жеміс	беріңізші! беріңіз!

14.13. Gyakorlat

Fordítsa le kazakra a következő mondatokat és ezek alapján írjon párbeszédet a piacon témában! Vásároljon 3 féle terméket és próbáljon meg alkudni!

Finom a sárgabarack? Finom a datolyaszilva? Édes az alma? Édes a földieper? Érett a málna? Érett a szőlő? Friss a tojás? Mondja, kérem, friss a saláta? Friss az uborka? Mondja, kérem, friss a kenyér? Igen, friss. A saláta nem friss. Mit vettél? Egy kiló paradicsomot és másfél kiló paprikát vettem.Mit vett (Ön?) Kétszázötven gramm aszalt gyümölcsöt és háromszáz gramm mandulát vettem.

Сыбырлақ (Шпаргалка): Өрік дәмді ме? Құрма дәмді ме? Алма тәтті ме? Құлпынай тәтті ме? Таңқурай піскен бе? Жүзім пісті ме? Жұмыртқа қай күнгі? Айтыңызшы, бұл қай күнгі салат? Қияр балғын ба? Айтыңызшы, өтінемін, жаңа піскен нан ба? Иә, жаңа піскен нан. Салат бүгінгі емес. Не сатып алдыңыз? Мен бір кило қызанақ пен бір жарым кило бұрыш сатып алдым. Сіз не сатып алдыңыз? Мен екі жүз елу грамм кептірілген жеміс пен үш жүз грамм бадам сатып алдым.

14.14. Gyakorlat

Olvassa el a szöveget és válaszoljon a kérdésekre!

Базарда

Біз демалыс күндері көгөніс, жеміс-жидек сатып алуға орталық базарға барамыз. Ол жерде барлығын сатып алуға болады. Онда ауылда өсірілген жаңа піскен көгөніс, немесе шетелден келген жеміс-жидек түрін сатады. Үй өнімдерін сатып алуға болады, мысалы; үй қаймағы, ірімшік, сарымай немесе құрт, қымыз. Базарда ет түрі көп. Мысалы, жаңадан сойылған қой, сиыр еті, немесе қазы шұжық сатып алуға болады. Мен қонақтарға дастарқан дайындаймын. Сондықтан көп тағам сатып аламын.

Hétvégén a központi piacra megyünk zöldséget és gyümölcsöt vásárolni. Ott mindent meg lehet venni. Falun termett friss zöldséget, vagy külföldről származó gyümölcsöket árúsítanak. Vásárolhat

Pl. házi termékeket; házi tejfölt, sajtot, vajat, szárított túrót vagy kumiszt. Sokféle hús létezik a piacon. Vásárolhat Pl. frissen vágott birkahúst, marhahúst vagy lókolbászt. Előkészítem az asztalt a vendégeknek. Szóval sok ételt vásárolok.

Válaszoljon a kérdésekre a fenti szöveg alapjan:

1. Базарға қашан барасыңдар?
2. Қай базарға барасыңдар?
3. Онда не сатып алынды?
4. Қандай сүт тағамын алуға болады?
5. Еттің нендей түрін алуға болады?
6. Ауылда өсірілген қандай тағам түрі сатылады?
7. Не үшін көп тағам сатып алынды?

Бұрынғы өткен шақ есімше - A múlt idejű melléknévi igenév

A múlt idejű melléknévi igenév képzése

igető +	-ған / -ген -қан / -кен	жазған ақын келген қонақтар берген сыйлық айтқан ертегі	a költő, aki írt a megérkezett /a megjött vendégek az adott ajándék a mondott mese

өлең жазған ақын – *a költő, aki verset írt*

оқыған оқушы – *a diák, aki tanult / olvasott*

шын жүректен берген сыйлық – *az igaz szívből adott ajándék*

махаббат сезімдерін жазып жіберген адам – *az ember, aki szerelmes leveleket küldött*

қателерді көрген келушілер– *a hibákat meglátó (észlelő) látogatók (szó szerint: a látogatók, akik látták a hibákat)*

әжем айтқан ертегі – *mese, amit a nagymamám mondott*

музыка тыңдаған науқастар – *betegek, akik zenét hallgattak*

балмұздақ жеген бала – *a gyerek, aki fagylaltot evett*

Өзбекстанда балмұздақ жеген 1,5 мың адам уланып қалған. *Üzbegisztánban 1,5 ezren kaptak mérgezésta fagylalt elfogyasztása után*

Ресейден келген қонақтар ұлттық кітапханада. *Oroszországból jött vendégek a nemzeti könyvtárban.*

Сазды музыка тыңдаған адамның жүрегі қуанышқа бөленеді. *A szazzenét hallgató ember szíve megtelik örömmel.*

Жастарға мол мүмкіндік берген жоба. *Egy projekt, ami a fiataloknak sok lehetőséget adott (Szó szerint: A fiataloknak sok lehetőséget adott projekt)*

Szenvedő igealakból is képezhetjük:

жаса-л-ған → жасалған іс – megcsinált, elkészített ügy, dolog

жаз-ыл– ған → жазылған мақала – megírt cikk

отыр-ғыз-ыл – ған→ отырғызылған ағаш – elültetett fa

жу-ыл – ған → жуылған киім – mosott ruha.

Құжаттың берілген күні. A dokumentum kiállításának napja /dátuma (szó szerint: a dokumentum kiadásának napja)

Ақсуатта орыс тілінен алғаш сабақ берген мұғалім. Ő volt az első tanár, aki oroszt tanított Aksuatban (Szó szerint: Ő volt az első orosz órát adó tanár Akszuatban)

Полковниктің үстінен шағым жазған полицей министрден көмек сұрады.

Az ezredest feljelentő rendőr a miniszter segítségét kérte (Szó szerint: Az ezredesről panaszt író rendőr …)

A tagadó alak képzése

igető +	-ба/бе -па/пе -ма/ме	-ған / ген -қан / кен	жазбаған оқушы оқымаған оқушы айтпаған оқиға келмеген қонақ	a diák, aki nem írt a diák, aki nem tanult /olvasott el nem mondott esemény / eset vendég, aki nem jött el

ештеңе жазбаған оқушы – *a diák, aki semmit se írt*

келмеген турист – *a meg nem jött/ meg nem érkezett turista*

айтпаған мәселе – *a meg nem mondott ügy / dolog*

Көктем жайлы өлең жазбаған ақын кемде-кем. *Kevés olyan költő van, aki ne írt volna verset a tavaszról (Szó szerint: A tavaszról verset nem író költő kevés van)*

Үйге көптен келмеген қонақ келді. *Egy rég nem látott vendég érkezett a házba (Szó szerint: A házba régóta nem jött vendég)*

Иі қанбаған тері, тон болмайды (мәтел). *A nem áztatott (nem kikészített) bőrből nem lesz bunda (közmondás)*

шын– igazság, valódi, igazi
саз – húros hangszer
жоба – projekt, terv

улану – megmérgezi magát
кемде-кем – ritkán, nagyon ritkán, kevés, nagyon kevés
оқиға– esemény, eset

болған жоқ – nem volt

болған– múlt idejű melléknévi igenévi alak

Апельсин болған жоқ − *Nem volt narancs*

Мен кеше досыма бардым, бірақ ол үйде болған жоқ. *–Tegnap elmentem a barátomhoz, de nem volt otthon.*

Мен Түркістанда болған жоқпын. – *Nem voltam Türkesztánban (város).*

Ақшам болған жоқ. – *Nem volt pénzem.*

Mi a különbség a következő tagadó alakok között?

A «болған жоқ» helyett lehet használni a «болмады» igét.

Pl.:Базарда алма болған жоқ=Базарда алма болмады.

Jelentése: Nem volt alma a piacon.

A «болған жоқ» és a «болмады» – ugyanazt jelenti. Csak az első a «жоқ» tagadószóval, a második esetben a (-ма/ме,-па/пе,-ба/бе) tagadó toldalékkal. A kontexusnak megfelelően lehet közülük választani. Csak stílusban különböznek egymástól.

14.15.Gyakorlat

Fordítsa le kazakra az alábbi mondatokat!

Uborkát is, salátát is vettem a piacon.

Nem vettem se karfiolt, se karalábét.

Paradicsom is, retek is let véve a piacon.

Céklát és kaprot is vegyek.

Burgonyát is, padlizsánt is vettem a piacon.

Mert azok olcsók a piacon.

(Қиярды да, салатты да базардан сатып алдым. Түсті қырыққабат та, шалқан да сатып алмадым. Қызанақты да, шалғамды да базардан сатып алдым. Қызылша мен аскөк те сатып алайын. Картопты да, баклажанды да базардан сатып алдым. Өйткені, олар базарда арзан.)

14.16.Gyakorlat

Írja be a kipontozott helyekre a megadott magyar szavak kazak fordítását!

Кеше мен базарға ..... (elmentem).

Онда ет және сүт өнімдері ..... (nem volt).

Себебі, ... (nagyon kicsi) базар екен.

..... (viszont) жеміс пен жидек түрі ..... (sok volt).

..... (de), апельсин, лимон болған жоқ.

Себебі (mert), жергілікті .....(zöldség) ..... (gyümölcs) сататын базар екен.

Мен ..... (egy kis) картоп сәбіз, паприка, қызанақ ..... алдым.

Бірақ, қызылша, усарымсақ ..... (nem vettem meg).

Себебі, ... (azok) базарда болмады.

Түсті ..... (karfiol) пен ..... (karalábét) іздедім (kerestem).

..... (azok sem) базарда болған жоқ.

Оған қоса (ezen kívül) ..... (cukkini) мен балдыркөк ..... (sem) болмады.

..... (Ezért) үлкен базарға кеттім.

14.17.Gyakorlat

A kazak szavakat tegye megfelelő sorrendbe, hogy a magyarul megadott mondatnak megfelelő értelmet kapjon!

інжір/ алдыңыз/ мен бадам/Сіз /сатып/ ба / базардан? *Vettél a piacon fügét és mandulát?*

бадам да/алмадым/ Інжір де / сатып. *Nem vettem se fügét, se mandulát.*

болмады / інжір/ болды / өте қымбат / бадам /Себебі. *Mert füge nem volt, a mandula nagyon drága volt.*

құлпынайды /мен / Базардан / ба?/ алдыңыз. *Vettél a piacon földiepret és pisztáciát?*

да/алмадым / сатып /Құлпынайды. *Nem vettem se földiepret, se pisztáciát.*

қымбат / болмады/ Құлпынай/ болды өте. *Földieper nem volt, a pisztácia nagyon drága volt.*

Базардан/мен/сатып/қарақат/ алдыңыз/таңқурай/ ба? *Vettél a piacon málnát és ribizlit?*

да/сатып /қарақат/Таңқурай/ та/ алмадым. *Nem vettem se málnát, se ribizlit.*

Таңқурай/өте/болмады/ қарақат/ қымбат/ болды. *Málna nem volt, a ribizli nagyon drága volt.*

14.18.Gyakorlat

Fordítsa le magyarra a következő mondatokat és próbáljon meg rájuk válaszolni!

- Отбасында дастарқанды кім жаяды?
- Таңғы асты кім дайындайды?
- Таңертең ас үстелінде нелер болады ?
- Тағамның қандай түрін ұнатасыз? Сізге қандай тағам ұнамайды?
- Сіз тамақ дайындағанды ұнатасыз ба?
- Мен тамақ жасағанды ұнатпаймын.
- Сіздің отбасыңызда әдетте кім тамақ дайындайды?
- Ботқаны немен жейді?
- Қазақтар таңғы асқа не жейді?
- Нанды пышақпен турауға бола ма?
- Мерекелік дастарқанда қандай тағам болады?
- Дастарқан басында кім отыр?

Ki teríti meg az asztalt a családban? Ki készíti el a reggelit? Mik vannak reggel az étkezőasztalon? Te milyen ételeket szeretsz? És milyen ételeket nem szeretsz? Szeretsz főzni? Igen, szeretek főzni. Nálatok a családban ki főz általában? Mivel eszik a zabkását? Mit esznek a kazakok reggelire? Kaphatok egy kis kenyeret? Milyen ételek vannak az ünnepi asztalon? Ki ül az asztalfőre?

14.19. Gyakorlat

Válaszoljon az iskolások számára készült teszt alábbi kérdéseire. A három válaszból egyet válasszon ki.

Сіз күніне қанша рет тамақтанасыз?
1) 3-5 рет
2) 1-2 рет
3) 7-8 рет

Сіз мектепке / жұмысқа барар алдында үйде тамақтанасыз ба?
1) иә, әрқашан (igen, mindig)
2) таңғы ас ішпеймін (nem reggelizem)
3) үнемі уақытым жетпейді (nincs mindig elég időm)

Сіз жаңа піскен көгөністерді жейсіз бе?
1) әрқашан (mindig)
2) иә, көбінесе салаттарда (igen, többnyire salátákban)
3) кейде (néha)

Сіздің үстеліңізде жемістер қаншалықты жиі кездеседі?
1) күн сайын (minden nap)
2) аптасына 2-3 рет (hetente 2-3-szor)
3) сирек (ritkán)
үнемі – mindig
сирек − ritkán
көбінесе – többnyire
жұмысқа барар алдында – munkába menetel előtt
күніне қанша рет ? – naponta hányszor?
жаңа піскен көгөністер – friss(en érett) zöldségek
қаншалықты жиі? – milyen gyakran?

14.20.Gyakorlat

Írjon egy rövid fogalmazást az étkezési szokásairól! Segítségként használhatja a fenti tesztet és az alábbi kérдéseket.

Кешкі асқа не жейсіз?
Сіздің ең сүйікті тағамыңыз қандай?
Сіздің отбасыңызда әдетте кім дастарқан жаяды және ол дастарқан үстіне не қояды?
Таңғы асқа не жейсіздер?
Сусынның қай түрін жақсы көресіз?
Ет тағамдарын ұнатасыз ба? Көгөністі ше?
Жеміс-жидектен дастарқанға не қойылады?

Тақырыпқа қатысты мақал-мәтел. A témával kapcsolatos szólások és közmondások

Доспенен алыс-беріс қылма, асты бірге іш. A barátoddal ne kereskedj/üzletelj, vele egyél.

Базар ақшалыға базар, ақшасызға назар.
A bazár a pénzes számára bazár, akinek nincs pénze annak (csak) szándék.
Нан бар жерде, ән де бар. *Ahol kenyér van, ott dal is van.*
Қазан қайнамай бұлбұл сайрамас. *Amíg nem forr a kazán, addig nem énekel a pacsirta.*
Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетер.
Ha lemegy a kazán teteje, elmegy a kutya szégyenérzete.
Бал, бал дегенмен ауыз дәмді болмас. *A méz-méz mondásától a szájíz nem lesz édes.*
Нан – тамақтың атасы. *A kenyér – az ételek atyja*
Есектің күші – адал, еті – арам. *A szamár ereje megengedett, a húsa tiltott (fel lehet rá ülni, lehet vele terhet szállítani, de a húsát nem szabad megenni)*
Есі жоқтың асы жоқ. *Akinek nincs esze, annak nincs ennivalója.*

адал – megengedett, a saria (az iszlám jog) által megengedett	арам – tisztátalan, az iszlám jog által tiltott семіз – zsíros, hájas, kövér

абай – óvatos, körültekintő, абай бол! – vigyázz magadra!
абысын – sógornő, férfitestvérek feleségei hívják így egymást
автобус – autóbusz; автобус билеті – buszjegy; автобус жүргізуші – buszsofőr
аға – báty, nagybácsi, unokatestvér
ағайын – rokon, rokonság, barátok
ағаш – fa
ағу – folyik
ағылшын – angol
адал – megengedett, a saria (az iszlám jog) által megengedett
адам – férfi
ажырасу – elválik; ол ажырасты – ő elvált
аз – kevés
азамат – állampolgár; сіз қай елдің азаматысыз? – ön milyen állampolgár?
азар – szorongatás, sértés, megbántás
аздап – egy kicsit
Азия – Ázsia
Ай – Hold (égitest); ай – hónap
айлакер – ravasz
айлап-жылдап – hosszú ideig
айтып жіберу – megmond
ақ – fehér
ақау – hiba, defekt
ақпан – február
АҚШ-Америка Құрама штаттары – USA
ақша – pénz
ақыл – ész, értelem; ақыл тоқтату – meggondolja magát, észhez tér
ақын − költő
ал – hanem, pedig, visszakédezésnél jelentése: hát, és
ал ... ше – visszakérdezésnél: hát, és
алаң – tér
алаңдау – nyugtalan, aggódik
аласа – alacsony
алға − előre
алды – előtt, elülső rész; алдында – előtte
алдымен – először
алдын-ала − előre, jókor, idejében, előzetesen
алма – alma
алмас – gyémánt
алпыс – hatvan, алпысыншы – hatvanadik
алты – hat; алтыншы – hatodik
алтын – arany
алу – vesz, kap
алыс – távol; алыс жолға – hosszú utra
аман – kedvező, egészséges, sértetlen, амансыз ба? – üdvözlöm. jól van?
аманшылық – boldogulás, jólét
американдық – amerikai

ана / шеше – anya
анау – az
аң –vadállat
аптап − hőség
ap – ember, becsület, армысың – becsületes vagy? (hagyományos üdvözlés)
apa – köz, hézag, távolság; арасында – közte, között
арақ – vodka
араластыру – keverés, összekeverés
аралау – járkál, kóborol, meglátogat (múzeumot)
аралық − köz, hézag, távolság, köz
арам – tisztátalan, az iszlám jog által tiltott
арасан су – ásványvíz
арғы жақ – szemközti oldal
арзан – olcsó, könnyű; арзан авиакомпания – fapados (olcsó) légitársaság
арқау – mag, tartalom, motívum, támogatás, támaszték, pillér, támasz
арқылы – keresztül, által, valami segítségével,
арман – álom
арнайы – speciális, különleges
арнау – szentel, szán valakinek, valaminek ; -ға/ -ге арнау – valakinek, valaminek szán
арналу – az арнау ige szenvedő alakja;
арт – hátsó rész, hátsó oldal; артында – mögötte, háta mögött, артқа қарай – hátra
арты – vége, hátsó része, utána
артық – felesleges, szükségtelen, több, jobb; артық сөйлеу – felesleges dolgokat beszél; артық сұрау – feleslegesdolgot kérdez, feleslegesen kérdez
ары – arra; ары қарай – tovább
ас – étel, élelem; марқұмның асы – halotti tor
аспан – ég, жұлдызды
аспан – csillagos ég
асты – alsó rész; астында – alatta
астам – több; -дан/-ден, -тан/- тен астам – több, mint valami, valaminél több
ас у – meghalad vmit, elhagy vmit; -тан асады – -ot meghaladja
ас үй – konyha
ат – 1. ló; атқа міну – lovagol, lóra száll; 2. ат / есім – név
ата – nagyapa, apa; ата-әже – nagyszülők
ата-ана; әке-шеше – szülők; ата-аналар жиналысы – szülői értekezlet
аталу – nevez; аталатын – nevezett; аталады – nevezik
ататек – családnév
атқару – teljesít, végrehajt
аттракцион – attrakció (modern szórakoztató sporteszközök)
ау – (segédszó) meglepődést, kételyt, sajnálatot fejez ki
аудан – járás
аудармашы – tolmács
ауыз – száj
аула – udvar
аумақ – nagyság, mérték, lépték, terület
ауру -beteg (főnév és ige is); ауырып қалу – megbetegszik
ауыл – aul/ falu, vidék
ашқарын – éhgyomor

ашу – 1. harag; 2. megsavanyodik (pl. tej)
ашулану – (meg)haragszik
ашулы – mérges, haragos
ашық – nyitva van
ащы – keserű; sós: сорпа тым ащы – a leves nagyon (teljesen) sós
аю – medve
аяз – fagy
аяқ – láb, vég, alsó rész, vminek az alja; аяғында – legvégén
аяқ киім – lábbeli, cipő
аялдама – megálló

әдемі – szép, gyönyörű
әдетте – általában
әже – nagymama
әзірше – egyelőre
әзір – kész
әйел – feleség, nő
әк – mész(kő)
әке – apa; әкесінің аты – apai név (szó szerint: apai neve)
әкелу – hoz
әл – fizikai erő; әлсіз – gyenge
әлде – vagy (kötőszó)
әлдеқайда – sokkal, jelentősen; әлдеқайда жақсы – sokkal jobb
әлей – lelkesedés, elragadtatás
әлі – még
ән – ének, dallam, melódia; ән айту – énekel
әні/ әне, әнеки – íme az, az ott
әндету − énekel
әнші – énekes
әңгімелесу – beszélget(nek)
әпеке / әпке – nővér
әр – minden; әр таң сайын – minden reggel
әртүрлі – különböző, nem egyforma
әрі – és, méghozzá
әрең – alig, nagy nehezen
әрине − természetesen
әріптес – kolléga
әуежай – repülőtér
әуесқой – amatőr
әшекей – díszítés, minta; әшекейлеу – díszít, feldíszít

ба/бе, па/пе, ма/ме – az eldöntendő kérdés kérdőszócskája; ол дәрігер ме? – ő orvos?
баға − ár
бағбан – kertész
бағдарлама – program
бағыт − irány
бажа – sógor, lánytestvérek/nővérek hívják így egymás férjét
базар – piac; базардағы – a piacon lévő, a piaci

бай – gazdag
байланыс – kommunikáció, kapcsolat, kontaktus
байланысты, -ға/-ге байланысты – valamivel kapcsolatos
бақалшы – fűszeres,boltos
бақ – szerencse; бағыма қарай – szerencsémre
бақыт – boldogság; бақытты – boldog
бақытсыз – boldogtalan, balszerencsés; бақытсыздық – boldogtalanság
бал – méz
бала – gyermek
балабақша – óvoda; балабақша тәрбиешісі – óvónő
балбауырсақ – cukrászsütemény, teasütemény
балғын – friss, lédús, gyenge, nagyon fiatal
балмұздақ – fagylalt
балық – hal; балық сорпасы – halászlé, halleves; балық аулау – horgászik
банкомат – ATM (bankautomata)
барлық – minden, összes
бару – megy
бас – fej, főnök, felső rész, csúcs, kezdet; басында – elején
басбармақ – nagyujj
басқа – másik
басталу – kezdődik
бастау – kezdődik; elkezd
бастауыш мектеп – általános iskola
басшы – főnök, vezető
басып шығару – kinyomtat
бата – áldás
батыр – hős
батыс – nyugat
бауыр – testvér
бауырсақ – bauirszak, vajban sütött kenyér
баяу – lassú
баяндама – előadás; баяндама жасау – előadást tart
бәз баяғы – korábbi, régebbi
бәйтерек – nyárfa, (átvitt értelemben) támasz, védelmező
бәліш – nagy kerek pirog
бәрі – minden
безер – mintázat, makacs, utálat
бейбітшілік – béke
бейне – arculat, ábrázat, kép
бейсенбі – csütörtök
бейуақ – nyugtalan
белгіленген ретпен отырады – meghatározott rendben ülnek
бен/пен/мен – és (kötőszó)
беру – ad
бері – erre
бес – öt; бесінші – ötödik
бешбармақ / бесбармақ – kazak nemzeti étel (szó szerint öt ujj, mivel hagyományosan kézzel eszik)

би – tánc, би билеу – táncol
бизнес саласы – üzleti szféra, terület
биік – magas; биіктік – magasság
биші – táncos
біз – mi
білімпаз – tudást kedvelő, intelligens
білу – tud
бір – egy; бірінші – első
бір демде – egy pillanatban / egy pillanat alatt
біраз – elég, egy kevés, egy kicsi
бірақ – de, azonban, ellenben
бірдеңе – valami, бірдеңе істеу – csinál valamit
бірнеше – néhány
бойдақ – nőtlen, egyedülálló
бос – üres, szabad; бос шығар – valószínű szabad
бөктер – hegyoldal, lejtő
бөле – unokatestvérek, akik nővérek gyermekei
бөлік – rész, valaminek része, бөлігінде – részén
бөлім – részleg, rész, osztály (nem iskolai); бөлім бастығы – osztályvezető
бөлме – szoba
бүгін – ma, бүгін таңертең – ma reggel
бүкір – görbe
бүтіндік –egész, valami érintetlen állapota, egység, egyetértés
бұғаз – szoros
бұйымтай – ügy, dolog, kérés
бұйыру – parancsol, бұйырыңыз! – parancsoljon!
бұл – ez
бұлақ – forrás; бұлақ суы – forrásvíz
бұлт – felhő
бұрқасын – hóvihar, бұрқасынды – hóviharos
бұршақ – (sárga) borsó
бұрыс – helytelen
бұрын – előbb, koabban; бұрынғы – korábbi, egykori
бұрыш – 1. sarok; 2. szög; 3. bors
бюро – iroda, büro

велосипед / шайтанарба – kerékpár, bicikli; велосипед тебу – biciklizik
венгр – magyar (oroszból kölcsönzött szó)
виза – vízum
визит картасы – névjegykártya

газет – újság
гарнир – köret, garnírung
гастрономия – gasztronómia
гүл – virág
гуляш – gulyás

ғалым – tudós

ғана – csak
ғимарат – épület
ғой – hát, nos, hiszen (segédszó-befejezettség, helyeslés értelmet ad a kijelentésnek)

дайын – kész; дайын ақша – készpénz
да/де/ та/те – is, szintén; мен де … – én is …
дайындау – készít; түскі ас дайындау – ebédet készít
дала – sztyeppe
дана – darab
даңғыл – kitaposott, sima, járt ((út), sugárút (neologizmus)
дастарқан – abrosz, étkezőasztal, дастарқанға жиналып – az étkezőasztalhoz gyűlve
дауласу − vitatkozás, perben állás
дауыл – vihar, orkán
дауыс – hang
дәліз – folyosó
дәм – íz, дәм тату – megkóstol
дәмді – finom; дәмді пісіру – finomat főz
дәмхана – büfé
дән – gabonamag
дәптер – füzet
дәретхана – vécé
дәрі – gyógyszer
дәрігер – orvos
дәстүр – szokás, hagyomány
